Жас ұрпақты жан–жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелеу.

Кез келген әлеуметтік ақпараттық қарым –қатынастың, сондай ақ оқу үдерісінің қатысушылар арасындағы өзара қарым қатынастың тиімділігінің дәлелі ретінде кері байланыстың алар маңызы өте зор. Өйткені мұғалім де оқушы да сабақ барысында екі жақты өзара іс әрекеттің ұйымдастыру нәтижесінде дер кезінде кері байланыс алуға мұқтаж.

Бұл тақырып қазіргі кезде өте өзекті тақырыптардың бірі болып келеді.Біздің ойымызша кері байланыс – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі болып табылады.

Кері байланыс әрекетін ұйымдастыруда көзделетін басты мақсат: Оқушының саналы ішкі рефлексиясын даярлау, сол арқылы қазіргі кездегі маңызды болып саналатын бәсекеге қабілетті болу, ұщқырлық, жауаптылық сияқты қабілеттерін дамыту. Әрбір адамның өзіндік жақсаруына қол жеткізудің ең негізгі құралы- ол, кері байланыс. Әрине, кері байланыстың саны емес, сапасы маңызды. Мұғалім берген түсініктемелердің көбін оқушылар бағаламайды және назарына алмайды. Ойлау деңгейі дамыған оқушылар кері байланысты құптайды және оны өздерінің оқу үлгерімін

жақсарту үшін қолданады. Жазбашаға қарағанда, ауызша кері байланыс анағұрлым тиімдірек. Ең тиімді кері байланыс оқушыдан мұғалімге беріледі.

Кері байланыстын ережесі:

Ол нақты бір мақсатқа жетелейтін әрекет түрі деп қарастыруға әбден болады,қысқаша айтқанда талас тудыратын сұрақтар мен мәселелер төңірегінде түсінік алу және түсінік беру тәсілі болып табылады.

Кері байланысты тиімді ұйымдастыру сапалы оқытудың негізі болып табылады.

Сабақтың барысындағы оқушыға түсінік қалыптастырудың бірден бір құралы, оқу міндеттері мен мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік бере алады және мұғалімді оқушының жеткен нәтижелері мен кемшін тұстарыжөнінде хабардар етеді.

Кері байланыс формалары мен әдістерінің көптеп кездеседі: мысалы ауызша талдау, талқылау; жазбаша сауалнамалар алу, графикалық суреттер, смайликтер, оқушының бойында, ішкі дүниесінде болып жатқан өзгерістерді рөлдік ойындар арқылы сезінуі (жаңа білім алу, өзін-өзі тануы, көңіл-күй, белсенділік немесе селқостық таныту деңгейін анықтау үшін түрлі тренингтер ұйымдастырылады. Жалпы айтқанда кері байланыстың түрі мен формасын дұрыс таңдау мұғалімнің өз құзырында.

Кері байланыс техникаларына тоқталар болсақ:

- ✓ Бақылау;
- ✓ Сұрақ-жауап/ блиц сұрақ/
- ✓ Кері байланыс күнделігі;
- ✓ Бір минут эссе;

Аталған техникалардың ішіндегі өзіміз көп қолданатын, тиімді деп санайтын «Кері байланыс күнделігі» болып табылады. Бұл техника оқушыларға да, мұғалімге де тиімді.

Тағы бір тиімді техника түрі балалар өз қолдарының саусақтарын қағазға түсіріп, әр саусақтың- өзінің орны /позициясы/ бар, солар бойынша өз ойларын айтады:

- ➢ Бас бармақ –мен үшін сабақ (маңызды болды, себебі....)
- ➢ Сұқ саусақ- маған қиындау болды.....
- ➢ Ортаншы саусақ- мен жеткілікті түсінбедім...
- ➢ Төртінші саусақ –менің көңіл күйім.....
- ➢ Бесінші саусақ – менің ұсынысым....

Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Кері байланыстың тұрлерін сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. **Сабақтың кезеңдерінде қолданатын кері байланыстың үш түрі бар:**

1. **Көңіл –күймен эмоциялық жағдаятты анықтауға анықтауға арналған кері байланыс.**

Көңіл – күйді білдіретін смайликтер, суреттер, бояулар түстері арқылы анықтауға болады. Сабақтарымызда пайдаланған әдіс-тәсілдер: «Ауа райы», «Бағдаршам», «Алма ағашы», «Бас. Жүрек. Қол» рефлексиясы.

2. **Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс.**

Мысалы: «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі.

1-ші баспалдағы Мен.....білемін,

2-шібаспалдағы Мен .....түсінемін,

3-шібаспалдағы Мен ..... жасай аламын.

3. **Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс**.

Мысалы: «Қосу, Алу, Қызықты». «Қосу»- оң әсер еткен фактілерді, алған білімдері жайлы жазады. «Алу»-қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады. «Қызықты» - деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады.

Жоғарыда келтірілген кері байланыс түрлері жеке оқушының жұмысына бағытталған екені белгілі. Сонымен қатар, осы зерттеуіміз барысында мұғалімдер үшін қаншалықты тиімді?- деген сұрақ төңірегінде мектеп мұғалімдерімен сауалнама жүргіздік.

Сауалнама барысында төмендегідей сұрақтар қарастырылды:
1. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсарады ма?
2. Оқушы өзінің мықты, осал тұсын анықтай алады ма?
3.Оқушының оқуға қызығушылығын арттырады ма?
4.Мұғалім мен оқушы кері байланысына қарай өз жұмыстарын ұйымдастыруға алады ма?
5. Кері байланыс арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады ма?

Кері байланыс қаншалықты тиімді?



Кері байланыстың тиімділігін зерттеу барысында, тиімділігі тек оқушыға ғана емес мұғалімге де тиімді екенін аңғардық.

Кері байланыс орнату тиімді: оқушылар үшін және мұғалім үшін

Кері байланыстың оқушылар үшін тиімді жағы	Кері байланыстың мұғалімдер үшін тиімді жағы
• оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды; • оқушының қажеттілігін біле аламыз; • оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады; • білім беру барысының сапасын жақсартуға болады; • оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады	• оқытудағы кемшін тұстарын анықтайды; • келесі сабақтың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге яғни оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді; • уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндіктер береді

Қорыта айтқанда, кері байланыс –нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші. Бұның нәтижесін яғни, оқушылардың сабақтағы жеткен жетістіктері арқылы көре аламыз. Рефлексия арқылы оқушының сабақты қай деңгейде меңгергенін, қажеттілігін біліп, оларды ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеуге болады. Кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады деп айта аламыз.

Әдебиеттер:
1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. III басылым-2012 жыл
2. «Оқыту нәтижелерін бағалау әдістемесі» - Зулкашева Ш.М. Орал 2013
3.«Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8-9 2015 жыл

Абдрахманова Н.В.
ОШ №25, г. Караганда

ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ШКОЛЬНИКОВ СРЕДСТВАМИ ИСКУССТВА

Что мы вкладываем в понятие «эстетическое воспитание», какую роль оно оказывает на личность ребенка? Стоит ли учителям уделять особое внимание развитию эстетических взглядов у подрастающего поколения? Думаю, что именно школа может помочь сформировать эстетические взгляды у детей. А из всех школьных предметов именно «музыка» оказывает особое воздействие на развитие учащихся. Деятельность учителя музыки в школе оказывает глубокое влияние на воспитание детей при помощи музыки, которая, в свою очередь, является одним из способов

раскрытия в ребёнке творческого потенциала. Преподаватель именно этого предмета может и должен приобщать учеников ещё с младшего возраста к сфере прекрасного, чувствовать, познавать огромный и интереснейший мир музыки, формировать у них основы музыкальной культуры. Эстетическое воспитание, наряду с нравственным и духовным, является важной частью формирования личности. Музыка для ребёнка - это особый мир, полный радостных переживаний, ярких открытий, вызывающих неподдельный эмоциональный отклик, взволнованность.

Моя музыкально-педагогическая деятельность в школе определяется целью научить ребёнка петь хорошо, чётко, внятно, с любовью, с настроением и большой самоотдачей, т.е. наиболее ярко и душевно выразить себя в песне. Для повышения интереса учеников младшего звена я использую для аккомпанемента шумовые инструменты: бубны, маракасы, ксилофоны, бубенцы, трещётки, треугольники. Таким образом, на уроке мы с детьми создаём собственный музыкальный оркестр. Здесь реализуются сразу несколько задач: умение слушать друг друга, запоминать названия инструментов, способность различать их звучание, выработка чувства ритма у детей, предоставление возможности почувствовать себя настоящим артистом. В дальнейшем это поможет ребёнку точно передавать мелодию, ритмический рисунок, одновременно начинать и заканчивать игру, а также выработает навык самостоятельности. Обычно я делю ребят одного класса на две группы: одна играет на музыкальных инструментах, другая исполняет песни под их звучание. Дети в восторге! Исполнение песен и игра на музыкальных инструментах вызывает у ребят положительное отношение ко всему прекрасному, доброму, являясь, в дополнение ко всему, наилучшим способом восприятия и усвоения информации. Репертуар очень разнообразен, к тому же я стараюсь брать песни, содержание которых отражает круг интересов школьника. Композиции, по содержанию доходчивые и понятные ученику, вызывают у него живой и трепетный интерес, яркий, душевный эмоциональный отклик и огромное желание выражать в процессе исполнения песни свои искренние чувства и настроения. Впечатление от прослушанной музыки, сыгранного произведения, которое получает каждый из нас, - это сила, которая устанавливает погоду в его духовном мире, и потому важно, чтобы оно обязательно было добрым и возвышающим. Эстетическое воспитание ребёнка является полноценным в том случае, когда он имеет возможность познавать новое через разные дверцы своих эмоций: радости, сопереживания, гордости. Духовный мир ребёнка никак не может пустовать, более того, у каждого он неповторим и точно заполнится , в него обязательно вселятся завораживающие образы, возникнут переживания, появятся новые впечатления, мысли, идеи, возникнут идеалы, убеждения, стоит лишь немного этому посодействовать.

Ещё один пример из моей трудовой деятельности - проведение интегрированного уроки на тему «Семь весёлых дружных нот». Свои занятия я всегда начинаю с музыкальной распевки - приветствия на трёх языках: казахском, русском и английском. При этом использую современный метод - внедрение трёхъязычия в учебный процесс, а также положительный настрой в самом начале урока. Дети здороваются, обмениваются друг с другом некоторыми вопросами, принятыми задавать при встрече, желают хорошего настроения одноклассникам на трёх языках. Интеграция связана с несколькими предметами: математикой, литературой и самопознанием. Главной гостьей на уроке у нас была цифра «Семь». Ребята дружно обсуждали ситуации, в которых нам встречается «семёрка». Семь нот, семь цветов радуги, семь чудес света, семь дней в неделе. К тому же ребята заметили, что в художественной литературе есть немало произведений, в которых фигурирует цифра «Семь». Это рассказ «Цветик - семицветик», автор В.П.Катаев, народная сказка «Волк и семеро козлят», «Белоснежка и семь гномов» Братьев Гримм, «Сказка о мёртвой царевне и семи богатырях» А.С.Пушкина. А ещё дети вспомнили, что существуют семиструнные инструменты, например, «жетыген». На уроке ученики узнали легенду об этом инструменте, услышали его звучание. А самое главное, «семь» живёт в замечательном слове, значение которого несёт в себе огромный смысл - это «Семья». Ребята активно обсуждали, какой должна быть семья: дружной, сплочённой, доброй. Те же самые качества должны быть присущи коллективу класса, потому что для школьников это тоже одна большая семья, где присутствуют взаимопонимание, сострадание, взаимопомощь, умение радоваться за других.

Духовный мир ребёнка подобен храму, забрасывать святое - равносильно педагогическому преступлению. Своим исключительным долгом я считаю помочь детям, научить их, наполнить своё уникальное эстетическое и духовное царство великолепными образами человеческого искусства, посеять там зёрна возвышенных идей, из которых в дальнейшем вырастут высокие убеждения, богатое мировоззрение, моральные устои. Эстетическое воспитание ребёнка может быть героическим, волевым, полным оптимизма и, конечно же, романтики. Здесь ребёнок впервые может осознать себя как личность, примерить на себя различные образы различных персонажей, от простого рабочего до отважного героя. Перевоплощаясь в них, представляя с их помощью свою будущую жизнь, ребёнок будет взрослеть и обретать уникальные личностные характеристики. С правильным подходом ребёнок в своём духовном мире непременно взрослеет и совершенствуется. Он должен стать настоящим Человеком, Человеком с большой буквы, хорошо проявить себя в обществе. Детям нужны уроки человечности, на которых они постигнут важность и прелесть добрых отношений, человеческой взаимности, определят свою моральную позицию, определят для себя духовно-нравственные принципы. Поэтому уроки музыки помогают воспитывать в ребёнке такие качества, как отзывчивость, чуткость, стремление прийти на помощь, вежливость, умение быть тактичными в общении с людьми. Познакомив детей с музыкальными произведениями, инструментальными пьесами, песнями, мы можем помочь осознать такие понятия: Родина, доброта, патриотизм, интернационализм, труд, дружба, борьба со злом. Музыка, будучи видом искусства, имеет очень много воспитательных возможностей, ведь она является неотъемлемой частью жизни каждого из нас. Благодаря волшебному языку музыки, окружающий мир становится близким и понятным. Через её образы и произведения дети знакомятся с окружающей действительностью. Являясь частью эстетического воспитания, она способствует физическому совершенствованию, умственному развитию, расширению кругозора, развитию интереса и умению творчески мыслить не только в музыкальной, но и в других сферах.

Я считаю, что одним из главных требований к предмету «Музыка» является приобщение детей к музыке своего народа. Воспитание уважения и любви к народному искусству, приобщение к почитанию национальных традиций, обычаев целесообразно начинать с раннего детства. Если частичка чего-то родного найдёт отклик в детских душах, если они научатся воспринимать её как важнейшую часть своей жизни, то можно быть уверенным в том, что они вырастут истинными патриотами, заинтересованными в процветании своего народа, своей Родины.

Главная цель моих уроков – воспитать средствами музыки духовно богатую, музыкально развитую, творчески активную личность, любящую и воспринимающую музыку в качестве отражения жизни, традиций и обычаев казахского народа, при этом уважающей музыкальное искусство других наций. На своих уроках я стараюсь использовать музыкальный материал казахских композиторов, благодаря этому дети знакомятся не только с музыкой, но и с традициями, узорами и орнаментом, танцевальными движениями казахского народа. Также огромное внимание с самых первых занятий я уделяю разучиванию Гимна, как самой главной и величественной песни нашего государства. Лев Николаевич Толстой писал: «Воспитание есть воздействие на сердце тех, кого мы

воспитываем. Воздействовать же на сердце можно только…заразительностью примера». Дети младшего школьного возраста склонны к подражанию. Они впитывают всё то, что их окружает, подражают своим преподавателям, людям, вызывающим их расположение и восхищение. Эту особенность должен использовать каждый неравнодушный учитель. Мы должны своим положительным примером воспитывать у детей желаемые качества личности.

Литература:

1. Ш.А. Амонашвили «Как живёте, дети?», издательство «Просвещение» город Москва, 1986 год
2. Л.Р. Болотина, Д.Е. Латышева «Методика внеклассной воспитательной работы в начальных классах» , издательство «Просвещение», город Москва, 1978 год
3. И.П. Волков «Приобщение школьников к творчеству», издательство «Просвещение», город Москва, 1982 год

Абдыкалыкова З.А.
Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернат

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ФИЗИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

Қазіргі таңда физика пәнін оқытудағы басты мақсат – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде тиімді пайдалана білуін қамтамассыз ету болатын болса, бұл мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Осы орайда оқушылардың білім-түсініктерін жетілдіруге немесе жақсартуға, оқу процесін мейілінше жеке оқушыға бағыттауда, оқушылардың ынтасын, өзбетінше жұмыс жасауын дамытуа қалыптастырушы бағалауды (формативті бағалау) енгізудің маңызы зор. Қалыптастырушы бағалаудың басты міндеті оқу процесінде алынған аралық нәтижелерге сәйкес мұғалім мен оқушы іс-әрекетіне өзгерістер енгізу болса, негізгі компонентері:1.Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамассыз ету. 2.Өз оқуына оқушылардың белсенді қатысуы. 3.Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды түрлендіру. 4. Бағалаудың оқушылардың оқуға деген ынтасы мен өзін өзі бағалауына терең ықпал ететіндігін мойындау. 5.Оқушылардың өз оқуын жетілдіру үшін өздерін өздері бағалай алу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. [1]

Оқыту мақсаты сабақ процесін, оның әдіс-тәсілдерін, бағалау түрлерін анықтайтын болғандықтан, оқыту мақсатын дұрыс қоя білу- бағалаудың негізі болып табылады.

Оқушы тұрғысынан оқытудың мақсаты деген не, оны қалай қою керек және оны оқушыға айту қажет пе, қажет емес пе?- деген мәселелер мұғалімдерді әсіресе жас мамандарды ойландырады. Ғылыми-әдістемелік құралдарға сүйене отырып, мақсатты айқындау оқуты мен тәрбиелеудегі басты және маңызды кезең деген қорытындыға келеміз. Себебі оқытудың мақсаты-алдын ала жоспарланған, сабақтың соңында оқушы жетуге тиісті нәтиже болумен қатар, ол сол нәтижеге жетуге шақырады. Сабақтың мақсатын қоюда SMART талдаудың тиімділігі анықталды. *Сабақтың мақсаты:*

- Specific– *нақты,* яғни неге қол жеткізу керектігі анық көрініп тұруы тиіс;
- Measurable-*өлшенетін,* яғни мақсатқа жеттік деп дәл айталатындай, және *бағаланатындай*;
- Achievable *–қолжетімді, оқушылардың барлығы орындай алатын,* оқыту жағдайына және оқушылардың мүмкіндігіне сәйкес орындалатын;
- Realistic – *шынайы, іс-әрекетке бағытталған,* яғни қандай іс-әрекет нәтижеге жеткізеді;
- Time-bound–*орындалу мерзімі анықталған, белгіленген*.

Төмендегі мысалдарды пайдалана отырып, осы талдау бойынша мақсат қоюдың ерекшеліктерін байқайық. *1-ші мысал*. Сабақтың мақсаты: Зат тығыздығының мағынасын білу және оны есептей, анықтай алу. *2-ші мысал*. Сабақтың мақсаты: Оқушылардың білім деңгейін көтеру. Мына сұрақтарды пайдалана отырып талдап көрелік: *1.Мақсат айқын ба? 2.Оқушылардың көпшілігі орындай ала ма? 3.Оны бағалауға бола ма?4.Іс-әрекетке бағытталған ба?5.Орындау уақытын айқындауға бола ма?*

Егер барлық сұрақтарға оң жауап алсақ, онда мақсат нақты, өлшенетін, орындалатын және оқушыға бағытталған болғаны. Өз жұмысымда сабақ мақсатын жоспарлағанда- оқу мақсатының барлық категорияларын қамтуға (білу, түсіну, қолдану, сұрыптау, бағалау, шығармашылық), мақсат оқушыларға олар жетуге тиісті нәтиже болып берілуін, оқушыларға жазып көрсетілуін, айтылған соң оқушылар оны түсінді ме, қабылдады ма тексерілу қадағаланады. Мысалы, мақсат айтылған соң, сұрақ қою арқылы оқушылар оны қаншалықты түсінгендігі тексеріледі. Оқушы оны өзінің жеке мақсаты ретінде айтса да болады, мысалы:

- *Сабақтың соңында мен тығыздықтың не екенін және оны қалай есептеуді, анықтауды білетін боламын.*

Сабақтың мақсатын түсіну және оны айта білу оқушының оқу процесіне белсене араласқындығын көрсетеді, ал ол П.Блек және Д.Уильям «Қара жәшік ішіндегі жұмыс» ретінде белгілі болған формативті бағалаудың компоненті болып табылады. [1] Сабақтың мақсаты- қызықты, оқушыларды шабыттандыратын, барлық оқушыға түсінікті болуына назар аударылады және сабақты жоспарлағанда мақсатқа жеткеніңді анықтайтын индикаторлар әзірленеді. Сабақтың соңында мақсатқа қайта айналып келіп, оқушылардың көмегімен оның орындалу деңгейі анықталады. [2]

Сабақты жоспарлау барысында әр оқушының табысқа жету алгоритімі жасалады. Ол оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетінің барлық кезеңдерін көрсетеді. Әр кезеңді жоспарлаған кезде сол кезеңнің материалының меңгерілу дәрежесін анықтау мақсатында, формативті бағалаудың техникаларын қолдану жоспарланады.

Техника	Техниканы пайдалану әрекеті
Бақылау: Формальды бақылау Формальды емес бақылау	Формальды бақылау-баға қою арқылы бағалау әдісі ретінде: •ауызша жауапты, ауызша презентацияны; •рольдік тапсырмаларды орындау; •жұптық, топтық жұмысты бағалауда қолданылады. Формальды емес бақылау-оқушы ағымдық оқытушы тапсырмаларын сыныпта немесе сыныптан тыс жерде орындау барысында қолданылады. Бақылау арқылы жеке журналға тапсырманы орындау барысында оқушының оң немесе теріс жетістіктері жазылып отырылады, сол арқылы оның даму деңгейін көре аламыз.
Мини-тест	Мини-тест (аз мөлшердегі тапсырмалар) белгілі бір материал бойынша оқушының нақты білімін, біліктілігін және дағдысын бағалауға мүмкіндік береді.Оны орындауға 5-6 минут уақыт беріледі. Оқушылар жауаптарын стикерге жазып мұғалімге тапсырады. Мұғалім тексерген соң қиындық туғызған, немесе барлық оқушы білмеген сұрақ бойынша жұмыс жасайды. Өз тәжірибемде мен көп жағдайда «өзара тексеру» әдісін жиі қолданамын, яғни оқушылар жауап парақтарымен ауысады, әр оқушы көршісінің жауабын тексереді. Сосын әркім өзінің немесе бірдей сұрақтан қателескендер өз қателерін талдайды. Мини-тест әр түрлі формада болуы мүмкін. Мысалы ашық немесе жабық тест, сәйкестік тест немесе «ия», «жоқ» деген жауаптардан құралуы мүмкін.Мысалы, егер тұжырыммен келіссең «иә», келіспесең «жоқ» деп жаз. *1. Қатты денелер қысымды әрекет күшінің бағытында түсіреді.* *2. Сұйықтар мен газдар да қысымды бір бағытта түсіреді.* *3. Масса 30 г=0.03 кг.* *4. Дененің салмағы мына формуламен анықталады P=mg.* *5. Қысымның формуласы* $P = \frac{F}{S}$ *6. Сұйықтың қысымы оның массасына байланысты.* *7. Гидравликалық машиналар жұмыстан ұтыс береді.* *8. Автомобиль мен адам бірдей қысым түсіреді.*
Элективті тест	«А,Б,С,D,Е» әріптер жазылған карточкалар беріледі. Сұрақ оқылған соң, 20 секундтан кейін, оқушылар бір мезгілде дұрыс жауапты көтеруі тиіс. Әр түрлі жауаптар берілсе, ол оқушылармен талданылады. Кей тапсырманы бір оқушы тақтаға орындап көрсетуіне болады. Оқушылардың жауаптары бойынша сол материалдың меңгерілу деңгейі және ары қарайғы жұмыс жоспары анықталады.

Формативті тест	Оқушылар 4-5-тен топқа бөлінеді. Әр оқушы тест тапсырмасы жазылған парақты алады, тапсырмаларын оқиды. Оқушыларға тест сұрақтарын топта талдауға уақыт беріледі. Сосын әр оқушы жеке отырып, өзбетінше жауап парағын толтырады. Әр баланың ұпайы жеке есептеледі. Оқушыларға олардың жауабы топ мүшелерінің жауабымен сәйкес болуы міндетті емес екендігі ескертіледі, яғни топ мүшелеріне «бірдей шешімге келу» міндетті емес, әркім өзі дұрыс деген жауабын белгілеуіне болады.
Формативті сұрау	Формативті сұрау әдісі белгілі бір материалды өткен соң немесе зертханалық немесе практикалық жұмысты орындау алдында немесе соңында қолданылады. Мұғалім оқушыларға: Неліктен? Қалай? Не үшін? Мысалы... деген сұрақтар қояды. Мысалы: Тақырып: Сұйықтардағы электр тогы. 1. Қандай сұйықтар электр тогын өткізеді? Неге? 2. Электролиз деген не? Ол процесс қалай жүреді? 3. Электролиз қандай мақсаттарда қолданылады? Мысалы...
Бағдаршам	Әр оқушыға бағдаршамның үш түсті карточкасы беріледі. «Бағдаршам әдісін» ауызша сұрау әдісі ретінде екі түрлі қолдануға болады. 1.Барлық оқушы білуге тиісті негізіг материал бойынша сұрақтар. Мысалы: анықтамалар, формулалар, өлшем бірліктер, приборлар т.б. Мұнда жасыл түс «Мен білемін», қызыл түс «Мен білмеймін», сары түс «Сенімді емеспін» дегенді білдіреді. Әр сабақта негізігі сұрақтарды білу тексеріліп отырылады, әр кез қызыл түсті белгі азайып отыруы тиіс. 2.Типтік есептерді шығара білу. Мұнда қызыл түс «Мен шығары аламын», жасыл түс «Мен мүлдем шығара алмаймын», сары түс «Мен сенімсізбін» дегенді білдіреді. Типтік есептерді шығару барысында алдымен тақтаға жасыл түсті белгі көрсеткен бала шығады. Сосын соған ұқсас тапсырма беріледі де тақтаға сары түсті белгі көрсеткен бала шығады. Бірнеше есеп шығарылған соң сыныпта қызыл немесе сары түсті белгі көрсеткен оқушылар болса, олармен жеке жұмыс жүргізіледі.

Формативті бағалау- оқушы мен мұғалім арасында үнемі жүретін кері байланыс және оқыту процесін жақсарту мақсатында іс-әрекетке өзгерістер, түзетулер енгізу болғандықтан өз жұмысымда кері байланыстың оқушының жұмысын жақсарту үшін нақты кеңестер беру, жұмысын жақсартуға уақыт беру, «кері байланыс дәптері» әдістерін қолданамын. Қалыптастырушы бағалауды қолданудың оң нәтижесі оқушылардың әр түрлі деңгейдегі олимпиадаларда, ғылыми-жобалар сайыстарында,ҰБТ-де көрсеткен жоғары нәтижелерінен көрініп келеді. Формативті бағалау- оқушыларды жүйелі түрде оқуға ынталдырады және сын тұрғысынан ойлауға, өз оқуына жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Бакиров К.А, Намысова Г.А, Аушева И.У, Шаримова А.Г т.б 3 басылым. Астана НЗМ ДББҰ Пед.шеберлік орталығының баспасы, 2014

2. Шакирова Р.Х, Қыдыралиева М.Ф, Сахарова Г.Н формативное оценивание на уроках математики. Б:Билим 2012

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы. Оқу бағдарламасы.Тоқбергенова У.Қ,Қазақбаева Д.М, Кронгарт Б.А. Физика 2009ж.

4. Амонашвили Ш.А. Обучение.Оценка.Отметка. М:1980

Абеужанова А.Б.
Ш.Батталова атындағы ЖОББМ базасындағы ТМ (РО)

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ

«М.Әуезовтың «Халық пен халықты ел мен елді теңестірген білім» деп айтқан сөзі адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы болып табылады. XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалақты көтермейді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейде шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

География сабағын тереңдетіп оқытудың тиімділігі оқушыларға білім берумен қатар олардың алған білімін есінде сақтау,ойлау қабілетін, тіл байлығын, ой-өрістерін кеңейтіп,зеректік,іскерлік және зияттық қабілеттерін арттырады. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, өз бетімен жұмыс жүргізе білуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту мақсатында сабақты жан-жақты деректермен толықтырып , түрлендіріп жүргізуге болады.

Қазір жаһандану әлемі,технология әлемі.Қазіргі таңдағы еліміздің өзгерістер дамудың жаңа стратегиялық бағыттары жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. XXI ғасыр – сандық технологиялар заманы. Ақпараттық технологиялар қарыштап, озық инновацияның дәуірі келді.География сабағында 10 сыныпта өткен «Солтүстік Еуропа елдері» тақырыбы бойынша теориядан практикаға ауыса отырып сабақтың сапасын жақсарту мақсатында өткен сабақ туралы деректерді ұсынамын.

1. Google Maps сайтын пайдаланып оқушылырдың картографиялық құзыреттерін қалыптастыру,экономикалық-географиялық салыстырмалы сипаттама жасауға Әлемдік Трансұлттық компаниялар тізбектерін оналасқан елдер мен сол мемлекеттердің қалаларын көруге және саяхат жасауға мүмкіншіліктері болады. IT технологияны Google Maps сайтын пайдаланып оқушылар «Солтүстік Еуропа» елдерін астаналарын Стокгольм қаласын көріп ол қалада Теле2 байланыс жүйесінің штаб пәтері орналасқандығы туралы айтты. . Сайтты пайдалану нәтижесінде Норвегия мемлекетінің шекарасын Google Maps арқылы белгілеп берді.Келесі оқушы Гетеборг қаласына саяхат жасау мүмкіншілігін алып «Volvo» концерні орналасқандығын айтты.Келесі оқушы сабақ барысында Дания елінің Торвальдсен музейін аралауға мүмкіншілік алып «Венера» мен «Меркурий» және т.б. скульптураларын көрді. Классицизм мен скульптура туралы қосымша білім алып, оқушыны скульптур Торвальдсен туралы деректерді келесі сабақта оқып келді. Google Maps сайтының тағы бір құндылығы сабақ барысында Тронхейм қаласынан Эстерсунд қаласына көлікпен бару мүмкіншілігін алды. Бірақ ғаламтор желісін пайдалану нәтижесінде оқушы көлікті озі таңдайды.Практикалық тапсырмаларды орындау барысында келесі оқушы Осло қаласы мен Стокгольм қаласының арақашықтығын ғаламтор арқылы өлшеу мүмкіндігін алып 414 км екендігін анықтады.Сабақты түрлендіру мақсатында дат ертегісін жазушы Ханс Кристиан Андерсен ертегісі «Руса́лочка» көрді.

2. Seterra com сайтын пайдалану нәтижесінде картографиялық кескін картамен онлайн картамен жұмыс жасау мүмкіншілігі нәтижесінде «Солтүстік Еуропа» елдерін астаналарымен бірге көрсете білді.Сабақта оқушылардың қызығушылығы салдарынан келесі сабақта . Ең алғашқы символ «@» в Швецияда «піл тұмсығы» («хобот» или «слон») шыққандығын жазып келді.Әлемге Швеция не сыйлады? деп сұрақ қоя отырып мысалы: Тоңазытқыш , компьютерлік тышқан , «шведтік стол» біздің өмірімізде жиі кездесетін үрдіс болғандығын айтты.

3. «Солтүстік Еуропа» елдері энциклопедиясы жазылды, онда көптеген қызықты деректер келтірілді.

Әлемге әйгілі шведтік квартет ABBA , Глобен-Арена немесе Глобус — спорттық арена Стокгольм қаласында. Әлемдегі ең ірі сфералық құрылыс туралы тың деректерге тола құнды туынды шықты. Оқушылыр ең соңында «Солтүстік Еуропа» елдері жайында видеоролик дайындап әкелді. Сабақ барысында ZipGrade пен Quizlet сайттарымен де жұмыс жасалады. ZipGrade сабақ барысында бағалау кезінде пайдаланған тиімді. Quizlet географиялық терминдерді үш тілде пайдалану мүмкіншіліктері болады. Оқушылар «Қазақстанға визуалды саяхат» атты видеороликтер шығарды.

«Қазақстанның жетістіктері мен ерекше аймақтары» жайында өткен тақырыптан кейін осындай шығармашылық туындылар пайда болды. «Қазақстан энциклопедиясы» жаңа жинақ жазылды.

4. Қазіргі жылдам өзгеріс жағдайындағы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге қарқынды араласуын, адамдардың өмір бойы оқуын қамтамасыз ететін негізгі базалық факторлардың бірі болып саналатындығын ескеріп сабақ өттім.

7 сыныпта өткен сабақтың тақырыбын «Мұхиттағы тіршіліктің пайдасы,медицина мен өмірде пайдалану және мұхиттағы ерекше табиғат феномендерінен үзінді» деп алдым. Сөйлесу бөлімі арқылы Дүние жүзілік мұхиттың пайдасын түсіндірдім. «Проблемалық ситуация» туғызу арқылы оқушыларға мына төмендегідей сұрақтар қоямын:

Мұхиттың өнімдерінің медицинаға пайдасы бар екенін білеміз бе?Күнделікті өмірде біз мұхит өнімдерін емдік мақсатта қандай дәріні үйде,мектепте,емханада жиі пайдаланамыз?-деп сұрақ қоямын.Оқушылар: әр түрлі пікірлер айтады. Жауапты оқушылыр нақтылау мақсатында тест тапсырмалары ретінде сұрақтарды қойдым. «Ой қозғау» бөлімі арқылы оқушыларға мынадай мәліметтерді мысалға келтірдім:-Қиыр Шығыс теңіздерінде ламинария балдыры кездессе,ал Қара теңізде филофора қызыл балдыры өседі.Осы филофора мен ламинариядан йод дәрісі алынады.

Ал треска балығының еті дүкенге, майын аптекаға жібереді. Одан балық майы алынады. Тресканың бауыры пайдалы. Онда «А» және «Д»дәрумендері болады. Мұхитта кездесетін акуланың да майы пайдалы болып саналады.Теңіз капустасын жапондықтардың сүйіп жейтін тағамдары,себебі дәруменге бай капустаны көз жанарын жақсарту мақсатында және бауырмен ауыратын адамдарға талғамды ас ретінде емдік мақсатта беріледі,міне балалар мұхит өнімдерінің адамзат баласына осындай үлкен пайдасы бар». «Ас адамның арқауы»-Ал балалар біздің қазақ халқы қонақжай ,дастархан мәзірін әдемілеп,ерекше дайындамаса көңілдері толмайды,күнделікті өмірде болсын,қонақта болсын мұхиттың қандай өнімдерін жиі дастархан үстінен көруге болады?»

Жауап: Күн Шығыс елдерінде «Агар-агар» қызыл балдырынан пісірілген мармеладты Қазақ халқының дастарханынан да жиі көруге болады.Ал планктонды «Болашақ асыраушы» деп мұхитқа шығатындар тегін атамаса керек... Себебі біз дүкеннен жиі голландиялық сырды сатып алғанды ұнатамыз,ал сол сырдың дәмін жақсарту үшін планктон ұсақ криль шаянын қосады.Міне сондықтан аузыңнан дәмі кетпейтін,дәмді сырға бәріміздің құмар болатын құпияның сыры осы крильда екенін екінің бірі біле бермейді.Осындай өмірмен байланысты тапсырмалар мен қосымша деректерді сабақта жиі пайдаланамын.

Әдебиеттер:

1. Ердавлетов С.Р., Рутковский О.О. Занимательная география Казахстана Алма-Ата: издательство «Мектеп»

2. Кан А. С. География скандинавских стран: Дания, Норвегия, Швеция. — М.: Высшая школа, 1991.

3. ZipGrade com, Quizlet, Google Maps сайттары.

Абилдаева Г.К.
Қарағанды қаласы,
№44 орта мектеп

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЕСЕПТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Қазіргі уақытта мектеп алдында жаңа кезеңге, ата-анасынан мүлде басқа жағдайда өмір сүруге бейім, елдің алдында тұрған мәселелерді шешуге дайын жаңа заман адамын дайындау бойынша үлкен міндеттер тұр.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненті оқу білімін тек оқу жағдайында ғана емес, сонымен қатар әр түрлі өмірлік жағдайларда қолдану, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білу және алынған ақпаратты сын тұрғысынан бағалау, гипотезалар ұсыну және зерттеулер жүргізу, айтылған көзқарасты негіздеу қабілеті болып табылады.

Сондықтан стандартты емес тапсырмаларды шешу оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, яғни бар теориялық білімді пайдалана отырып, жауап іздеу процесін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқылатын пәнге қызығушылық таныта отырып, оқушылар өз білімдерін кеңейтеді, бейнелі ойлауды дамытады, түрлі құбылыстар арасындағы өзара байланысты табады, байқалатын табиғи құбылыстардың себептерін түсіндіруді үйренеді, адам қызметінің көптеген салалары мен салаларында физикалық заңдылықтардың: өндірістік, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-тұрмыстық көріністерін түсінеді. Оқушылар нақты өмірде кездесетін мәселелерге барынша жақын мәселелерді шешу үшін өз білімін қолдануды үйренеді.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында математикадан стандартты емес есептерді қолдану тәжірибесімен бөліскіміз келеді.

1 сынып

Балада 11 тиын болған. Ол жәрмеңкеде тауарлар бағасы төмендегідей заттарды сатып алуға шешім қабылдады: торттың бағасы - 9 тиын,сметан пакеті - 2 тиын, сүт пакеті - 1 тиын, футболка - 15 тиын, қалпақ - 6 тиын, футбол добы - 8 тиын.

Бала қандай тауарлар сатып ала алады? Бала өзінің барлық ақшасын жұмсап, мүмкіндігінше көп тауар алу үшін қандай сатып алуды жасау керек?

2 сынып

Әдебиет бойынша шығармашылық тапсырмалар дәптері гимназия жанындағы кітап дүкенінде 275 теңге, ал автобусқа баратын көтерме кітап дүкенінде 200 теңге тұрады.

Егер оқушыларға автобус билеті 50 теңге болса, қандай дүкенде сатып алу тиімді.

3 сынып

Отбасына сатып алуға көмектес. Отбасында үш адам: әке, ана және бала (сенің құрдасың).

Кестеде көрсетілген өнімдерді аптасына сатып алу үшін отбасына қанша ақша қажет деп санайсың, азық-түлік бағаларын есіңе ал (мұғалімнен сұра)

Бұл сандарды кестеге салыңыз.

Өнім	Отбасыға қанша қажет	баға(теңге)	Сомасы (теңге))
нан	7 батон		
қырыққабат	3 кг		
алма	2 кг		
картоп	3 кг		
жұмыртқа	10 дана.		
қант	1 кг		
ет	4 кг		
Барлығы			



4 сынып

3 «В» сыныптың кезекшісі сыныптан шығарып, есікті жауып, үйге кетті. Егер мектеп сыныпта электр энергиясын қолданудың әр сағаты үшін 200 теңге төлесе және жарық 12 сағат бойы қосылып тұрса, онда оқушы жарығын өшіруді ұмытып кетсе, оған қандай зиян келтірді? Кезекшілердің бесеуі ұмытып кетсе ше мектепке қаншалықты шығын келтіреді?

Балалар әдебиетінің сюжеттері мен әр түрлі тапсырмаларды орындау проблемалары балаларға үлкен қызығушылық тудырады.

Африкада аң аулауға арналған зеңбірек үшін барон қанша төледі, егер R тиындар үшін әрқайсысына Y монеталарынан бірдей және бірнеше бірдей мылтықтан бірнеше пышақ сатып алған болса?

Н.			
Р.			

Міне, шығындар туралы мәліметтер.

Тауар сатып алу шығындарының мөлшері (тиын түрінде)

қаңтар	ақпан	наурыз
150	200	250

Қалған шығындардың сомасы (тиын түрінде)

қаңтар	ақпан	наурыз
100	100	100

Тауарларды сатып алу құнының ай сайынғы өзгеруінің кестесін салыңдар (А кестесі) және басқа шығындар (В кестесі)

А

	қаң.	ақп.	наур	сәуір.	мамыр
350					
300					
250					
200					
150					
100					

В

	қаң.	ақп.	наур	сәуір	мамыр
350					
300					
250					
200					
150					
100					



«Математика» пәні бастауыш мектепте функционалдық сауатты тұлғаны дамытуда маңызды рөл атқарады. Оның мазмұны функционалдық сауаттылықты және негізгі құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Математика бастауыш сынып оқушылары үшін барлық оқу процесінің негізі, оқушылардың логикалық ойлауын, қиялын, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы, тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі арнасы болып табылады.

Көбінесе өмірмен байланысты стандартты емес тапсырмаларды шешудің әртүрлі формаларын қолдану және логикалық ойлауды дамытуға бағытталған осындай тапсырмаларды математика сабақтарында жүйелі қолдану бастауыш сынып оқушыларының математикалық ой-өрісін кеңейтеді ,қарапайым заңдылықтарға сенімді бағдарлауға және математикалық білімді күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Әдістер мен тәсілдер («Миға шабуыл» стратегиясы, сиқырлы квадраттар, ребустар, тесттер, лездік бақылау карточкалары, фактологиялық диктанттар, релелік бақылау жұмыстары, іріктеп

бақылау, блиц) – педагогикалық қызметте қолданылатын, сондай-ақ олардың жүйелілігі математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді, балалардың математикаға, логикалық тапсырмаларға, ой-пікірлерге, ақыл-ой шиеленісін көрсетуге, мәселеге назар аударуға деген қызығушылығын тәрбиелеудің жақсы құралы болып табылады.

Осыған орай, бүгінгі күні оқушылардың математикалық ойлауын дамыту деңгейін барынша жоғары көтеру міндеті тұр деген қорытынды жасауға болады. Егер ақыл-ой іс-әрекеттерінің тәсілдерін қалыптастыру бойынша мақсатты, жүйелі жұмыстарды жүзеге асырмаса, онда оқытудың дамытушылық әсері елеусіз болып табылады. Егер ақыл-ой әрекеттерінің мысалдарын қалыптастыруға назар аударса және осы тәсілдерді пайдалана отырып, оқыту процесін ұйымдастырса, онда жоғары нәтижелер алуға болады.

Осылайша, функционалдық сауатты тұлға-бұл әлемде бағдарланатын және қоғамдық құндылықтарға, күтулерге және мүдделерге сәйкес әрекет ететін адам. Қазіргі білім берудің міндеті - осындай тұлғаны тәрбиелеу.

Әдебиеттер:

1. Иванов Д. А., Митрофанов К. Ж., Соколова О. В. Құзыреттілік тәсіл білім беру. Мәселелер, ұғымдар, құралдар. Оқу әдістемелік құралы [Мәтін] / Д. А. Иванов, К. Г. Митрофанов, О. В. Соколова, М.: АПКиППРО, 2005. 101. с.

2. Білім беру мазмұнын жаңартудың табиғи кезеңі ретіндегі құзыреттілік тәсіл [Мәтін] / И. Д. Фрумин / / Красноярск, 2003. с. 55

3. Л. В. Павлов, «математика сабақтарында оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастыру» мақаласы.

Адилова К.Е.
Мукашева К.Б.
Жезқазған қаласы,
Қ.И.Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейі

LESSON STUDY ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ ЖАҢА СИПАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бүгінгі күндегі білім беру үдерісіндегі өзгерістер еліміздің барлық мектептеріндегі мұғалімдердің алдына бірқатар маңызды міндеттерді белгілеп берді. Олар, біріншіден, мұғалімдердің оқыту және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру арқылы білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар негізінде мектеп оқушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз етуі; екіншіден, оқушының алған білімін кез келген жағдайда тиімді пайдалану дағдыларын дамыту; үшіншіден, Қазақстандағы білім беру ұйымдары басшыларының, мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің жеті қағидаты аясындағы жалпы ұлттық құндылықтар идеясы негізінде білім беру үдерісін ұйымдастыру; төртіншіден, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыру және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара алмасып, үздіксіз кәсіби даму; бесіншіден, мұғалімдердің өз тәжірибесіне үздіксіз рефлексия жасап, тәжірибелерін жетілдіру мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Олай болса, еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде жұмыс істейтін әрбір мұғалім бір мезгіл өзінің жоғарыда аталған міндеттерді қалай іске асырып жатқанына талдау жасап, оқушының бойына сапалы білім мен маңызды құндылықтарды, дағдыларды қалыптастыруда нені жақсы іске асыралғанына, өз тәжірибесінде нені дамыту қажет екендігі жөнінде үнемі ойлануы қажет. Ал бұл жұмыстарды қамти алатын екі құрал бар, олар: Жапониядан бастау алған Сабақты зерттеу **Lesson study** мұғалімдердің рефлексиялық педагогикалық тәсілі мен «Іс әрекеттегі зерттеу» жеке мұғалімнің өз тәжірибесіне зерттеу жүргізу тәсілі.

Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі үшін Жаңартылған білім мазмұнын енгізуде мұғалімдерді қолдау, дұрыс бағыт беруде қолданылып жүрген тиімді тәсілдің бірі - ***Сабақты зерттеу тәсілі.*** Тәжірибеде жүргізіліп жатқан бұл тәсілдің тиімділігіне айқынырақ тоқталып өтсек:

Бірінші айқын дәлел – сабақты зерттеп-зерделеп оны жақсартуға мүмкіндік береді.

Күні кеше ғана басқа ұстаздардың сабақтарына қатысушылар негізінен тек мұғалімнің әрекеттерін бақылап, олардың кем-кетігін тізбектеп, сабақты талқылауда сол кемшіліктерді тілге тиек етіп, мұғалімге ақыл айтып, нұсқау беретін. Ал бүгінде Сабақты зерттеу әдісі бойынша мұғалімдердің жұмысы мынадай айналым аумағында жалғаса береді «проблема анықтау – проблеманың теориялық мәселелері мен шешу жолдарын айқындау – бірлесе жоспарлау – өзара сабаққа қатысу – сабақты талдау – сабақ жоспарын жақсарту». Олардың кәсіби әрекеттері «Бірлесу, ақылдасу, қолдау» ұғымдары аясында жүзеге асырылады.

Осылайша Сабақты зерттеу әдісі мұғалімдерді тұрақты түрде, үздіксіз кәсіби шеберлігін дамытуға ынталандырып, ұжымдағы ынтымақтастықты дамыта түседі.

Осы себепті мектеп-лицейіміз әдістемелік жұмысын Сабақты зерттеу (Lesson Study) топтарына негіздеп отыр.

Біздің тәжірибеміздегі Lesson Study алғаш рет 2013-2014 оқу жылы енген болатын. Мектеп–лицей әкімшілігін алаңдатқан мәселе оқушылардың оқуға деген қызығушылығының, оқу белсенділігінің төмендігі проблемаға айналып, зерттеу мақсаты айқындалған болатын. Лессон топқа кәсіби тұрғыдан қызығушылығы жоғары әріптестеріміз бен деңгейлік курс аяқтаған ұстаздар шақырылды.

Зерттеуге қатысушы әріптестер мақсатқа жету үшін топтық және жұптық жұмысты тиімді ұйымдастырып, оқытуда интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану тиімділігін қажет деп шешті.

Зерттеу сабақтары негізгі пәндер бойынша жүргізілетін болып шешілді.

Зерттеуге алынған сыныптың білім сапасы 15,6% өсті



Үш жылда диаграммада көрсетілгендей білім сапасының өсу динамикасы байқалды. Сабақты зерттеудің оқыту мен оқу әдіс-тәсілдерін тиімді пайдаланып, оқушылардың білімді қалай игеретінін зерттеп, осы тұрғыда оң нәтижеге қол жеткізетін тиімді әрекеті екеніне толық көзіміз жетті.

Екінші жетістігіміз: Зерттеу/ Lesson топ мүшелерінің рефлексия жасау дағдылары жетілді.

Дәстүрлі ашық сабақ барысында қатысушы ұстаздар негізінен тек мұғалімнің әрекеттерін бақылап, кем-кетігін тізбектеп, сабақты талқылауда сол кемшіліктерді нұқып көрсетіп, мұғалімге ақыл айтып, нұсқау беретін әріптестер, Сабақты зерттеу тәсілінің негізгі қағидаттарын басшылыққа алып, мүлдем «миссияларын» өзгерткен. Зерттеу тобының мүшелері бірлесе жоспарлаған сабақтың оң және осал жағын анықтап, не себетен ағаттық кеткенін сабақтан кейінгі талдауда бірлесе отырып анықтап үйренді. Сабақ өткізуші ұстаз да ескіше «қармаққа ілінген ұстаз» рөлінен арылды. Мысал ретінде бір әріптесімнің рефлексиялық есебінен үзінді келтірейі: «....Бірлесе отырып жоспарлау мен сабақ соңындағы талдау менің тәжірибем үшін бағаланбас тәжірибе. Сабақ соңындағы өзіндік талдаудағы өзімнің басты қателігімен түзеті жүргізе алдым. Сабақта болған іс-әрекетімді тізбектеп айтып шығудан арылып, оқу үдерісі мен бағалау құралдарына талдау жасап үйрендім...».

Үшінші жетістігіміз: жас буынға педагогика саласындағы алғашқы қадам жасауына кәсіби қолдау оңтайлы ұйымдастырылды

Мектеп ұжымы жыл сайын жас мамандармен толығып отырады. Зерттеу топтарын құруда біз топ мүшесі етіп, оның ішінде зерттеу сабақтарын өткізуші ретінде жас мамандарды дұрыс деп ұйғардық. Алғашқыда бұрыңғы ашық сабақтарды еске алсақ, жас маман үшін өте салмақты жүк болып көрінгенмен, жас маман үшін кәсіби өсуіне көмек беретін керемет мүмкіндік.

Зерттеу тобының «бірлесе жоспарлау – зерттеу сабағын өткізу – бақылау - сабақ соңындағы талқылау» формуласымен жүргізілген жұмыстар жыл бойы зерделей келе сабақ өткізуші ұстаз (жас маман) фокус топ мүшелерінің білімдеріне, кеңестеріне негіздей отырып сапалы түрде табысты сабақтарды құру үшін өз білімін арттырып, оқыту үрдісін тиімді әдіс-тәсілдерін жетілдірді деп сеніммен айта аламыз. А. есімді әріптесім өз рефлексиялық есебінде *«.. осыған дейінгі 1 жылғы педагогикалық өтілімде сабақты жоспарлауда көптеген қиындықтармен кездескен болатынмын. Ашық сабақ өткізген сабақтарымда есімде, қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігі мен нәтижелігін анықтау қиындық туғызатын. Lesson study жобасында сабақ өткізіп, өзімде әріптестерімнің сабағына қатысып, оқушыларды қадағалау барысында көп нәрсе алдым. Ашық сабақты өткізіп, қатысқан әріптестерімнің талдауынан кейін өз проблемаларыммен бетпе-бет жалғыз қалатынмын. Сабақты зерттеудегі жоспарлауда туындаған проблемелар бірлесе отырып шешу жолдары өте тиімді деп санаймын, себебі, талдауда, талқылауда мен өз әріптестерімнен алғаным көп болды.....».*

Төртінші жетістігіміз: Бірлескен, дербес педагогикалық қауымдастық құрылды. қауымдастықтағы ұстаздар ортасында кәсіби мәдениет дамыды.

Жетекші мектеп ретінде әдістемелік қолдау көрсету мақсатында серіктес мектептер ұжымында өткізілген зерттеу сабағына қатысатын, бақылап, бағыт-бағдар беретін мектеп-лицейдің тәжірибелі (деңгейлік курсты аяқтағандар қатарынан) ұстаздар қатарынан сарапшылар тобы құрылған. Сарапшылар сабаққа бастан аяқ қатысып, топтың сабақтан кейінгі талдау жұмысын бақылап болғаннан кейін топ мүшелеріне кері байланыс беріп отырды. Бұлай ұйымдастырылған жұмыстың өзі, серіктес мектептегі топқа көмек көрсетіп қана қоймай, сарапшы топ мүшелері үшін талдау мен талқылау секілді тиімді әдістерін қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Топ мүшелері ұйымдастырылған отырыстарды асыға күтіп, белсене қатысатын әріптестерімді байқадым. Бұл өзгерістің бірден бір себебі - **Lesson study** тәсілінің отырыстарының ашықтығы, бейресмилігі, өз ойларымен, пікірлерін еркін ортаға салу мүмкіндігі деп білеміз.

Қорыта келгенде, «Мұғалім – мектептің тынымсыз соғып тұрған жүрегі іспеттес» деп ақын, педагог, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов айтқандай, тек ұстаздар ғана мектепті өзгертіп, оның жұмысын жаңаша ұйымдастыра алады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, оқушылардың деңгейі де бірінші кезекте мұғалімнің кәсіби деңгейімен байланысты (Дж.Хэтти).

Әдебиеттер:

1.Дадли П. Lesson study: теория и практика применения. –Астана: ЦПМ АОО «Назарбаев интелектуальные школы», 2013

2. «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журнал, №4 (22) 2017, № 1 (23) 2018

Адильбекова А.А.

Балқаш қаласы, С.Сейфуллин атындағы

№7 мектеп-гимназиясы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ТИІМДІ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Мақаламда мектеп қабырғасындағы мұғалімдерінің әрекетінде білім алушыларға оқу мүмкіндіктерін формативті, яғни қалыптастырушы бағалау процессіне жоспар құру мен ұйымдастыра алуға қатысты мәселелердің тиімді жүргізілуінде тиімді әдістемелерді қарастырдым.

Қалыптастырушы бағалау негізінен оқытушы мен оқушылардың арасында туындайтын кері байланыс үдерісінжүргізуге мүмкіндік беретін, оқу жетістіктерінің дамуы мен өсуіне тікелей әсерін тигізетін процесс болып табылатындығы мәлім. Қалыптастырушы бағалау негізінен тоқсан бойынша өткізіліп, үздіксіз және жүйелі жүргізілу барысында оқытушы мен білім алушы арасында туындайтын кері байланысты қадағалайды. Сондықтан білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда жаңаша әдістемелерді қолдану арқылы бағалау- оқу барысын болығырақ бағалауға мүмкіндік беретіндігі ықтимал.

Мен өзімінің күнделікті тәжірибемде оқытушылардың түсінік алу, меңгеру деңгейлерін бақылау үшін қалыптастырушы бағалаудың түрліше әдістемелерін қолданысқа енгізуге

тырысамын,оның ішінде: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе»,«Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сауалнамалар, сұрақтар және т.б.

Қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тісілдерін , оқу барысын ұйымдастырудың әрбір кезеңінде, тақырыпты түсінікті етіп жеткізе білу, тапсырмаларды орындау, оқушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдана аламыз.Қалыптастырушы бағалаудың ажырамас бөлігі білімберуші тарапынан және оқушылар арасында қойылатын сұрақтар (сауалнама,диалогтар, әңгімелесулер және т.б.) болып келгендіктен,сұрақтарды дұрыс құрастыруды қадағалау , оқушылар арасында диалогтерді қолдану мәдениетін дамытуда тиімді болып келеді.Көбіне сабақтың барасында қолданылатын сұрақтардың түрлері: ашық және жабық.[1]

Ашық сұрақтар талқылау және сынауды қажет етіп қана қоймай, қиялдау арқылы шығармашылық қырларын танытуға оң әсерін тигізеді. **Жабық сұрақтар** қысқаша жауаптарды ғана қамтиды. Сұрақты дұрыс қойғанда өзінің жеке пікірін,идеяларымен бөлісуге, өзара қарым-қатынасты күшейтуге, сабаққа деген ынтасын арттырыда, бірақ сонда да сұрақты қолдану кезінде кейбір пікір білдіре бермейтін, толықтырып жеткізе алмайтын және жауап алуда қиналатын сұрақтар жиі қайталана берген жағдай болғанда, қиыншылықтарға соқтығысу мүмкіндігі бар.

Мұндай қателік туындауының болуынан аулық болу үшін:

• оқушылар үшін бұл сұрақ өте оңай екендігін аңғарсаңыз,мұндай сұрақтардан алшақтану;

• сұрақтарды қысқаша әрі әр оқушыға түсінікті,жетімді етіп қоюға тырысу;

• сабақты қабылдау қабілетіне баға беріп, оқушыларға өздерінің

қателік танытқан бөліктерін анықтап,терең талдауға мүмкіндіктер ашатын сұрақтар қиыстырып ,сондай-ақ,сабақтың белгілі бір бөлімінде, сұрақты қалайша қоюды,оған түрлі жауап варияцияларын, бұрыс жауап болған жағдайдағы түзету шараларын,қисынды қойылған сұраққа берілген реакция, жауаптарды қалайда тиімді ету мүмкіндіктерін ашу арқылы сабақ барысын толықтыруғы болады.Формативті бағалауды жеке, жұптық және топтық жұмыстарда қолдану да әбден мүмкін.

Қалыптастырушы бағалауды жеке орындау кезінде оқытушы боқушылардың бар мүмкіндіктерін салыстыра сынап,бақыланды нәтижелерді белгліеп,түртіп отыру қажеттілігі бар.Осылайша оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алу қабілеті, ізденген ақпаратына деген жауапкершілік сезімін жоғары көтереді.Талданған ақпараттар мен талдау нәтиделерін тікелей оқушылармен талұылай бағалау тиімді болып келеді. Сонымен қатар, оқушылардың өзіндік пікірін жеткізуі маңызды.
2. Выделение доминанты в описании внешности и характера героя. Концентрируя внимание учащихся на главных чертах характера, образа, учитель приучает ребят выделять таким же образом и доминанты в описании наружности людей, их психологического портрета.

Например: Емельян Пугачев: «В черной бороде его показывалась проседь, живые большие глаза так и бегали»; «Высокая соболья шапка… была надвинута на его сверкающие глаза». Доминантой в описании наружности Пугачева являются «живые, сверкающие» глаза, позволяющие судить о характере персонажа.

3. Цитатная характеристика героя. Анализируя образ того или иного персонажа, можно провести работу с «разбросанной» в произведении характеристикой с целью сравнить описания героя в разных ситуациях, что позволяет глубже проникнуть в характер героя, понять смысл его поступков. Можно предложить учащимся выписывать из текста цитаты в виде таблицы:

Образ Самсона Вырина (А.Пушкин «Станционный смотритель», 6 класс)	
«Человек лет пятидесяти свежий и бодрый в сюртуке с тремя медалями».	«Седина, глубокие морщины давно небритого лица, сгорбленная спина».

4. Сопоставление: личность читателя – личность героя. Использование этого приема позволит выразить свое отношение к литературному персонажу, сравнить себя с героем. *Так, например, можно сравнить себя с Петрушей Гриневым («Капитанская дочка», 8кл.) или с Митрофанушкой («Недоросль», 9 класс), или с Остапом («Тарас Бульба», 7 класс). Мысли удобнее всего занести в таблицу.*

Например:

Основные черты характера героя	**Черты, которыми я похож на героя («+», «-»)**	**Черты героя, которые мне совершенно не**

6. **Графические органайзеры. (Денотатный граф, бриллиант, диаграмма Венна)** Это педагогическая стратегия, которая помогает учащимся свободно и открыто думать по поводу какой-либо темы. Она требует выделения лишь тех структур, которые дают возможность стимулировать размышления о связях между идеями. Графические органайзеры помогают вычленить существенные признаки ключевых понятий.
7.

Денотатный граф (Былина «Илья Муромец»)



При помощи стратегии **«Бриллант»** удобно работать с более объемными текстами: биография писателя, отрывок произведения (несколько глав), критические статьи. Данная стратегия позволяет выделить из текста информацию по степени значимости.

Диаграмма Венна

Сравнительная характеристика Онегина и Печорина

Таким образом, использование инновационных технологий активного обучения на уроках русского языка и литературы повышает мотивацию учебного процесса, что приводит к повышению качества знаний обучающихся и их стремлению узнавать все больше из области русского языка и литературы. Многолетний опыт показал, всегда можно найти прием, который позволит не просто ввести учащихся в новую тему, но и организовать их самостоятельную деятельность по изучению нового материала. Качество обучения напрямую зависит от используемых методов и приемов.

Литература:

1. Иванова С.В. Личностно-ориентированное обучение на уроках литературы в старших классах // Литература в школе,1997. - № 4. – С.110 – 115.

2. Лазаренко Г.П.Приёмы активизации и обратной связи на уроке литературы // Литература в школе, 1996. - №1. – С.82 – 86.

3. Шульгина Н.П. Личностно-ориентированное обучение на уроках повторения в 7 классе // Русская словесность,2002. - №2. –С.49 -53.

4. Каримова Б.Т. Об использовании графических органайзеров на уроках. АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» ИПК филиал по Павлодарской области». 2017.-2 с.

Аязбаев А.М.

«А.Байтұрсынұлы ат. № 41 мектеп-гимназия» КММ

Тилеубаева К.О.

Жамбыл атындағы ММИ

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Н.Ә.Назарбаев: «Еліміздің ертеңі - бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» демекші, жас ұрпақтың болашағы – ұстаздардың қолында. Жеке тұлғаның зерттеушілік қабілетін танып, зерттеушілік дағдыларын дамытып, болашаққа жетелеуіміз керек. Ұстаздар дарынды оқушының бойындағы зерттеушілік қабілетін танып-біліп, зерттеушілік қасиеттерін әрі қарай дамытып, аша білулері керек. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндеттелген стандартында: «Құзыреттілік – оқушылардың іс-әркеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі» деп анықтама берілген.[1, 19 б.]. Жалпы құзыреттілік деген ұғым адамның жеке және қоғам талаптандыру мақсатындағы табысты іс-әрекеттеріне қажетті білім дайындығына сұраныс дегенді білдіреді.

Зерттеушілік құзыреттілікті дамыту барысында, әр оқушының нәтижесін мұғалім бақылай алады және теориялық біліммен қамтамасыз ете алады. Оқушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға негізделген үдерісі:

Іс жүзінде білім беру мақсатын жүзеге асыруға;

Әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына жағдай жасауға;

Білімді меңгерудегі өз жетістіктерін бағалаудың, зерттеу жолдарын анықтауға;

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістік деңгейін бағалауға мүмкіндік беруге;

Оқушының зерттеушілік біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Оқушылардың зерттеу құзыреттіліктерін дамыту үшін жұмыстың тақырыбы, өзектілігі мен зерттеушілік сипатын анықтап алу қажет. Оқушыларға ғылыми-зерттеу әдістерін меңгерту, жаңа білім алу және өтілген мәліметтерді, материалдарды қайталау және өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік тудыру қажет.

Пән бойынша оқушымен ғылыми-зерттеу жұмысын бастамас бұрын, оқушының қай бағытты таңдайтынын, қай тақырыпқа қызығушылығы басым екенін анықтап алған жөн. Оқушы нақты бір тақырыпты таңдап алғаннан кейін жұмыстарды мұғаліммен біріге отырып, төмендегі кезекпен жүргізуге болады.

1. Зерттеудің тақырыбын анықтап алу;
2. Зерттеу жұмысының жоспарын құру;
3. Зерттеу мәселелерін талдау (зерттеліп отырған тақырыптың маңыздылығын, ерекшелігін, шешілу жолдарын қарастыру);
4. Ғылыми-зерттеу жұмысының кіріспесін жазу;
5. Зерттеу жұмысының теориялық мәліметін жазу;
6. Зерттеудің практикалық (эксперименталдық) бөлігін жүргізу (сауалнама жүргізу, әңгімелесу, интервью алу);
7. Зерттеу күнделігін жүргізу. (ғылыми зерттеу жұмысын бастаған күннен бастап жүргізілуі тиіс);
8. Зерттеу жұмысының техникалық жағын рәсімдеу;
9. Зерттеу жұмысы бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімін жасау;
10. Аннотацияның жазылуын қадағалау;
11. Зерттеу жұмысы бойынша презентация дайындау;
12. 7-10 минуттық баяндама дайындау.



Оқушының ғылыми-зерттеу жұмысы мұғалімнің басшылығымен жүзеге асады. Зерттеу барысында алға қойған зерттеушілік мәселені анықтау үшін мұғалім оқушыны зерттеу жұмысына бағыттап отырады. Зерттеу жұмысынан алынған қорытындыны талдауға, қорытынды жасауға басшылық жасайды.Оқушылардың зерттеушілік қабілеті артқан сайын жаңашылдықпен басшылық жасайды. Осы жұмыстар сәтті шыққан кезде, оқушының қызығушылығы мен ғылыми жұмысты зерттеуге деген ынтасы арта түседі. Бұл оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасуына, дамуына ықпалын тигізеді.Зерттеу әс-әрекеті оқушыларды қоршаған ортаны басқаруға әкеледі. Ғылыми-зерттеу жұмысының сәтті шығуы оқушының логикалық ойлау, есте сақтау, есте сақтау жылдамдығы, есте сақтау көлемі және есте сақтау уақыты сияқты сипаттарымен анықталады. Әр аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысынан соң олардың шығармашылық, зерттеушілік құзыреттіліктері арта түседі. Бірте-бірте ғылыми әдістерді меңгеруге, дербес ойлауын қалыптастыруға жетелейді[2].

Оқушыларды зерттеушілікке баулуды төменгі сыныптардан басталуы керек. Ғылыми жұмысқа кіріскен жас зерттеушілер үшін деректерді таңдау, ғылыми жұмысты зерттеу барысында көптеген сұрақтар туындауы мүмкін. Оқушыларды зерттеушілік құзыреттілікке бағыттауда оқушыларға төмендегідей талаптар қояды:

- алдына мақсат қойып ұмтылу;
- ойлау, түйсік, сезім қабілеттерін арттыру;
- өзін-өзі талдауы, бағалай білуі;
- деректер мен мәліметтерді пайдалана отырып, зерттеу жұмысына қажетті ақпараттарды алу.

Қорытындылай келгенде, ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу, қатаң міндеттеуді талап етпейді, керісінше ерік беру де бір табысқа жетелейді. Орыс ғалымы М.В. Пискунова: «...разглядеть «зерна» исследовательского интереса ребенка, постепенно очищать их от «плёвел», не педалируя чрезмерно требованиям к предъявлению исследования,- учащийся может почувствовать живую радость овладения новым знанием»[3.]-деп пікір білдірген екен. Оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктері екі жақтың бірлесе жұмыс істеу нәтижесінде қарқынды дамып, қалыптасуы мүмкін.

Әдебиеттер:

1. 12 жылдық оқыту мәселелері. Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары.Астана, 2006.-19 б.
2.Педагогикалық ізденіс. –Алматы, 1990 жыл.
3. Пискунова М.В «Исследовательская работа школьников». 2006 №10.

Байдельдинова Э.С.
ОСШ им. Ю.Гагарина
Бухар-жырауского района

ИНТЕГРАЦИЯ НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ И МАТЕМАТИКИ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ШКОЛЬНИКОВ

Понятия компетентности/компетенции тесно связаны с интеграцией. Интеграция (в обучении) – процесс установления связей между структурными компонентами содержания в рамках определенной системы образования с целью формирования целостного представления о мире, ориентированный на развитие и саморазвитие личности. Компетентностный подход предполагает соединение в единое целое образовательного процесса и его осмысления, что способствует выработке привычки у учащихся думать и принимать решение в зависимости от конкретной ситуации.

Информатика и информационно – коммуникационные технологии (ИКТ) являются нитью, которая связывает ресурсы, возможности, знания, умения, навыки, виды деятельности в один узел. И как никакой другой предмет дает возможность связывать знания из различных областей науки. Кроме того, содержание других дисциплин можно эффективно и взаимовыгодно использовать при закреплении знаний, умений и навыков по информатике и ИКТ. Развитие познавательных, интеллектуальных и творческих способностей средствами ИКТ на уроках способствует совершенствованию навыков применения средств ИКТ при выполнении индивидуальных и

коллективных проектов, в учебной деятельности, дальнейшем освоении профессий. Информатика, как известно, прикладная наука. Её предмет, основные цели и задачи предопределены практикой.

Интегрированное обучение позволяет наиболее эффективно показать междисциплинарные связи и естественнонаучный метод исследования, используемый на стыке наук. Основная цель обучения на интегрированной основе – дать целостное представление об окружающем мире – связана с повышением умственной активности учащихся. Интегративная система предполагает равномерное, равноправное соединение родственных тем информатики и математики.

В процессе преподавания информатики приходится использовать межпредметные связи с математикой. Это не простое использование математических технологий, как средства добычи и сохранения информации. Происходит комбинирование предметов, что, безусловно, необходимо, так как они непосредственно связаны. Я пришла к выводу, что педагог – предметник должен в процессе урока раскрывать межпредметные связи, демонстрировать прикладное значение предметов. В этом случае у учащихся повышается мотивация к обучению, формируется интерес к предмету, расширяется общий кругозор. Формируется культура информационной речи учащихся, умение сравнивать, обобщать, классифицировать, проводить аналогии, рефлексировать. Все это способствует разностороннему развитию личности ребенка, что является главной целью обучения.

Приведем несколько примеров. Например, тема «Математические функции языка TurboPascal» отлично комбинируется с темами «Алгебраические выражения», «Задачи на состав числа», «Числовые выражения». На уроках математики очень эффективно закреплять и обобщать полученные знания при помощи презентаций, созданных самими учащимися. При этом обязательно оговариваются критерии оценивания презентаций. На первых уроках геометрии в 7 классе можно предложить наглядный урок «Углы», который получит своё продолжение на уроке информатики при повторении темы «Компьютерная графика. Рисунки в Paint».

Тема «Системы счисления и римская система счисления» рассматривается на страницах учебника и по математике, и по информатике. Мы объединили теорию и практику на уроках математики, а на информатике только рассматриваем двоичную систему счисления. Тема «Диаграммы» тоже является общей для математики и информатики. Изучив теорию на уроках математики, рассказав и показав все гистограммы, на уроках информатики учимся строить разные диаграммы с помощью программы MicrosoftExcel. Апробировали и вариант изучения данной темы только на уроках информатики, сэкономив время на математике для рассмотрения большего количества разнообразных задач, которые находят свое отражения в сборниках по ЕНТ, PISA, TIMS.

При изучении темы «Графики функций» учащиеся, самостоятельно заполняя формулы в программе MicrosoftExcel для построения графиков с различным коэффициентом, наглядно видят, как меняется расположение ветвей параболы, сами делают выводы о сжатии и растяжении и т. д. Построение графиков в электронных таблицах сэкономит время построения их же на уроках математики, надо было не толко построить графики, а проанализировать расположение ветвей при разных коэффициентах. Исследование движения графика по координатной плоскости учащимся 8 «А» класса было предложено изучить с помощью программы MicrosoftExcel, применяя метод построения диаграмм. При опросе учащихся 8 «А» класса было отмечено, что такой способ изучения данной темы очень нагляден, доступен для понимания и качественного освоения. Учащиеся 8 «Б» класса изучали данную тему, не применяя знаний по информатике.

На диаграмме представлены результаты анкетирования. Учащиеся 8 «А» класса отмечают, что не испытывали затруднений в изучении темы, могут провести исследование по построенному графику с указанием движения графика по координатной плоскости. Учащиеся 8 «Б» класса отметили некоторые затруднения в понимании данной темы.

Тестирование как эффективный способ проверки знаний находит все большее применение. Проведение тестирования – это инструмент, который дает возможность с минимальными затратами времени объективно оценить знания и навыки большого количества учащихся. Онлайн-тесты всегда положительно воспринимаются и проводятся нами в общем порядке или же по индивидуальному графику, являются разновидностью самостоятельной работы гимназистов. При тестировании используем как бумажные, так и электронные варианты. Последние особенно привлекательны, так как позволяют получить результаты практически сразу по завершении теста. Здесь можно отметить тестовые задания сайта Bilimland, ITest, в которых учащиеся могут оценить свои знания как по отдельным темам, так и по всему курсу в целом, проанализировать свои ошибки, самостоятельно проработав предложенные верные решения. Это дает возможность выстроить индивидуальный маршрут в обучении. Также в своей работе мы используем easyQuizzy — это простая и удобная программа для создания и редактирования тестов знаний. Каждый тест представляет собой независимую программу, которую достаточно скопировать на любой компьютер и запустить, чтобы начать тестирование. Для создания живых чертежей используем программу Geogebra. Программа MyTestXPro удобна для создания и проведения компьютерного тестирования, сбора и анализа их результатов.

Говоря о взаимопроникновении целей математики и информатики, отметим, что основная задача учителя – сформировать у ученика информационную компетентность, умение преобразовывать на практике информационные объекты с помощью средств информационных технологий. Несмотря на то, что в процессе преподавания информатики преобладают практические методы, использование межпредметных связей и элементов интеграции с математикой позволяют ученикам применять в процессе решения математических заданий теоретические и практические знания, что активизируют умственную деятельность учеников, стимулируют их к самостоятельному приобретению знаний.

Литература:

1. Бешенков С.А., Матвеева Н.В., Кудрова И.А. Школьный учебник и проблема межпредметных связей/ Проблемы школьного учебника. –М.: ИСМО РАО, 2005г.
2. Казиев В.М. Системно — алгебраический подход к основам информатики №3/В.М.Казиев – Нальчик, 1996г.
3. Коротенков Ю.Г. Формализованная информациология – М.: Информациология, 2001.
4. Сеймур, П. Переворот в сознании: дети, компьютеры и плодотворные идеи/П. Сеймур. – М.: Педагогика, 1989.

Баймухатова Б.Х.
Жамбыл атындағы ММИ .

ТАРИХ САБАҒЫНДА БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ

Қазіргі кезде еліміздің барлық жерлерінде жаңартылған білім беру мазмұнында педагогтардың білім алуына бірталай жұмыстар жасалуда. Мұғалімдер де жаңа бағдарлама бойынша үздіксіз білім алуда.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруды мұғалім оқу бағдарламасындағы өтілген материалдың күрделілік деңгейі мен мазмұнын есепке ала отырып, жүзеге асырады.

Оқу мақсаттарын дәл тұжырымдап, үнемі есте ұстау өте маңызды; оқу мақсаттарының негізінде тиімді және мәнді практикалық тапсырма әзірленеді. Тапсырма **жабық түрдегі немесе ашық түрдегі тапсырма** (жабық тапсырма, ашық тапсырма) болуы мүмкін. Тапсырманың әр түрі нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және өзекті болып саналады.

Енді сол жабық және ашық тапсырмаларға жеке-жеке тоқталсам:

1.Жабық тапсырмалар

Жабық тапсырманы құрастыру оңай және олар оқушылардың түсінуіне де жеңіл. Тапсырманың дидактикалық мазмұныны сақталған жағдайда жабық тапсырмалардың ішкі құрылымы әр алуан болуы мүмкін. Бұл бір дидактикалық материал негізінде сандық және сапалық сипаттамалары әртүрлі бірнеше тапсырма дайындауға мүмкіндік береді.

Тұжырымның шындық/жалған екенін анықтау тапсырмасы

«Шындық/Жалған» тапсырмасы – бұл тұжырым түрінде берілетін жабық тапсырма, оқушылар берілген тұжырымның ақиқат немесе жалған екенін анықтауы қажет. Басқаша айтқанда, әр сұрақтың тек екі мүмкін жауабы болады, оқушы сол екеуінің біреуін таңдайды. Мұндай тапсырмалар білу және түсіну дағдысын тексеруге қолайлы. Оқушылар тапсырманы тез түсініп, тез жауап беруі мүмкін; осындай тапсырманың көмегімен үлкен мазмұнды қысқа уақыт ішінде қамтуға болады.

Мысалы:

1.Александр Македонский туралы деректі «шындық» немесе «жалған» екенін анықтаңыз

	Сұрақтар	**Шындық**	**Жалған**
1	Ескендір б.з.б 330-327 жылдары Самарқанды басып алып, Жетісуге бет алды.		
2	Ескендірдің бұйрығымен Сыр бойында Александр-Эсхата қаласы тұрғызылды.		
3	Қаланың салынуына Сыр бойындағы халықтар қарсы шығып, гректерді найзамен ата бастады.		
4	Сақтардың шабуылынан Ескендір әскерін жігерлендіруге мәжбүр етті.		

Салыстыру және сәйкестендіру тапсырмасы

Сәйкестендіруге қатысты сұрақтар оқиға, мерзім, атаулар мен оқиға болған жерлерді білу маңызды болып саналатын жағдайда білімді тексерудің барынша тиімді тәсілі болып табылады.

Мысалы:

2.Кестеде берілген ғалымдар мен олардың жазған еңбектерін сәйкестендіріңіз

Р/с	**Ғалымдар**	**Жауап нұсқа**	**Еңбектері**
1	Әл-Фараби	A	«Құтты білік»
2	Әбу Райхан Бируни	B	«Ғылымдардың жіктемесі туралы сөз»
3	Жүсіп Баласағұни	C	«Ақиқат сыйы»
4	Махмұд Қашғари	D	«Өткен буындардың ескерткіштері»

5	Ахмет Иүгнеки	Е	«Диуан лұғат ат-түрк»

Бос орындарға керекті сөздерді қой.

Бос орындарға қажетті сөздерді қою арқылы берілген мәтіннің сөйлемдерін толықтыруға негізделген тапсырманы қолданбауға тырысу қажет. Мұндай тапсырмалар ең әуелі оқушылардың көру арқылы есте сақтау қабілетін тексеруге бағытталады, өтілген материалды меңгеру сапасын көрсетпейді.

Мысалы:

3.Бос нүктенің орнын толтырыңыз.

Парсы патшасы Кир әскерімен Сырдарияға келіп, массагеттердің көсемі (1.....) елші жібереді. Ұлының өлімі туралы хабарды естіген Томирис (2.....) қарсы шығады. Б.з.б (3.....) жылы Сыр бойында қаңды шайқас өтіп, (4.....) қатты шығынға ұшырайды. Томиристің сарбаздары (5.....) және аттың үстінде соғысқан.

Сұрақ: *Томирис Кирді не үшін өлтірді?*

2.Ашық тапсырмалар

Ашық тапсырмалар жоғары деңгейдегі танымдық дағдыларды тексеруге, аргумент келтіре алуға, жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлай алуға және т.б. арналған. Ашық тапсырмалардың жауабы ұзақтығына (көлеміне) қарай ерекшеленуі, бір немесе бірнеше сөздерден (қысқа жауап) толық аргументативті пайымдауларға (толық жауап) дейін өзгеруі мүмкін.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушылар бірнеше сөздерді, бір сөйлемді, қарапайым сызбаны немесе формуланы қолдана отырып, сұрақтарға қысқа нақты жауап беруі қажет.

Дұрыс құрастырылған ашық сұрақтар оқушының ұстанымы мен құндылықтарын анықтауда, дұрыс ой тұжырымдап, өз ойын дәйекті жеткізе білуін бағалауда пайдалы болып саналады.

Ашық сұрақтар оған жауап бергенде өз пікірін білдіруге біршама уақыт жұмсауды қажет етеді, бұл тексеру тапсырмасындағы сұрақтардың санын шектеуге әсер етеді. Сараптауға ұсынылатын материалдың көлемі ықшамдалып, жеке аспектілерге бағытталады. Сонымен қатар ашық сұрақтардың жауабын тексеру көп уақыт пен ресурсты, біршама күш жұмсауды талап етеді.

Мысалы:

1. *Сұрақтарды мұқият оқып, оларға жауап беріңіз***.**

1.Наурыз мейрамын көшпелілер неге көктемде тойлаған?

2.Ас беру дегеніміз не?

3.Неге отпен аластаған?

4.Саятшылдық ұғымын қалай түсінесің?

2.Картаны қарай отырып Шыңғысханның балаларының жері аумағын жазыңыз.

1.Жошы ұлысы.....

2.Шағатай ұлысы.....

3.Үгедей ұлысы.....

4.Төле ұлысы

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда бірнеше кезеңдерден тұратын түрлі сөйлемдерді, түсініктемелерді, сызбаларды немесе дәлелдерді қолдана отырып орындауы қажет.

Мысалы:

1.*Кілт сөздер мен сурет бойынша мәдениетке сипаттама беріңіз.*



Кілт сөздер: исседондар, мұртты обалар, жебе ұштары, жылқы

Сұрақтар:

1.Тасмола мәдениеті Қазақстанның қай аумағында орналасқан?

2.Мәдениетті қалдырған тайпа?

3.Қабірден табылған жәдігерлер?

4. Мәдениеттің ерекшелігі неде?

2.Төмендегі кілт сөздерді пайдаланып, төмендегі бағалау критерийін негізге ала отырып **«Аттила –ғұндардың көсемі»** *атты әңгіме құрастырыңыз.*

Кілт сөздер: 445 жыл, 200 мың әскермен, 60-қа жуық қала, 451 ж, Каталаун даласы, 452 ж, 453 ж.

3.Кестеге Андронов пен Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ерекшелігі мен ұқсастығын жазыңыз.

	Андронов мәдениеті	Беғазы-Дәндібай мәдениеті
Орналасқан жері		
Шаруашылығы		
Ерекшелігі		
Ұқсастығы		

4.Суретке қарап «Алғашқы адамдар кәсібі» тақырыбы бойынша тапсырмаларды орындаңыз.



1.Алғашқы адамдар кәсібі бойынша 3 тірек сөз жазыңыз.
2. Бір кәсібіне сипаттама беріңіз
3.Қорытынды ой жасаңыз.

5.Шыңғысхан әскері мықтылығының арқасында мықты империяға айналды / айналмады тақырыбына ПТМС формаласын қолданып, талдау жасаңыз.

Позиция: келісемін/келіспеймін
Түсіндіру (себебі...)
Мысал (мұны мынадай 2 мысал арқылы дәлелдей аламын.....)
Салдар (қорытынды жасаймын....)

Оқу мақсатының негізінде бағалау критерийін құрып, тапсырмаларды нақты дайындаса оқушы мақсатына жетеді деп ойлаймын. Ол үшін тапсырмалар нақты болу қажет.

«Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Аталған білім беру бағдарламасы туралы түсінгенім мен ұғынғаным мол.

Әдебиеттер:

2.Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 55 б.

3.Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»,17.01.2014 ж.

4.Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

Балапанова Б.Е.
Мейрханова А.
Балқаш қаласы Абай атындағы №2лицей
«Нұрбөбек» шағын орталығы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІҢГІ БАЛАЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДА ОЙЛАУЫН ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Абай Құнанбаев

Елбасымыздың жолдауында «XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуда. Оның өзі мазмұны жөнінен стратегиялық ресурстармен бәсекелеске алды. Елдің даму деңгейі осы арқылы бағаланатын болады» деп сапалы білім беруге ерекше назар аударған еді. Педагог К.Д. Ушинский: «*Біз жан-жақты жеке тұлға тәрбиелегіміз келсе, ол тұлғаны жан-жақты зерттеп білуіміз керек*» дегенді босқа айтқан жоқ. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті бірегей тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бағдарламаның негізгі идеялары балалардың бойында ерте жастан дамыту қажет негізгі дағдылармен тығыз байланысты:

- сыни ойлау;
- проблемаларды шығармашылықпен шеше білу;
- сындарды диалог немесе қарым-қатынас;
- команда да жұмыс істеу.

Бұл идеялар балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, олардың психофизиологилық жас ерекшелерін ескерумен тығыз байланысты және баланың зияткерлік, әлеуметтік тұлғалық дамуына оң ықпал етуіне бағдарлаған. Елбасы жолдауында айтылғандай бұл даму мектепке дейінгі ұйымдарда басталуы қажет. Тәрбие мен білім негізі ең алдымен отбасынан, содан соң балабақшада басталады. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласында сапаны жақсартуға көңіл бөлу керек.

«Ойлау негіздері, ақыл - ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады».

Білім беру ісінде креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істейміз.

Ахмет Байтұрсынұлы: «*Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтан нық үйрету абзал*» осы ұлағатты сөзді ұстана отырып, біз «Нұрбөбек» шағын орталығында балаларды дамыта отырып оқыту технологиясын қолданамыз және де балалардың шығармашылығын қолдау мақсатында әртүрлі сайыстар өткіземіз, оларға ата-аналары мен балалар белсенді қатысады, онда балалар өз шығармашылық қабілеттерін көрсетуге тырысады. Сыни ойлау. Бұл-ақпараттар ағымдарында жүру мүмкіндігі туралы, ақпарат себеп-салдар байланысын көру, артықсыздықты жою және қорытынды жасау. Тіпті сәтсіздікке ұшыраған жағдайда да шешім табу керек. Балаларда сыни ойлауды дамытуға арналған төрт қарапайым нәрсе бар.

Ойлауды дамыту үшін ойлау процессін өзі ынталандыруы маңызды. Мысалы: Ортаңғы топта сөйлеуді дамыту оқу қызметінде **«Ертегілер», «Дұрыс-Бұрыс» «Шалқан» , «Бауырсақ»** ертегісі тақырыбында берілген сұраққа өз бетімен жауап беруге мүмкіндік беру кезінде ойланады, сует бойынша әңгіме құрастырады, тілі мен зейіні, оның білім қоры жұмылдырылады, қиялы ,әр кейіпкерлердің түрлі тапсырмаларын орындау арқылы дамиды. Бір жағынан «пікірталас клубы» ретінде, ал екінші жағынан бұл тақырыпты баламен түсінуді белсенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ассоциация әдісі. Бұл әдісте берілген тақырып бойынша балаларда қандай ой туады соның барлығы сол сөздің жан – жақты айтылады.Іс жүзінде қателер баланың ой-өрісін кеңейту үшін

тамаша мүмкіндік. Мысалы: Ересек тобында математика негіздерінде **«Қызықты ойындар», «Ойлаймыз, танимыз,дамимыз»** , **«Көңілді сандар»** тақырыбында балалар сан және санау, геометриялық пішіндерді , логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіреді, математика оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын арттырады, шапшандыққа тапқырылыққа бейімделеді.

Сыни ойлау белсенді түрде дамитын көптеген ойын-үстел үсті ойындарында мына ойындарды қолданамыз. Мысылы: **«Жоғалған зат»** мұнда үстелге біршене зат қойылады, бала мұқият қарап алғаннан кейін, көзін байлап бір затты алып тастаймыз, балақай зат жоқ екенін табу керк.осыған ұқсас ойындар «Қайтала», «Сақ болған артық болмайды, «Ізінен тану», «Түйме», «Шатаспай есіңде сақта». Ойыншылардың жіктелуі үшін белгілер мен критерийлер ойлап табу керек, дәлелдемелерді сынап дұрыс таңдау жасауға тура келеді. «Иә - жоқ» бұл классикалық ойын, онда сізге сөзді табу керек немесе ойластырылған жағдайды қайта қалпына келтіру керек. «Қалпақ», «Байланыс» т.б. ойындарында, ойыншы сөздер немесе сөз тіркестерін өзгеше жолмен түсіндіру керек. Командалық жұмыс коммуникациясымен тығыз байланысты.Бұл жалпы мақсатпен оған жету жолдарын анықтауға,рөлдерді таратуға және нәтижені бағалауға мүмкіндік береді.

Топтау әдісін де жиі қолданамыз. Топтау әдісінде балаларды деңгейлеріне қарай бірнеше топқа бөледі де, өздері орындай алатындай топтық тапсырма беріледі. Мысалы: «Пішіндер» тақырыбын өткенде

I топ – Үлестірмелі картадағы бейнеленген суреттерден геометриялық пішіндерді тауып, көрсету, атын атау.

II топ - Жіпті пайдалана отырып әртүрлі пішіндерді жасау.

III топ - Санағыштан үшбұрыш пен төртбұрышты құрастыру.

Балалардың сурет салуға деген қызығушылығын арттыру барысында кіші топтарда **«Сиқырлы саусақтар», «Көңілді таяқшалар», «Балапандар көк шалғында»** тақырыбында бейнелеу өнерінің дәстүрлі емес сурет салу тәсілдерімен жұмыс жасаймыз.Балалардың шығармашылық ой-қиялын дамытамыз.Ұжыммен жұмыс жасап үйретеміз,әсемдікке, сұлулыққа тәрбиелеп , өнерге баулимыз. «Сыңарын тап», «Көлеңкесін тап», « сияқты ойындарды пайдаланамыз сыни ойлаудың сыни компоненті сәйкессіздіктерді табу қабілеттері дамиды

Командада жұмыс істеу қабілеті мен байланысқа бейімділік (коммуникабельность).

Қазіргі кезде балалардың моральдық және коммуникативті дамуы күрделі жолдарға тап болған кезде, бұл мәселе ерекше маңызды. Шындығында ересектер қарым-қатынас саласында бұзушылықтар жиі кездесіп, балалардың моральдық және эмоциялық дамуының жоқтығы байқалады. Бұл тәрбиенің зияткерлендірілуі біздің өміріміздің шамадан тыс технологияландырылуына байланысты. Қазіргі заман балаларының жақын досы – гаджет, ал сүйікті ісі-мультфильм тамашалау мен компьютерлік ойындар екені ешкімге де құпия емес. Балалардың тек қана ересектермен ғана емес, өз теңдерімен де қарым – қатынасы азайды. Ал тікелей қарым-қатынас балалардың өмірін байытады, олардың сезім саласын жарқын бояулармен бояйды. Коммуникативтік дағдылар күнделікті әрекеттерде дамиды, дидактикалық, қимылды, сюжетті- ролдік ойындарда және ұжымды біріктіруге бағытталған ойындарды ойнатамыз . Мысалы**: «Бәріне арналған сыйлық», «Қолдар танысады», «Қолдар достасады», «Жағдаятты шеш»** ойындары және т.б. Жоғарыда айтылған ойындар балаларда жағымды қарым-қатынастарды орнатуды, жұмылдыруды, бірлесе жұмыс істеуге, өзгелердің жағымды қасиеттерін байқауды және оны сөзбен жеткізуге үйретеді, қақтығыстарды жеңудің жолдарын көрсетеді, тікелей еркін қарым-қатынаспен эмоционалды жақындығының жағымды атмосферасын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, Ұлы Абайдың сөздеріне тоқтала кетсек. «*Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек*» егер де өзіңнің шәкірттеріңнің бойында осы қасиеттерді көргің келсе, алдымен өз бойыңа оларды қалыптастыруға, дарытуға тырысып, өз алдыңа сыни ойлай алатын ұстаз болуың қажет. Өйткені сыни тұрғыдан ойлайтын адамды басыну мүмкін еместігі анық.

Әдебиеттер:

1. «Ізденіс» Облыстық педагогикалық газет № 16 (158) 29.08.2019
2. Оқу-инновациялық технологиялар №5 (21) 2017
3. Оқу-инновациялық технологиялар №4 (20) 2017
4. Заманауи білім №3(23) 25.09.2018
5. Ozin-ozi tanu KZ №4 (112) 2019

Балапанова Г.Ж.
Балқаш қаласы, С.Сейфуллин атындағы
№7 мектеп-гимназиясы

ФИЗИКА САБАҒЫНДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ӘДІС-ТӘСІЛДІҢ ТИІМДІЛІГІ

XXI ғасыр- Білім мен ғылым ғасыры. Нұрсултан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан мұғалімге жүктелетін жүк ауыр» деген.

Ұстаз тек өз пәнін жетік білу жеткіліксіз, ұстаздан ақпараттық, тарихи-танымдық, психологиялық, экономикалық білімділік талап етіледі. Ұстаздардың басты міндеті- адамгершілігі мол, қабілетті, рухани жан дүниесі бай, білімді, жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде дамыту.Сондықтан ұстаз тек қана сабақ беруші ғана емес, білім беру ортасында жаңа идеяларды, жаңа ақпараттарды тасымалдаушы.

Қазіргі жаңартылған білім берудің маңыздылығы-сын тұрғысынан ойлау, логикалық ойлау, ақпараттық технологияларды қолдану, коммуникативті қарым-қатынасты дамыту, зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Физика пәні оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын пән. Оқушылардың ізденісін, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, ақпараттық танымдарын дамытуға үлес қосады. Сондықтан оқушылардың осы қасиеттерін қалыптастыру үшін сәйкес тапсырмалар берілу қажет. Тапсырма құруда өз сабағымда көптеген белсенді әдіс тәсілдерді қолданамын.

Физика сабағымда қолданатын әдіс тәсілдер:

«Джигсо» әдісі.

Сабақтың ортасында қолданылатын әдіс. Жаңа тақырыпты оқушылар өздігінен талқылау үшін тиімді. Берілген әдіспен топқа бөлінген оқушыларға жаңа тақырыпқа байланысты бірдей мәтін беріледі. Топтар ретке саналып, сол ретпен топпен ауысады. Сол топтар жаңа тақырыпты әр түрлі әдіспен талқылайды. Кейін бастапқы топқа оралып, басқа топтан алып келген мәліметтермен бөліседі. Осы әдісті өз сабағымды жиі қолданамын. Мысалы 9 сыныпта « § 26 Математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері» тақырыбында оқушылар топқа бөлініп, топтарға «Гармоникалық тербеліс», «Математикалық маятник», «Серіппелі маятник» туралы мәтін берілді.Әр топ берілген тақырыпты талқылап, соңында ойларын постерга түсірді.

Тиімділігі- жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылап үйренеді, идеялармен бөліседі, оқушылардың барлығы белсенді қатысады.

Бір шындық, бір өтірік әдісі

Бұл әдіс сабақты бекіту мақсатында қолданамын. Әр оқушы жаңа тақырып бойынша бір шын мәлімет, бір өтірік мәлімет айтады. Басқа оқушылар қайсысы шын, қайсы өтірік екенін ажырата білу қажет. Негізгі мақсаты жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергендерін білу.

Домино әдісі

Оқушылыр сабақтың соңында тақырып бойынша өткен терминдерді үш тілде білу керек. Мұғалім қағазды домино пішіндес қиып, ортасынан сызық сызады. Екі жақ бөлігіне кез келген терминдерді қазақша, ағылшынша жазады. Бір оқушы қағаздың оң жақ қазақша терминнің аудармасын тауып жапсыру керек. Сонда келесі жағындағы сөздің аудармасын келесі оқушы тақтаға іледі. Солай қайталана отырып, оқушылар домино құрайды. Бұл әдісте үштілділіктің маңызы зор.

Мысалы:

	УАҚЫТ
TIME	МАССА
MASS	ЖЫЛДАМДЫҚ
SPEED	HEIGHT
БИІКТІК	КҮШ
FORCE	КӨЛЕМ
VOLUME	AREA
ПЛОЩАДЬ	ТЕМПЕРАТУРА
TEMPERATURE	

Кімге миллион бұйырады.

Бұл әдісте пән аралық байланыс, ақпараттық технология дамиды. LEARNINGAPP сайты арқылы тапсырма құрылады. Кейін оқушылар ұялы телефондарымен мұғалім ұсынған сайтқа кіреді. Ұялы телефондарында кімге миллион бұйырады бағдарламасындай сандар өсу ретімен беріледі. Әр санда өткен тақырыпқа байланыста сұрақтар тест түрінде 4 жауаппен ұсынылады . Сандар өсу ретімен орналасқан сайын, сұрақтар күрделене береді. Мысалы 7 сыныпта «Қысым» тарауын қайталау барысында, қалыптастырушы бағалау ретінде оқушыларға ұсынылған.



Конверт әдісі

Сабақтың барлық кезеңін қамтиды. Топқа бөлінген оқушыларға сұрақтар немесе физикада есептер жазылған конверт беріледі. Берілген сұрақтарға оқушылар ауызша немесе постер қорғау арқылы ойларынжеткізеді,берілген есептерді топпен швгарады. Тақырыпты бекіту мақсатында, кейде өткен тақырыпты қайталау мақсатында қолданамын.

Мысалы 7 сыныпта «Түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар» тақырыбын өту барысында, сабақты пысықтау кезінде пайдаландым.

№1 конверт

1. қозғалыстардың қай түрі өмірде сирек кездеседі?
2. Автомобиль 1 сағат ішінде 100 км жол жүреді, ал келесі сағатта ол 90 км жол жүреді. Бұл қандай қозғалыс түрлеріне жатады?
3. Бірқалыпты қозғалыс дегеніміз не?
4. Бірқалыпсыз қозғалыс дегеніміз не?

№2 конверт

Қозғалысты графикте сызын, оның түрін ажыратыңдар.

t, c	0	1	2	3	4	5	6
S, м	0	10	20	15	40	45	25

№3 конверт

Осы белсенді әдіс-тәсілдерді физика сабағында қолдану барысында оқушылардың бойында жоғарыда аталып кеткен логикалық ойлау, ақпараттық технологияларды қолдану, коммуникативті қарым-қатынасты дамыту, зерттеу қабілеттері қалыптасады. Аталып кеткен әдіс-тәсілдердің қаншалықты тиімді болғанын берілген диаграммада көрсетіледі.



Қорытындылай келе, оқушыларды жан- жақты дамыту мақсатында қолданған әдіс-тәсілдерім жемісті болды.

Балапанова К.С.
Қарағанды қаласы №92 гимназия

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ДЕҢГЕЙЛІК САРАЛАУДЫҢ МАЗМҰНЫ

Қоғамның мектептердің алдына қойған талаптарын орындап, білімді, жан-жақты дамыған ұрпақ дайындау жолында мектептегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың сан-алуан әдіс-тәсіл бар. Сондықтан солардың ішінде саралап оқыту тәсілін атап өтуге болады.

Биология сабағында жүзеге асырылатын негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың бойына өз күшіне және өз қабілетіне сенімді болу сезімін ұялату, әрқайсысының деңгейін стандартты талаптарға жеткізу, ал «мықты» оқушыға анағұрлым жоғары деңгейге көтерілуге мүмкіндік беру.. бұл үшін әр оқушыға пән бойынша оқу деңгейін өзіне таңдауға мүмкіндік беріп, яғни оқуды деңгей бойынша саралау қажет. Қазіргі кезде оқушыларды деңгейлік саралау биологияны оқытуда мейлінше тиімді әрі келешегі зор педагогикалық тәсілге айналып отыр. Жеке тұлғаға бағдарланған оқуға негізделген бұл тәсіл оқушылардың жақын арадағы даму аймағын және ізгілік, ізгілендіру,

демократияландыру идеяларын ескере отырып, дамытушы оқу қағидаттарын жүзеге асыруға бағытталған.

Деңгейлік саралау - белгілі бір бағдарлама бойынша білім алып жатқан балалар оны түрлі жоспарлы деңгейде игеруге құқылы және мүмкіндік алатын оқу түрі.

Деңгейлік саралаудың негізгі қағидаттары:

1. Міндетті дайындық деңгейін меңгеру
2. Оқу үрдісінің барлық қатысушыларына арнап міндетті дайындық деңгейін белгілеу және оны ашық түрде ұсыну
3. Міндетті талап деңгейі мен оқу деңгейі арасындағы «қайшы» (оқу нәтижесіне қойылатын міндетті талаптармен оқу үрдісін шектемеу)
4. Игеру деңгейін таңдауғы еріктілік және есептілік
5. Деңгейлі тәсіл бойынша білім мазмұнының, оны бақылау мен бағалаудың сәйкестігі, осының негізінде бақылау барлық оқушылардың міндетті дайындық деңгейіне жетуін тексеруі қажет. Бұнымен қатар, материалды анағұрлым жоғары деңгейде меңгеру де тексеріледі. Деңгейлік саралауда оқушылардың жетістіктерін бағалаудың маңызды факторлардың бірі оқушының нені меңгергені емес (бұл барлығы үшін міндетті стандарт!), өтілетін тақырып мазмұнын қалай игергені болып табылады: факторлерды айтып беру деңгейінде, оларды қайта құру деңгейінде (фактіні анықтау тәсілін айтып беру) немесе түрлендіру деңгейінде (ойлау операциялары деңгейінде).

Биологияны оқытуда деңгейлік саралаудың негізгі мақсатты бағыттары төмендегідей:

- әрбір оқушының оның мүмкіндігі және қабілеті деңгейінде оқыту;
- оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшеліктеріне қарай оқытуды бейімдеу.

Биология сабақтарын оқытуда деңгейлік саралауды жүзеге асыру құралдарының бірі – әртүрдегі тапсырмаларды пайдалану болып табылады.

Оқу барысында мектеп оқушылары күрделілігі үш түрлі деңгейдегі тапсырмаларды таңдап және орындай алады:

1. Қайталау деңгейдегі тапсырмалар білім берудің міндетті деңгейінен тұрады. Оқушылардың мұндай есептерді шешу үшін дайын алгоритм беріледі, олар алгоритмге сүйене отырып, тапсырманы біртіндеп орындайды.
2. Орта (өнімді) деңгейдегі тапсырмалар жаңа материалды жалпылауды қажет етеді, қорытындылар жасауға, жаңадан туындаған жағдайларда өз білімін қолдана білуге итермелейді. Мұнда оқушыларға мұғалім берген дайын мәліметтерді немесе мәселенің жалпы шешімін негзге ала отырып, тапсырмаларды орындауын ұсынылады. Мұғалім берген тапсырманы шешудің бір нұсқасын өзі көрсетуі мүмкін, ал оқушылар ойланып, өздерінің шешу жолдарын жүзеге асыруы тиіс.
3. Жоғары (шығармашылық) деңгей, шығармашылық элементтеріден құралған тапсырмаларды орындаудан тұрады. Мұндай салыстыру, талдау, қорытынды жасау, сондай-ақ шығармашылық ойлауды талап ететін қиындығы жоғары тапсырмаларды шешу кезінде берілген мәселенің бірегей шешімдерін табу керек. Мұнда оқушыларға тапсырманың тек сипаттамасы ғана беріледі, ал шешу әдісін олар өздері табады.

Осындай ілгерілемелі үдеріс бойынша оқушы алғашқы (төменгі) сатыдан бастап, өз мүмкіндігіне сәйкес деңгейге дейін көтереле алады. Оқушылардың алға ұмтылысына мұғалімнің де ықпалы бар, оқушылардың алдына мәселе қойып, белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы сабаққа қызықтыруы өздеріне жоғары мақсат белгілеп, жетуіне бағыттайды.

Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған жеті тәсілі бар: бірінші **тапсырма** - оқушыларға (жеке, жұпта немесе топта) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әртүрлі тапсырмалар беріледі. Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді. Балалардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керекпе, әлде күрделі тапсырмалар беру керекпе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасалынады. Күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар үлестірмелерді пайдалану керек. Мұғалім тапсырманы бәріне бірдей таныстырады, ал орындалу кезеңі болуы мүмкін: 1 топ-мұғаліммен бірге; 2 топ- алдымен мұғаліммен, содан кейін өз бетінше; 3 топ- өз бетінше. Тапсырмалардың нұсқалары қиындық деңгейі, шығармашылық деңгейімен және көлемімен ерекшеленеді. 1-нұсқа- негізгі тапсырма; 2-нұсқа-көлемі үлкендеу тапсырма; 3-нұсқа-шығармашылық тапсырма. Екінші: **дереккөздер** – оқушылар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу дағдыларын қажет ететін әртүрлі ресурстар ұсынылады.

Бұл әдісті қолдануды сыныптағы кейбір оқушылар басқаларға қарағанда әлдеқайда күрделі әрі ауқымды ресурстармен жұмыс жасауға бейім болатынын ескерген жөн және осы арқылы тақырыпты әр түрлі қырынан алу үшін түрлі оқу материалдарын пайдалануға мүмкіндік береді дегенді білдіреді. Кейбір оқушылар сабақта негізгі мәтінмен жұмыс жасаумен шектелсе, қабілеті жоғары оқушылар жетілген деңгей сөздіктермен және күрделі идеялармен жұмыс жасауға қабілетті болады. Саралаудың бұл түрі барлығына ортақ оқу нәтижелеріне жету үшін, оқу материалдарын кең көлемде пайдалануға мүмкіндік береді. Үшінші тәсіл: **қарқын** - кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт берілу керек. Төртінші тәсіл: **қорытынды -** барлық оқушылар бір тапсырманы орындасада олардың нәтижелері әртүрлі болу мүмкін, мұғалім тапсырма берген кезде, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек. Бесіншісі: **диалог және қолдау көрсету** - кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады. Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қою керек. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыруда маңызды рөл атқарады. Алтыншы тәсіл: **бағалау -** оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызметпен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз. Жетінші тәсіл: **жіктеу** - оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер болу мүмкін - мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі) – талаптары әртүрлі оқушылар - джигсо топтары - кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ - гендерлік топ - аралас гендерлік топ - ұйымшыл топ. Топтық жұмысты орындау үшін бір топта қандай оқушылардың болатыны маңызды емес. Осы жағдайда мұғалім өзі қалаған әдіспен оқушыларды шағын топқа біріктіреді. Топтың мүшелері кездейсоқ бірігеді. Бұл жағдайда мұғалімге сыныптағы оқушылардың бір-бірімен мейлінше араласқаны маңызды.

Тәжірибе көрсеткендей, сенімді түрде алға жылжу оқушыларды шабыттандырып, оларды қарқынды жұмыс істеуге ынталандырады. Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын арттырады.

Әдебиеттер:

1. Антропова М.В., Манке Г.Г., Кузнецова Л.М., Бородкина Г.В., «Дифференциация обучения: Педагогическая и физиолого-гигиеническая оценка» \\ Педагогика, 1992, №9-10

2. Тренерге арналған үлестірме материалдар. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Астана, 2016ж.

Балгабаева А.
Бухаржырауский район,
КГУ «Ельтайская ОСШ»

СИСТЕМА РАБОТЫ С ОДАРЁННЫМИ ДЕТЬМИ

Система работы с одаренными детьми включает в себя следующие компоненты: выявление одаренных детей; развитие творческих способностей на уроках; развитие способностей во внеурочной деятельности (олимпиады, конкурсы, исследовательская работа); создание условий для всестороннего развития одаренных детей. **В работе применяю методы** анкетирование, опрос, тестирование, творческие работы, проективный метод, метод исследования проблемы.

Как я достигаю результатов? *Прежде всего, наблюдаю за деятельностью учащихся* на уроках, исследую потенциал, изучаю каждого ученика, выявляю одаренных, провожу опрос. В опросе принимали 19 учеников 7-х классов.



Учащиеся с интересом относятся к новому предмету. Они любознательны, настойчивы в поиске ответов, задают глубокие вопросы, склонны к размышлениям, отличаются хорошей памятью. Используя творческие задания на уроке, вызывающие интерес учащихся к предмету, формирую исследовательские умения и навыки.

Они и общеучебные умения не требуют дополнительного времени или усилий, являются универсальными, т.е. исследовательскими.

Например: 1. Собираете землянику в лесу. Вас покусали муравьи. Место укусов чешется и болит**. П**очему болит место укуса муравья? Напишите название вещества из домашней аптечки, которое можете использовать, чтобы уменьшить зуд и боль. 2. У человека возникла изжога, связанная с повышенной кислотностью. В его распоряжении препараты: оксид магния MgO, хлорид аммония NH_4Cl, питьевая сода $NaHCO_3$, хлорид кальция $CaCl_2$ и глауберова соль $Na_2SO_4{\cdot}10H_2O$. Какой из препаратов предпочтительнее использовать для ликвидации изжоги и почему? 3**.** Сравнить механизм действия названных препаратов уменьшения кислотности желудочного сока. Какие преимущества у каждого из них, почему врачи отдают предпочтение препаратам на основе $Al(OH)_3$ и не рекомендуют принимать соду для нейтрализации кислотности желудочного сока? Ученикам нравятся ролевые игры, они любят составлять загадки, ребусы по теме, подобрать рифму к названиям веществ по химии, приготовить презентации.

Задача на ситуацию, логику и мышление: В радиусе 5 км вокруг завода ощущается легкий запах сероводорода. Вертолетом отобрали пробу воздуха. Анализ показал, что газ распространен на высоте 2 км. Концентрация сероводорода составляет 0,01 мл/л ПДК.

Представьте, что вы лаборант химзавода. **Задача:** определить массу сероводорода для улавливания 1 л сероводорода.

Создавая критерии оценивания, делю работу на отдельные части.

Информация. Кислоты при неосторожном обращении вызывают ожоги глаз, кожи, слизистых оболочек дыхательных путей. Для заливки аккумулятора нужна серная кислота. Серная кислота разъедает бумагу, ткани, обугливает древесину. При разбавлении концентрированной серной кислоты необходимо вливать кислоту тонкой струйкой в воду. Если воду вливать в кислоту, может произойти разбрызгивание кислоты на лицо и руки человека. *Чтобы не произошел несчастный случай, каждый должен знать правила обращения с кислотами.*

Задание. Составьте памятку «Правила обращения с кислотами».

Бланк ответа. При работе с кислотами запрещается:_____При работе с кислотами необходимо: _____. Критерии оценивания: Рекомендации представлены по пунктам –2 б, за каждый пункт – 1 б. Для памятки отобраны правила работы с кислотами, указанные в статье – 1 б. В памятке указаны рекомендации, суть которых не отражена в статье – минус 1 б за каждую такую рекомендацию. Максимальное количество баллов:10- б.

На первых этапах работаю над закреплением интереса к предмету, углубляем знания в рамках

школьной программы. Детей больше всего привлекают химический эксперимент и задачи с "сказочным" содержанием. *Углубление программы* представляет собой поэтапное, с учетом возрастных особенностей, целенаправленное формирование всех компонентов исследовательской культуры ученика, позволяют выявить учеников, способных к творческой работе, привлечь их к занятиям на факультативах. *Использование межпредметных связей* активизирует познавательную деятельность учеников, облегчает понимание сущности явлений и процессов, развивает практические навыки использования языков в коммуникативной деятельности, позволяет провести урок интересно, с запоминающимися примерами. *Место в периодической системе и строение атома элементов:* Write the symbols of chemical elements… Atomic number - …Atomic relative mass - …Period - …Group - …Number of protons- … Number of neutrons - …Number of electrons - …Number of levels - …

Electronic structure - …Electronic configuration - …Metall, non-metall or metalloid-…Select chemical elements with a constant valence -…Select chemical elements with variable valence.

Білікті мұғалім үшін өзінің даярлығының сапасы теориялық және тәжірибелік білімдерінің бірлігі ерекше және олар өзара тығыз байланыста болу керек. АКТ-ны енгізген кезде теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастығы оларды ойланып қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқыту және оқу үдерістерін жақсартуға жағдай жасайтын болады делінген мұғалімдерге арналған нұсқаулықта. Ақпараттық технология қолдануда ақпаратты алуды, жеткізуді, сақтауды және пайдалану әдістері мен құралдарын тиімді пайдалануда көп жетілдім деп айта аламын. Дьюидің айтуы бойынша мәселелерге ерекше көңіл аудару оқушылардың табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді, яғни «нақты бір мәселені қарастырып, қиын жағдайдан шығудың жолын өзіндік іздеу арқылы оқушы шын мәнінде ойланады». Осыдан сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда жаңашылдығы ерекше.



1 сурет. Топтық жұмыс

Менің тобымда әр түрлі деңгейдегі оқушылар бар. Бес саусақ бірдей емес дегендей, сыныптағы оқушылар өз ерекшеліктерімен дараланады. Сыныпта гипербелсенді де, тау қозғалсада қозғалмайтын оқушы да, ішімдегіні тап деген тұйық оқушы да табылады. Менің оқушыларымның ішінде бұрыннан сабаққа алғыр балалар да, оқуға қызығушылықтары жоқ балалар да баршылық. Осындай ерекшеліктері бар сыныппен жұмыс істеуде маған жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес ұйымдастырылған курстың тигізген маңызы көп болды. Әрбір сабақта бір жаңа тәсілді қолдануды мақсат еттім. Оқушыларды бір деңгейге толық жеткізу мүмкін емес, бірақ оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін қолдана отырып, олардың оқытудың жаңа тәсілдерін меңгере бастағанына, топтық жұмыста бірлесіп, тапсырмаларды ынтымақтаса орындағандары, көпшіліктен қалмау деген ұмтылыстарын қуана, қызыға отырып бақыладым. Білім берудегі жаңа тәсілдердің ішіндегі өзара бағалау, өзін-өзі бағалау, АКТ-ны тиімді қолдану, сыни ойлау, ойды тұжырымдау сияқты тәсілдерді қолдануда сабақтың нәтижелі болуына оң септігін тигізді.

Аталмыш курстардың өзектілігін менің тәлімалушыларымның жүргізген әрбір жұмыстарындағы жаңашылдықтан, өзгерістерден –ақ көруге болады. Тәлімалушымен жұмыс тығыз байланыста үздіксіз жүргізілді. Жаңа технология әдістерін қолданып, тапсырмалар ретін әр оқушының жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып құрды.



2 сурет. Жағымды орта «Ыстық алақан» стратегиясы

Оқушылардың танымдық іс әрекетке тартылғанын, құлшына өзара диалогқа түскенін, топтық жұмыстағы белсенділіктерін көріп, оқушы бойындағы қалай оқу керектігін түсініп, бірлесе қимыл жасағандарының куәсі болдым.

Курстан алған білім, іс- тәжірибемді күнделікті қолдана отырып әр оқушының өзіне жауапкершілікпен қарайтындығына, оқыту барысында оқушылар сабаққа белсенді қатысып, өз ойларын ашық айтып, пікір алмасуға, қорытынды жасай алуға, жеке, топта, жұпта оқу жазу әрекеттерін іске асыру дәрежесіне жетті. Сондай-ақ, мұғалім мен оқушы арасында тең құқылы қарым-қатынас орнап, мұғалім тек бағыт беруші тұлға екенін үнемі есте ұстауға тырыстым. Сабақ барысында бұл жаңа әдіс-тәсілдер оқушыларды жалықтырмайтынына, оқушыларда құлшыныс пайда болғанын сөзге тиек ете аламын. Осы әдіс- тәсілдерді, стратегияларды барлық пәндерде, ата-аналар жиналысы, тәрбие сағаты, конференция, пед.кеңестерде, форумдарда қолданып ұтымды өткізуге болатындығына әріптестеріммен біріге отырып көз жеткіздік.

Қорыта келе, жаңа мазмұнда оқытылп отырған курстар «Менің жаңа формация педагогі ретінде калыптасуыма» жақсы әсер етті. Сабақта 7 модульді тиімді, орынды қолданудың арқасында білім сапасы артып, сыныптағы ахуал түзелді. Оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасы өзгерді. Балалар бір-бірін сыйлауға, тыңдауға, толықтырып, түзетуге, түсіндіруге, ой бөлісуге машықтанды. Бала күнге қарай бойлап өсетін, өсіп келе жатқан жас шыбық секілді. Осы жас шыбықтарды түзу өсіретін, біліммен қоректендіретін біздер, ұстаздар. Сондықтан сіздерге адал еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер деп тілек білдіремін.

Мен ұстаздар қауымын күнге теңер ем. Күн жер жаһанды өзінің нұрымен нұрландырып, жылуымен жылытып,әсем табиғатымызға сұлу көрік береді. Ал, біз ұстаздар қауымы күн нұры іспеттес балаға жүрек жылуын құйып, бұлақ көзін ашқандай әр шәкіртімізді аша білсек, білім нәрімен сусындатып, көздерінен білім оты ұшқындаса, ол- біз үшін үлкен жетістік емес пе?!

Әдебиеттер:

1. «Мектеп ұстаздарының әлемі» республикалық-педагогикалық журнал. №5, 2019Ж.
2. «Бастауыш сынып әдістемесі» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал.№3,2016
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық,III деңгей
4. «Қазақстан мектептерінің шетел тілдері журналы»№6, 2013 ж.

Есимбекова С.Б.
Бухаржырауский район,
Ельтайская ОСШ

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ФИЗИКИ

Необходимость применения современных образовательных технологий при обучении школьников, в том числе физике возникла давно. Связано это во - первых, с тем, что стандартная форма проведения уроков не соответствует динамике социальной жизни; во-вторых, школьная программа ориентирована на усвоение определенных знаний. Для решения названных задач важно применять современные технологии.Одной из них является проектная деятельность учащихся.

Современная модель образования не может быть реализована без проектной деятельности.

Метод проектов позволяет:

- формировать информационную компетентность;
- утвердить деятельностный подход в обучении;
- индивидуализировать учебный процесс;
- обеспечить практико-ориентированное обучение;
- формировать коммуникативные компетентности.

Образовательный проект рассматривается сегодня как совместная учебно-познавательная, творческая или игровая деятельность учащихся, имеющая общую цель, согласованные методы, способы деятельности и направленная на достижение общего результата.

В основе методики лежат личностно - ориентированный, системно-деятельностный подходы**.**

Личностно - ориентированный подход предполагает ориентацию на личность учащегося при мотивации, выборе направления и темы работы, формы её представления, оказание помощи в становлении обучаемого как субъекта деятельности.

Системно - деятельностный подход заключается в том, чтобы организовать работу самих учащихся по поиску, изучению, переработке информации и представлению её в заданном виде.

Целью проектной деятельности при изучении физики является понимание и применение учащимися знаний, умений и навыков, приобретенных при изучении данного предмета.

При организации проектной деятельности учащихся я ставлю следующие задачи обучение планированию деятельности:

- формирование навыков сбора и обработки информации;
- умение анализировать и обобщать;
- умение наблюдать;
- развитие внимания, памяти;
- формирование навыков публичного выступления;
- формирование навыков работы с ИКТ.

При изучении школьного курса физики, в основном во внеурочное время, отдельными учащимися выполняются учебные проекты – исследования. Их результат – активизация познавательной деятельности учеников и новые знания, полученные участниками проекта в процессе решения проблемы по изучаемой теме, анализа теоретических соотношений, описывающих изучаемое физическое явление, и создания адекватной модели явления, конструирования и изготовления необходимой экспериментальной установки, проведения исследования обработка экспериментальных результатов. Таким образом, в процессе работы над проектами у учащихся эффективно формируются общие учебные умения, универсальные учебные действия: организационные (регулятивные), интеллектуальные (познавательные), оценочные (личностные) и коммуникативные.

Из своего опыта работы могу сказать, что метод проектов даёт положительные результаты и повышает мотивацию при изучении физики. Работы выполняются с большим интересом, творчески, повышается самооценка ученика.

Так например, на районной научно – практической конференции «ЗЕРДЕ» ученик 7 класса 2015 – 2016 учебном году выступил с проектом **«Применение диффузии»**, актуальность темы исследование явления диффузии в жизни человека. Этот же ученик выступил на районной научно – практической конференции «Зерде» 2016 – 2017 учебном году с проектом **«Роль теплопередачи в природе и технике»**, актуальность темы нужно ли человеку учитывать явление теплообмена в своей жизни, и если нужно, то каким образом?

Также этот ученик 9 класса выступил на районной научно – практической конференции «Зерде» в 2017 – 2018 учебном году с темой **«Выяснение условий, от которых зависит тяга в печной трубе»**. Актуальность этого проекта в том, что ученика заинтересовало, что тяга трубы – вентиляционный эффект в зданиях и печах который возникает за счёт разницы температур воздуха снаружи и внутри трубы (здания). Ученик понял практическое применение явление конвекции.

Также этот ученик 10 класса выступил на районной научно – практической конференции «Зерде» в 2018 – 2019 учебном году с темой проекта **«Водород альтернативный источник огня (ВАИО)»** и на областной в 2019-2020 учебном году этот же ученик 11 «Б» класса защитил проект, занял 1 место и прошел на Республиканский этап. Актуальность проблемы исследования заключалась в том, что трудно представить жизнь современного человека без использования огня. Благодаря ему люди живут в комфортных условиях - в теплых домах, освещенных помещениях, питаются вкусной пищей и ежедневно пользуются предметами, созданными при помощи пламени. Но источники огня рано или поздно закончатся, и поэтому нужно искать более альтернативные источники чем уголь, газ, нефть.

Объектом исследования является водород как альтернативный источник огня. Предмет исследования: горение водорода. А практическая значимость выполненной работы заключается в том, что сделана установка.

Из своей практики я пришла к заключению, что проектная деятельность даёт возможность учащимся научиться организованному планированию совместной деятельности, поиску необходимой информации, умению обрабатывать её, развитию творческого мышления. Все выше сказанное является основой для развития функциональной грамотности через использование проектно - исследовательского метода работы учителя и ученика.

И в заключении хочется сказать - проектная деятельность учащихся – это новая технология обучения. Она позволяет перейти от учения как процесса запоминания к самостоятельной

познавательной деятельности; от ориентации на среднего ученика к дифференцированному, персонифицированному обучению; от неопределённости и размытости перспектив «дружбы» с физикой к серьёзной мотивации деятельности в области техники или инженерных наук.

Литература:

1. Гузеев В.В. Образовательная технология: от приема до философии / М.: Сентябрь, 1996. — 112 с.
2. Круглова О.С. Технология проектного обучения. //Завуч. 1999. №6
3. Новикова Т.А. Проектные технологии на уроках и во внеурочной деятельности. //Школьные технологии. 2002. №2.

Жайлаубаева Л.Ч.
Бұхар-Жырау ауданы, Елтай ЖББОМ

СӨЙЛЕУ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУ-МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ

Адамның өмірі сөйлеу дағдыларымен байланысты. Адам өз сөйлеу дағдыларын өдері дамытады, тілдік қорын байытады, ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту арқылы тілді жетік меңгеруге тырысады. Барлық білім мен іскерліктердің ішінде өмірлік қызмет үшін маңызды әрі қажетті болып өз тілінде анық, түсінікті, сауатты сөйлеу болып табылады. Балалық шақтан бастап адам сөйлеу қызметі, сөйлеуді қабылдау мен айтылым арқылы ана тілін меңгереді. Сондықтан балаға сөйлеу қызметі үшін жағдай жасау маңызды. Әр жас кезеңі баланың тілдік дамуы үшін қажетті, өйткені сөйлеуді меңгерудің маңызды қадамдары балалық кезде, мектепте және студенттік уақытта қалыптасады. Тілдің байлығы неғұрлым толық меңгерілсе, адам қоғам мен табиғаттағы күрделі байланыстарды соғұрлым табысты игереді.

Мектеп жасында сөйлеу дағдыларын оқыту үдерісіне келер болсам, оның негізгі міндеті мектеп оқушысы ауызша және жазбаша сөйлеу қызметін меңгеруі болып табылады. Ауызша сөйлеу көзбен көріп қабылдауға бағытталады. Жазбаша сөйлесімде оқушылар жағдайды, сөйлеу уәждерін өздері құрып, еркін әрекет етуі қажет, яғни өз ойларын сөз арқылы түсіндіруі қажет. Ауызша тілдесім жазбаша сөйлеу іскерліктерін меңгеруге ықпал етсе, жазбаша тілдесім, өз алдына, анық, дұрыс, логикалық тұрғыдан дұрыс құрылған ауызша тілдесімді дамытуға септігін тигізді.

Тілдік дағдыларды арнайы, жоспарлы және жүйелі түрде, оқылған грамматикалық материалға сүйене отырып үйретеміз.Осыдан келе отырып, оқушыларды оқығанына баса назар аударуға, логикалық тұрғыдан ойлау іскерліктерін дамытуға, ойын дәлелдетуге, мәтін құастыруға үйретудеге сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары өте тиімді деп білемін. Өз іс-тәжірибемде «Алты қалпақ әдісі», «Миға шабуыл», «INSERT» әдістері жүйелі қолданылып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда оң өзгеріс көрсеткенін байқадым.

1 сурет. «Миға шабуыл».

2 сурет. Топтық жұмыс

Дегенмен қазіргі таңда жастардың басым бөлігінің күнделікті өмірде мәдени құндылықтардан алыстағанын байқап келеміз. Ауызша және жазбаша сөйлесімнің мәдениетіне қойылатын талаптар да азайды. Өскелең ұрпақтың сөйлесу мәдениетінің, жоғары деңгейдегі тілдік және сөйлеу құзыреттілігінің қалыптасуына кедергі жасайтын факторлар қатары да бар. Балаларда уәждіктің жоқтығы, іскерліктері мен дағдыларын жеткіліксіз дамыту байқалады, бұның өзі мектеп

оқушыларының жалпы және сөйлеу мәдениетінің дамуына кері ықпал етеді, олар ойлау, бақылау және бағалауды азайтады.

Бұл жағдайда мен оқыту мен оқуда оқушылардың танымдық белсендліктерін арттыратын тиімді әдістерді қолданып, сабақты жаңа форматта түрлендіріп өткізуге ат салысамын. Мақсат баланың көп білуінде емес, оның өз бетімен әрекет ете алуы және кез келген жағдайда мәселені шеше алуында, яғни мектеп оқушысына жалпы білімді меңгертіп қана қоймай, сонымен қатар тез өзгергіш қоғамда өмір сапасын қамтамасыз ететін құндылықтарды меңгерту болып табылады. Тілді, ауызша және жазбаша сөйлеуді меңгеру – әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін қажетті шарт. Тілді үйретудегі басты міндет баланы үздіксіз тілдік қарым-қатынас үрдісіне тарту болып табылады. Тіл түрлі коммуникативті міндеттерді атқарады, түрлі қарым-қатынас салаларына қызмет етеді, сондықтан да тілдік дағдыларды меңгеру, тұлғаның сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу қарым- қатынас мақсатын, сала мен шарттарды ескермеген жағдайда мүмкін болмайды.Тілдік дағдыларды дамыту түсінігі адамның өмір бойына өтетін тілді меңгеру үрдісі болып табылады және оның механизмдері ретінде тұлғаның рухани қалыптасуымен, оның ішкі әлемінің баюы мен тікелей байланыста болады. Адамның тілдік дағдыларын қарқынды дамыту жүйелі оқу үрдісіне айналады. Оқыту барысында балаларға оқылған материалды түсініп, өз ойын анық, сауатты дәлелдей отырып жеткізуге үйрету маңызды, сол себепті нұсқаулық дұрыс берілу керек. Осылайша, сабақта оқушылардың коммуникативті дағыдаларын, анализ және синтез ойлау операцияларын, сөзді сезіну дағдыларын дамытуға бағытталған тілдік орта қалыптасады. Бұл дағдылар мен іскерліктер өз білімін белгілі бір өмірлік жағдаятта қолдануға, еркін ойлауға, еркін сөйлеп-жазуға, өздерін тұлға ретінде тануға септігін тигізеді.

Қоғамымыздағы мәдени-экономикалық қарым-қатынастар, әлеуметтік тапсырыс, ағылшын тіліне оқытудың жаңа жолдарын қарастыруды талап етеді. Ағылшын тілін үйретудің басты практикалық мақсаты-коммуникативті біліктілікті қалыптастыру және диалогтық оқыту арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру бүгінгі күні сөзсіз өзекті және маңызды.

Диалогтік оқыту оқушыларды қажетті қарым-қатынас жасай білуге қалыптастырып, әңгімелесушіні тыңдай білуге, тілдесуге кірісуге және оқушылардың кітаппен жұмыс істей білу сияқты т.б. тәрізді оқу дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыруға белгілі бір үлесін қосады. Диалогтың жүзеге асырылуы мақсаттың қалыптасуы арқылы қарым-қатынастың пайда болуымен байланысты, ал ол өз кезегінде сөйлеушілердің қатысым жасауының қажеттілігін туындатады. Ауызша сөйлеуептілігін дамытуға үйретудің қажеттілігі, әсіресе диалогты құрастыра білуге үйрету, түсіне отырып тыңдауға үйретудің барлық торабымен тығыз байланысты [1, 51].

Коммуникативті біліктіліктің қалыптасуы, одан әрі дамуы сөйлеушілер мақсатына тікелей тәуелді. Тәжірибе барысында жаңа материалдарды оқытқанда және бекіту кезінде, жаттығуларды ұйымдастыруда, оқығанды және тыңдағанды тексеру үшін диалогтік әдісті қолдануға болады. Білім беру барысында диолог негізгі рөл атқаратыны белгілі. Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігі жөнінде жеткілікті дәлелдер бар.

Олар:

- Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді.
- Басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінуіне көмектеседі.
- Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі.
- Оқушыларға білім беру барысында мұғалімдерге оқушылардың қандай білім деңгейінде екендігін түсінуге көмектеседі.

Сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету арқылы оқушылардың ағылшынша сөйлеу дағдысын қалыптастыра аламыз. Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін: сөзді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету, мәтінді, өлең сөздерді айтқанда дауыстың анық болуын қадағалау, сұрақтарға жауап беру, дұрыс сөйлеуге үйрету, сұрақ қоя білу мен әңгімені бастау, жалғастыру, аяқтай білу қабілетін қалыптастыру сияқты жұмыстар қатар өрбіп отырады. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ — жауап, рөлдік ойын, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу. Мысалы: сұрақ - жауап әдісі — ағылшын тілі сабағында оқушылардың ынтасын арттырады, қызығушылығын оятады.

Қорытындылай келе, оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруде, оқушылардың білім деңгейлерін анықтауда, өз идеяларын дәлелдеуде, бір-бірімен пікір алмасуда, білім алуға қомақты үлес қосатын шын мәніндегі оқытудың тиімді түрі диалогтық оқыту болып табылады. Оқушылардың білетін, білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдыларының болуын талап

етеді. Әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады. Оқушылардың білімі мен ойлау қабілетін зерттеуге шынайы ұмтылу оқу үдерісіне барынша қызықтыру үшін ынталандыру болып табылады.

Әдебиеттер:
1. Құсайынов А. «Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру сапасы»
2. «Қазақстан мектептерінің шетел тілдері журналы»№6, 2013 ж.
3. «Қазақстан мектебі» жкрналы №11-12 2007 ж
4. Ақпараттық-әдістемелік журнал «Тренер-EDUCATION» №1,2014ж

Жакенова К.А.
Мұқаш Ж.Қ.
Қарағанды қаласы, №12 ЖББОМ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі білім мазмұнында түбегейлі өзгерістер орын алуда. Атап айтар болсақ, жаңартылған мазмұн жағдайында оқытуды саралаудың маңыздылығына баса назар артуда.

Ал саралап оқыту дегенімізді барлығымыз бірдей түсінеміз бе, саралап оқыту дегеніміз не деген сұраққа жауап беріп көрейік.

Саралау дифференциация деген латын сөзінен шыққан, («Дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады.

Бағдарламада берілген сабақ мақсатына жету үшін саралау әдістерін қалай қолдансақ болар?- деген сұрақ толғандыратыны аян. Ол үшін ең бірінші саралау алгоритмін басшылыққа алу керек. Саралау алгоритмдері:

Саралауды жүргізу алгоритмдері	Қарастырылатын мәселелер
Оқу мақсаттарын анықтау	Бұл сабақтың мақсаты не? Оқушылар нені білуі, түсінуі керек? Білім, түсінік, дағды мақсатқа бағытталған ба?
Сынып оқушыларының қызығушылығы мен дайындығы туралы ақпарат жинау	Оқу мақсаиына сай оқушылардың дайындығы қандай болмақ? Мен оларды қалай анықтай аламын?
Сабақтың дәйектілігі	Оқушылардың дайындығына сабақ кезеңдері сәйкес келе ме?
Сабақты талдау, саралау мүмкіндіктері	Сабаққа саралау жүргізу. Кейбір оқушылар не істей алады? Оқушыларға ықпал ететін жағдайлар қарастырылған ба?
Саралап оқытуды жоспарлау яғни тәжірибе мен тапсырмалар	Саралау тапсырмаларын беру үшін қандай әдістерді қолданамын? Барлық оқушылардың жұмыс істеуін қалай қамтамасыз етемін?
Нақты сабақтың жоспары	Сабақ қалай жүргізіледі? Оқушылардың үлгерімін қалай бақылауға болады?
Сабақты жүргізу	Сабақ барысында оқушылар алға ұмтылды ма? Мен оны қайдан білемін? Бұған не дәлелдеме болады ?

Екінші, оқытушы өзінің әр сабағында саралау әдісін дұрыс қолдану үшін төмендегідей үш қағиданы басты назарда ұстауы шарт демекпіз. Оларға:

Оқушы нені үйренуге тиіс? (мазмұнға қатысты)	Үдеріс барысында оқушы оны қалай меңгереді?	Оқушылардың меңгергенін қалай көруге болады?
Білім беру бағдарламасындағы оқушылар меңгеруге тиісті ұғымдарды, идеяларды, ақпарат пен дағдыларды қастиды	Оқушылардың сабақ барысындағы тақырыптың мазмұнымен жұмыс істеу жолдары	Оқушылардың үдеріс барысындағы тақырыпты меңгергендігінің дәлелдемелері. Бұл оларға өз әлеуеттерін көрсете отырып, қаншалықты меңгергенін көрсетуге мүмкіндік беруі керек.

Саралау әдістерінің түрлері өте болғанымен, мұғалім сабақтағы тақырыптың күрделігі мен сынып оқушыларының қабілеттеріне, деңгейіне байланысты саралау тапсырмаларының түрлерін тиімді қолдана білсе, жақсы нәтиже берері сөзсіз. Сабақ барысында көп қолданылатын саралау әдістері төмендегідей :

Саралау тәсілдері	Тиімділік жақтары
Мақсат бойынша саралау	Сабақты жоспарлаудан бастау алып, сабақтың мақсатына негізделеді,оқушылардың көпшілігі, басым бөлігі, кейбір оқушылар (дарынды) үшін қол жетімді тапсырмаларды орындауға бағытталады.
Мәтін бойынша саралау	Түрлі деңгейдегі мәтіндермен жұмыс жасайды. Оқушының жұмыс жасау деңгейіне байланысты мәтіндерді әзірлейді және оқушыларға түрлі ақпаратты қол жетімді ету шараларын ойластыруы қажет.
Тапсырма бойынша саралау	Блум таксономиясын негізге ала отырып түрлі тапсырмалар ойластыр, оқушыларға түрлі таратпа материалдарын, кеспе қағаздар мен жаттығулар ұсынуға болады
Диалог негізінде саралау	Мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі, сөздік қор және қолданылатын тілдің мүмкіндіктері мен күрделілігі әр оқушының қабылдау деңгейіне сай бейімделеді
Оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы саралау	Көмек ауқымы мен деңгейі де оқушы қажеттілігіне сай сараланады.Оқушыға қолдауды басқа оқушыдан, компьютерден немесе ақпараттық технологиялар арқылы қолдау көрсетуге болады.
Қарым-қатынас формалары бойынша саралау	Топтық жұмыс арқылы ынтымақтастық оқыту болып табылады. Шағын топтарда қабілеті орта оқушы өзінің құрбысынан көмек алуға мүмкіндігі болса, ал қабілетті оқушылар өз ойы мен идеясын жүзеге асыру арқылы топ жұмысына үлесін қоса алады.

Жоғарыда көрсетілген саралау тәсілдері арқылы, әр түрлі тапсырмалар беру арқылы оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу, қандай деңгейде болса да қарым-қатынас жасай білу,дағдылары дамиды. Қазақ тілі, әдебиеті сабағында саралап оқытуда БЛУМ таксономиясы мен сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолдану өте ұтымды. Оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау қорытындыға келу, құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу, мәселені шеше білу, пікірталас жүргізе білу, басқалармен қандай деңгейде болса да қарым-қатынас жасай білу, қажет жерде өз көзқарасын өзгерту, топ алдына шығып, өз тұжырымын айта білу, ойын қорғай білу қабілетін дамытады. Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары: «Мінездеме берушілер», «Әдеби оқу», «Пирамидалық талқылау, «Ізденушілер», «Семантикалық карта», «ББТЗО» **«FILA толтыру» әдісі»** т.б. Оқушы өз білім- қабілетіне қарамай өз шығармашылығын көрсете алады. Бұл стратегиялар баланың еркін терең жан-жақты ойлауына үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады.

Мысалы: 6- сыныптың әдебиет пәніндегі С.Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесін алайық.

Сабақ тақырыбы: **Т/Ж2. С.Мұратбековтің «Жусан иісі» повесінің тақырыбы мен идеясы**

Сабақ мақсаты:6.Т/Ж2 – әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру

Сабақ мақсатына сай төмендегідей саралау жұмыстарын іске асыруға болады. **«Әдеби оқу» стратегиясы бойынша «Баяндамашылар»** әңгімені толық оқып, алдымен жұпта, содан кейін топта бір-біріне түсіндіреді. Топтан бір оқушы шығып, барлық сыныпқа мазмұнын айтып

шығады.**«Мінездеме берушілер»** әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме береді. **«Ізденушілер» «Талқылау кестесін» толтырады**. **«FILA толтыру» әдісі бойынша** оқушылар тапсырма түрлерін бөліп алады, ізденеді, тақырыптың қорытындысында жұмыстарын біріктіріп, кестені толтырады.

F/ Дерек/ кейіпкер туралы	**I /Пікір/** кейіпкер туралы	**L /Сұрақ/** кейіпкердің образын ашатын	**A /Іс-әрекет/** автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі

Бұл сабақта мақсат, тапсырма , мәтін, топтық қарыс- қатынас, диалог арқылы сұрақтар құрастыру саралау жұмыстарын жүргізе аламыз.

Химия пәні бойынша 8 сыныптың «Металдар белсенділігін салыстыру» тақырыбы бойынша оқу мақсатына сәйкес төмендегідей саралау жұмыстарын жүргіздік. Эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құрып және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендірді. Осы сабақ негізінде «Сап түзеу», «Адасқан формулалар», «Көршіңмен хабарлас», «Конверттегі сұрақ» әдісі арқылы саралау жұмыстарын жүргіздік.

Тәжірибеміздан көріп отырғанымыздай, оқушыларға саралап оқыту әдісін қолдану оқушылардың білім сапасын, олардың біліктілік деңгейі мен қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелейді, сабаққа қызығушылығын арттырады. Осы сабақтар бойынша саралап оқытудың тиімділігі төмендегідей нәтижені көрсетті.

Саралау әдіс - тәсілдерінің тиімді нәтижелері



Әдебиеттер:

1. Антропова М.В., Манке Г.Г., Кузнецова Л.М., Бородкина Г.В., «Дифференциация обучения: Педагогическая и физиолого-гигиеническая оценка» \\ Педагогика, 1999, №10-12

2. Глейзер Г.Д. «Индивидуализация и дифференциация обучения в школе» -М.1985. Осмоловская И.М., «Организация дифференцированного обучения в современной школе» - М.; Институт практической психологии; Воронеж: «Модек». 2001.

Жаксыбаева Г.Н.
СОШ №2 им. А.Ермекова
г.Каркаралинск

ПРИМЕНЕНИЕ СИСТЕМ ЗАДАНИЙ ДЛЯ СУММАТИВНЫХ РАБОТ УЧАЩИХСЯ

«Основная задача химии - создание веществ с заданными свойствами в соответствии с потребностями практики». Без применения в жизни никакое знание не имеет цены и не дает ожидаемых результатов. Изучение каждого нового вещества на уроках химии в основном начинается с практического применения в жизни, связанного со свойствами, свойства - с составом и строением веществ. Вещества с заданными свойствами используются как материалы новой техники. [1]

Для обучения химии и формирования речи учащихся необходимо создание схемы и ее комментирование. Многие приемы давно известны, умелое сочетание индивидуальной, парной, групповой, фронтальной работы раскрывает взаимосвязь между новым и ранее изученным. Повторение материала на уроке отражает степень подготовленности ученика, что приводит его к дифференцированному изложению теоретического материала.

Для формирования у учащихся общеучебных умений и навыков работы с материалом, хороший результат дает выполнение учащимися различных заданий. Разноуровневые задания и упражнения позволят школьникам выбирать уровень освоения предмета в соответствии со своими возможностями и желанием.

Задание к теме «Введение в химию. Чистые вещества и смеси». Найдите в правом столбце названия химического элемента, химического соединения, смеси. Соедини их стрелками

1.Химический элемент 2.Химическое соединение 3.Смесь	А.Свинец Б.Песок В.Кислород Г.Вода Д.Сульфид железа Ж.Пищевая сода З.Соляная кислота Е.Молоко

Задание к теме «Изменения состояния вещества»

Распределите в два столбика явления:

Явления	Физические	Химические	А)Горение древесины Б)Таяние льда В)Гниение опавших Г)Расплавление листьев свинца Д) Растворение Е)Почернение сахара серебряной ложки
Примеры			

Задания к теме: «Атомы. Молекулы. Вещества»

Проставь пропущенные слова в определениях:

«Массовое число - сумма числа… и… в атоме;

Протоны имеют…, равный заряду…, но противоположный по знаку (+1) и массу, равную массе … водорода;

Изотопы - разновидности… одного и того же химического…, имеющие одинаковый заряд…, но разное … число;

Нейтроны не несут…, они нейтральны и имеют…, равную массе…;

Химический элемент -… определенного вида;

Простые вещества -… одного химического…, а сложные-…разного вида;

Задания к теме: «Формулы веществ и уравнения химических реакций»

Составьте уравнения соответствующих реакций. Подберите индексы и коэффициенты в уравнениях реакций. Ca, P, H_2, S, K с кислородом.

,

,

,

,

+

→

Задание к теме «Химическая активность металлов»



Из перечня: AL, Sn, Fe, Cu выпишите металлы, не подвергающие коррозии: железо +воздух + …→ ржавчина.

Задание к теме «Сплавы металлов»

Знаете ли вы…

бронза - сплав Cu и Sn, а латунь- Cu и Zn (Бронза долговечна, износостойка, высокое качество трубопроводов, посуда, украшения. Латунь материал для труб, посуды, ювелирные украшения, фитинги, машинные детали, дверные ручки.)

в природе встречаются в виде самородков (химически инертные металлы) -золото и платина, иногда — серебро и медь. [2]

Задание к теме «Количество вещества»

- Основные понятия данной темы: [2]
- Что такое молярная масса?
- Назовите формулу количества вещества по массе, через число Авогадро.
- Закончите фразу: Моль - мера количества …(…, …,ионов)

Задание к теме «Стехиометрические расчеты»

Задача – таблица. Заполните клетки со знаками вопроса: [3]

Вещество	N_A	Mr	M	m	N	ν	D возд.
CH_4	?	?	?	?	?	2 моль	0,55
NH_3	?	?	?	?	?	1,5моль	?
H_2S	?	?	?	34	?	?	?

Задание к теме «Электролитическая диссоциация»

Применение электролитов: [4]

Электролит	Название	Формула	Применение
1.Гидроксид кальция	Пушонка, ?	?	+ песок→ вяжущий строительный материал
2.Хлорид натрия	?	?	Промывание ран, глаз, слизистой оболочки носа
3.Вода+ ?	Пищевая сода	$NaHCO_3$	Разрыхлитель для теста, чистка чайника, избавление накипи

Говорят, что дать предмету имя - значит сделать шаг на пути его познания. Использование учителем терминов делает его речь экспрессивной, гибкой, красивой, что является хорошим примером для школьников.

Задание к теме «Периодическая система химических элементов»

Установите соответствие:

Вещество	Символы	Названия(образные и старинные)	Применение
I.Платина	?	1) «Белое золото»	A. «Рождающий воду»
II.Водород	?	2) «Металл роскоши»	B. Природный антибиотик
III.Серебро	?	3) «Элемент жизни и мысли»	C. Недостаток его приводит к ослаблению живого организма
IV.Фосфор	?	4) «Горючий воздух»	D. В оправе жемчуг выглядит ярче, крупнее

Вещество	Символы	Названия(образные и старинные)	Применение
I. Железо	?	«Металл богини любви», «Красный камень»	Использование сетевых кабелей и проводов электропередач.
II. Уголь	?	С греческого «Безжизненный»	При синтезе аммиака, удобрений
III. Медь	?	«Древний –антрацит»	Источник тепла
IV. Азот	?	«Небесный камень»	Металл современной техники, сплавы чугун, сталь

Самостоятельная работа учащихся на уроках ведется по специальному заданию. От цели, содержания, формы задания зависит характер деятельности школьников. [5]

Химические знания возникли из запросов практики. Но от умения использовать некоторые природные материалы для жизненных потребностей для создания химии как науки прошло много

столетий. Накоплено много фактов. «Мощь и сила науки - во множестве фактов, цель - в обобщении этого множества…Собрание фактов и гипотез - еще не наука, оно только преддверие ее…» писал Д.И. Менделеев [6].

Литература:

1. Научно-методический журнал Химия. Методика преподавания в школе №1 1985 с. 38;
2. Научно-методический журнал Химия в школе №8 2003 с. 34,с. 37;
3. Научно-методический журнал Химия. Методика преподавания в школе №1 2001 с. 61;
4. Научно-методический журнал Химия в школе №2 1991 с.19;
5. Р.Г. Иванова, Т.З. Савич, И.Н. Чертков Самостоятельные работы по химии. Москва «Просвещение» 1982 с.10;
6. В.А.Крицман Книга для чтения по неорганической химии Часть 1 Пособие для учащихся Москва «Просвещение» 1974;

Жаксыгелдина Ш.Т.

Балқаш қаласы, Абай атындағы №2 лицей

МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ІС- ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУДІ ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Білім берудің жаңа парадигмалық жағдайында педагогтың зерттеушілік қызмет мәдениетін қалыптастыру туралы сұранысы туындауда. Заманның сұранысына сай жаңашыл ұстаз қатарында «зерттеуші» ұстазда ерекше орын алуда.

Зерттеуші ұстаз деген сөзге түсінік беретін болсақ: Зерттеуші – зерттеу жұмысын жүргізуші,сараптаушы және нәтижесін тексеруші. Зерттеуші ұстаздың іс-әрекетіндегі оқыту технологиясының ерекшелігі оның білімді меңгеруге емес**,** тұлғаны танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни жадының алуан түрлерін есту, көру қимыл және тағы басқа ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауыпсіздігін өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, танымдық және шығармашылық қабілеттерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын ауызша және жазбаша тілінде бағыт алуы. Практик-мамандар мектеп проблемаларын ойластыратын және оларға жауап беретін үдеріс мектеп базасындағы іс-әрекеттегі зерттеу болып табылады. Бұл – «мектепте» және «мектеп туралы» ғана емес, ең алдымен, «мектеп үшін» жүргізілетін зерттеу нысаны. Осыған қарап, мұғалімнің міндеті өзінің жеке тәжірибесін түсіну және жетілдіру үшін өзіндік рефлексивтік зерттеу үдерісіне өзінің тартылуы, ұмтылуы деп айта аламыз. Іс-әрекеттегі зерттеуге қатысушылар оқу бағдарламасын өзгертуге, мектепте қолданылатын тәжірибеге қатысты пікір айтуға және проблема қою, деректер жинау, талдау және әрекет ету жөніндегі үздіксіз үдерістермен айналысу арқылы әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізу жұмыстарына бағытталған.

- **Іс-әрекеттегі зерттеулердің түрлері:**

Жеке мұғалімнің іс-әрекеттегі зерттеуі: әдетте нақты сыныптағы бір мәселені немесе қарастырады.

- Бірлескен іс-әрекеттегі зерттеуге екі мұғалім немесе бірнеше мұғалімдер тобы және сынып немесе әдістемелік бірлестіктің өзекті проблемаларын шешуге қызығушылық танытқан басқа адамдар қатыса алады.
- Мектептің кеңейтілген іс-әрекеттегі зерттеуі жалпыға ортақ мәселелерге бағытталады, мәселен: мектеп қызметіне ата-аналардың араласуы және осыған байланысты ол маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндігінше көп ата-ананы тартудың қолайлы тәсілдерін анықтау;

«Балқаш қаласы Абай атындағы №2 лицей» КММ нің педагогтары жаңартылған білім мазмұнының іс -тәжірибесіне сүйене отырып, заман талабына сай білім саласындағы жаңа өзгерістерге ұмтылысы зор шығармашыл ұжым. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда лицейде біршама әдістемелік жұмыстар жоспарланып жүргізілуде. Өткен оқу жылынан бастап «Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу мәдениетін дамыту» тақырыбында Әдістемелік

зертхана құрлды. Зертханада деңгейлік курс өткен және «педагог -зерттеуші» « педегог -сарапшы» санатындағы мұғалімдердің шығармашылық топтары жұмыс жасауда.

Зертхана мақсаты - оқу-тәрбие үдерісінде мұғалімдердің зерттеушілік қабілетін теориялық тұрғыда дамыту арқылы, терең ғылыми ізденістегі білім қажеттілігімен қамтамасыз ету.

Зертхана міндеттері:

- Мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін арттыру және өзіндік жекелей зерттеу тақырыптарын айқындау;
- Мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін, шығармашылық іс-әрекет бағыттарына сай дамытуға жағдай жасау;
- Зерттеушіліктегі шығармашылықты қолдау, ізденістік қабілетті ынталандыру, мотивацияны қолдау.
- Ғылыми - зерттеу мәдениет ортасын құру

Эксперименттің жүру кезеңдері:

I. Диагностикалық кезең: қойылған мәселені шешудегі жағдайлардың тиімді жолдарын қарастыруда сауалнамалыр жүргізу.

II. Айқындау кезең .Эксперимент бағдарламасын дайындауда мақсат, міндет, мазмұн, құрал, әдістері мен нәтижелерін жасау.

III. Ұйымдастыру кезең: эксперимент жүргізу үшін мұғаілімдердің кәсіби шығармашылық деңгейін (төменгі, орта, жеткілікті, жоғары) анықтай отырып, жұмыс жүргізуге жағдай жасау (шығармашыл педагогтарды іріктеу, ғылыми-әдістемелік қызметтермен танысу бірлестіктерді жинақтау, педагог-экспериментаторлар алаңын құру, координатор тағайындау және т.б.)

IV. Тәжірибелік кезең: диагностикалық талдау,сараптау, жүйелеу, жинақтау, тарату.

Эксперимент нәтижесінің қорытындысы:

Алынатын оң нәтиже:

- мұғалімдердің зерттеушілік компоненттері (мотивациялық, мазмұндық, технологиялық, бағалаушылық-рефлексиялық) анықталады;
- ұжымда шығармашылық, талпыныс, зерттеушілік климат орнайды;
- экспериментке қатысушы педагогтардың өзін-өзі дамыту, өздігінен іздену, өзі іздеп табу мүмкіндігі қалыптасып, өзіндік тәжірибесі кеңейеді;
- педагогикалық үрдісті ғылыми-зерттеушілік қызметті ұйымдастыруда, авторлық дидактикалық әдістемелік құралдар дайындалады;
- эксперименттік зерттеу нәтижесінде мұғаілімдердің зерттеушілік мәдениеті дамиды;
- Әдістемелік зертхана жұмысы III бағытты қамтиды

I бағыт. Қазыргі таңда эксперименттік жұмыстың алғашқы сатысы жүйеге қойылып, жүргізілуде. Яғни лицейдегі пән мұғалімдерінен сауалнама алынып, әр мұғалімінің пән саласындағы мәселесін шешу жолдары айқындалды.

Әдістемелік отырыстарда интер белсенді әдістердің тиімділігін анықтау мақсатында жұмыс жүргізген шығармашылық топтар шағын рефлексивті таныстырылымдарын ұсына отырып, оқытудың белсенді әдістерінің оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырудағы ролін ашады.

II бағыт . Мұғалімінің іс әрекетті зерттеу тақырыптары бойынша жұмыс жүйесі құрылған (әр мұғалімінің өзіндік білім көтеру тақырыптарымен жұмыс жүргізуі) Бұл бағытта лицейде өзіндік білім көтеру тақырыптары бойынша әдістемелік отырыстарда тәжірибие бөлісу, шебер сыныптар өткізу жоспарланған және жоспар бойынша жүргізілуде. Мысалы лицейдегі тәжірибелі ұстаздардың бірі биология пәні мұғалімі Садыканова Б.Ж «Блум таксономиясына негізделген тапсырмалар» тақырыбы бойынша шебер сынып өткізді. Өзіндік білім көтеру тақырыбы бойынша жұмыс жасау саралау сараптама жасау мұғалімнің кәсіби үшін өте тиімді технологияның бірі. Лицей мұғалімдерінің өзіндік даму траекториясы бойынша шығармашылық рефлексивті есептерін жинақтау жүйеге қойылған және әр тоқсан сайын кәсіби даму траекториясы бойынша мониторингісі шығарылып отырылады.

III бағыт «Lessen stady сабақты зерттеу» яғни оқушының білім сапасын арттырудың тиіміді жолдары . Бұл бағыт бойынша лицейде II деңгейлі бастауыш сынып мұғалімі, лицейдегі «Lessen stady сабақты зерттеу бойынша тренері Жортарова Н.Н. 2 В сыныбы және 7Ә сыныбы бойынша география, математика, орыс тілі және физика пәндеріндегі оқушылардың оқудаға іс әрекеттерінің

зерттеу жұмысын жасауда. Бұл бағыт өте ауқымды үрдіс. Сыныпқа сабақ беретін мұғалімдер және лицей психологынан құралған фокус топтар жоспар бойынша жұмыс жүргізуде.

Қазыргі таңда лицей мұғалімдерінің іс әрекетті зерттеулері бойынша көрсеткіштерін сараласақ;



Өзгеріс енгізу үшін іс-әрекеттегі зерттеуді ұзақ кезең бойы жүргізіп, бірқатар жаңа сұрақтардың туындауы тұрғысынан проблеманы қайта қарап отыру қажет. Осылайша, іс-әрекеттің өзгеруіне әкелетін проблеманы ұзақ уақыт бойы қайта қарап отырумен қатар, түзетулер енгізу іс-әрекеттегі зерттеудің өзіне тән ерекшелігі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. «Тиімді оқыту мен оқу» ҚР Педагог Қызметкерлерінің Біліктілігін арттыру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы,: 2016
2. Пидкасистый П.И. Педагогика. – М.: 2001
3. Мирсеитова. С. « Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» , 2011 жыл

Жакупбеков М.И.
Балқаш қаласы, № 4 ЖББОМ

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ғұлама Әл-Фараби данамыздың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген сөздің мағынасы бүгінгі күні анық көрініс беріп тұр. Ата-ана мен бала ашынған. Бұл қоғамның көрінісі. Мұғалім ретінде айтарым, тәрбиенің ролін, маңызын өзіміз жоғалтып алдық. Нарықтық қатынас та, экономика мен саясат та мектептегі тәрбиеге өз ықпалын тигізгенін де жоққа шығармау керек. Сонда да осындай сыртқы күштерге төтеп бере алатын тек ғана білім беретін мұғалім. Ол үшін жан дүниеңмен баланың, ата-ананың мінез-құлқын жетік меңгеріп алуың керек. Ыбырай Алтынсарин атамыз айтқандай «*Мұғалім – мектептің жүрегі*» болуы тиіс. Сау жүрек ертеңгі болашақ не болады деп ауырады, уайымдайды. Ауру жүрек не болса ол болсын деп жанұяның қамын ойлаумен шектеледі. Жүрек сау болса адамның барлық ағзасы сау. Жүрек ауру болса қалған барлық мүше ауруға айналатыны хақ.

Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі ретінде айтарым, мектептің тәрбиесін мұғалім өз пәнінен бастауы керек. Бастауыш сыныптан бастап, орта буын мен жоғары сыныптардың барлық сабағында тәрбиелік мақсат бар. Сабақ барысында оқушыларды тәрбиелей отырып, тақырыпты дұрыс түсіндіру, дұрыс ойлауға үйрету және оқушыны өз өмірінде дұрыс шешім шығара алуға үйрету керек. Ол үшін күнделікті сабақ жоспарын құрастырғанда тәрбиелік мақсатты дұрыстап алу керек. Мұғалім өзіне-өзі тәрбиелік мақсат қояды. Сол арқылы оқушыларды сабақ барысында тәрбиеге салады. Ал ата –ананы жиналыстарда, кездесулерде тәрбиеге баулиды.

Мысал ретінде 7 сыныпқа арналған «*XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары*» тақырыбын алатын болсақ, Қоқан мен Хиуа хандықтарының озбырлық саясатына қарсы қазақ халқының және оған басшылық еткен Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1774-1860 жж.) мен Есет Көтібарұылының (1803-1889) тарихын баяндаймын.

Қоқан мен Хиуаның қазақтарға жасаған қиянатын айта келе, оған шыдамаған халықтың өзін қорғаудан бастап, Отан қорғауға дейін жасаған ерлігін қазақ халқының жастайынан көрген тәрбиесі деп келтіремін. Өйткені әр адам ондай ерлікке, өлімге басын тіге бермейді. Жаудың көптігін, қаруланғанын біле тұра Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібаруылының халықты басқарып, жауға қарсы тұруға аттанғанын ерлік деп айтып оқушыларды батырлыққа, көшбасшылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеймін. Жанқожа мен Есет батырлар өте білімді, ақылды, дұрыс шешім шығара алатын дара тұлғалар екенін дәлелдеймін. Осындай данышпан, тәрбиелі кісілердің атының тарихта қалуы да жайдан-жай емес екенін түсіндіре отырып, қазіргі жастар ата тәрбиесінен нәр алып еліне қызмет ету керектігін насихаттаймын.

Осындай нәтижелі сабақтар арқылы мұғалім мектептегі күнделікті жұмыс барысында оқушыларды өзінің жүрісімен, сөзімен, ойымен тәрбиелі ұстаз екенін көрсете алады. Мектеп мұғалімдері мен әкімшілік бірігіп жылдық тәрбие жоспарын құру керек. Әр мектептің директорының тәрбие орынбасары тәрбиенің орындалуын сабақтан бастап, мектепішілік, қалалық, облыстық тәрбие іс-шараларында жүйелі іске асыру керек. Сонда ғана жоспарлы, жүйелі түрде жасалған жұмыстан нәтиже шығады.

Тәрбиенің гуманитарлық әдіснамасы ретінде, мысалы біздің мектеп жылдық жоспар құру керек.

2019-2020 оқу жылына арналған тәрбие жоспары



• Мектеп мұғалімдерінен тәрбие тобын құру (мәселені анықтау). Пән мұғалімдерінен тәрбие тобы құрылады. Пән мұғалімдері сабақтағы тәрбиені жиі бұзатын, сабаққа ынтасы жоқ оқушылардың тізімін дайындап, олармен әрі қарай қалай жұмыс істеу керектігі туралы әңгіме жүргізіп талқылайды. Өйткені оқушыларды жетік білетін тек қана мұғалім. Қауіпті аймақтағы тізімді анонимді ұстау міндеттеледі.

• Мектептегі қауіпті аймақтағы оқушылармен жұмыс жүргізу. Қауіпті аймақтағы оқушылардың тізімі бойынша пән мұғалімі сабақта осы балаларға арнап жеке тапсырма дайындап, олармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізеді. Сонда аталған оқушылар мектепке келгенде мұғалімдердің көңіл бұрғанын сезініп, түзеле бастайды.

• Ата-анамен кездесу өткізу (мәселенің себебін анықтау). Ата-анамен кездесу барысында мектеп психологымен бірлесіп әлеуметтік, физикалық, психологиялық карта жасап, қорытынды

шығару керек. Көп жағдайда оқушылардың ішкі өмірін білмей біржақты көзқараста боламыз. Оқушының үйдегі тәрбиесімен танысқаннан кейін мұғалімдерде бала туралы ақпарат көп болады.

• Анықталған мәселені күнделікті жоспарға қойып нәтижеге шығу. Күнделікті жоспар дегеніміз сабақ жоспары. Аталған оқушыларға сабақта жеке тапсырма дайындау. Жеке тапсырмада оқушының жас ерекшелігі, психологиясы мен білім деңгейі басшылыққа алыну керек. Оқушыны сыныппен тығыз қарым-қатынасқа енгізу керек. Сонда ғана оқушы өзін жақсы сезіне бастайды. Мысалы, ол спортқа немесе басқа пәнге қызығушылығы болса сол арқылы тәрбиелеу.

• Оқушылармен және ата-анамен мейірімділік дөңгелек стол ұйымдастыру (қалалық билер кеңесін қатыстыру). Мейірімділік столда міндетті түрде оқушының ұнататын асы, сыйлығы болу керек. Қалалық билер кеңесі дегеніміз мұғалім, дәрігер және мемлекеттік қызметте болған аталар мен әжелерден құралған зейнеткер жастағы адамдар. Үлкен кісілердің әңгімесін тыңдай отырып, оқушылар сұрақ-жауап алып, өзін мазалаған сұрақтарға жауап таба алады деп сенемін. Өйткені үлкен кісілер өмірден мысал келтіріп, адамның шыдамды, еңбекқор, сабырлы және тәрбиелі болуына қандай амалдар жасау керектігін ашып айтады. Оқушылар интернеттен тәрбие алғанша оларды осындай тірі адамдардың алдында әңгімелесіп, пікірлесіп, сырласып сөйлеу мәдениетін және тәрбиесін қалыптастыратын іс-шараларды көбейту керек. Мектептегі тәрбиені осылай жүйеге келтірсек , жасөспірімдердің арасында қылмыс азайып, сонда ғана тәрбие жұмысынан нәтиже шығады деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Әбу Насыр Әл-Фараби. Шығармалар. Алматы 1995
2. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. Алматы 1996
3. 7 сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығы. Қабылдинов З.Е. және басқалары. Алматы: Атамұра, 2018
4. Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2004

Жаманкарина Д.М.
Жезқазған қаласы, №4 ЖОББМ

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру мазмұнының өзіндік ерекшеліктері аясында ұсынылатын деректердегі ғалымдардың білімді бірлесіп құру арқылы дағдыларды қалыптастыру тұрғысында айтқан пікірлеріне сүйенетін болсақ: «Соңғы зерттеулер оқу қай жерде өтетініне қарамастан, жалпы белгілері болатынын дәлелдеді, атап айтқанда:

▪ Адамдар диалог әдісін қолдана отырып, мәселен, талқылау, дебат, ынтымақтастық, білімді бірлесіп құру арқылы түсінік пен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әлеуметтік-сындарлы оқыту да дағдылардың ықпалдасуына және тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [1.26]».

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жұптық жұмыстарды ұйымдастырудың көптеген тиімді түрлері мен түрлі әдістері қарастырылған. Олар жұп құрайтын барлық қатысушылар арасындағы өзара байланыспен ұштасып, әр жұп мүшесінің өзіндік жұмысын көздейді. Әр жұп мүшелерінің қажетті білімі болып, қажетті дағдыны қалыптастыруға қолайлы орта қалыптасуға негізделеді. Мұнымен қатар, жұмыс алдында оқушылардың тапсырманы нақты түсінуі үшін, не істеу керектігін білуі үшін нақты бағыт сілтеп, жағымсыз салдардың алдын алуға болады. Тапсырмалар белгілі бір уақытқа құрастырылып, оқушылардың іші пысып, зерігуінің алдын алу шарт. Бұл тұста пән мұғалімі оқушылардың зер салып тыңдауын сақтап қалу мақсатында жұмыс үдерісі барынша күрделі және әртүрлі болуын қадағалайды, бұл ретте оларға қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті дағдылар мен білімді береді. Мұғалім оқушыларда Чиксентмихай «өзіндік мақсат» деп атайтын және Райан мен Деки «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауға тырысуға тиіс. Басқаша айтқанда, оқушылар өзін-өзі ынталандыра алады және осыған орай, оларда ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады [1.31]. Чиксентмихайдың «Оқушыларда «өзіндік мақсатты» қалыптастыруға арналған жағдайлар» сызбасында ұсынылған оқушыларда алаңдау мен зерігу болмау үшін міндеттер мен дағдыларды тең дәрежеде қолданған дұрыс. Олай дейтінім,

Чиксентмихайдың «Өзіндік мақсат» сызбасы бойынша дағдысы жоғары оқушыға төмен міндет қоюдың нәтижесі зерігуге әкеліп соғады.

Өз тәжірибемде оқушыларды «Сыңарын тап», «Сөз сыңары», «Антонимдер жұбы», «Синонимдер қатары», «Көрші дыбыстар», «Сөзмоншақ», «Уақыт өлшемдері», «Сурет қиындылары», «Буын түрлері» әдістері арқылы жұптастырамын. Мысалы, 8-сынып оқушыларын «Қазақтың әншілік өнері» атты сабағында әнші есімдері мен тегі арқылы «Роза Рымбаева», «Роза Бағланова», «Бибігүл Төлегенова», «Ермек Серкебаев», «Әміре Қашаубаев», «Қайрат Байбосынов» деп жұпқа бөлдім. Бұл орайда «Оқушы үніне» де баса назар аударатынымды да ескерте кеткенім жөн. Мысал ретінде 7-сыныптың бірнеше тақырыптарын қарастырайық:

Сабақтың тақырыбы	*Жұпқа топтастырудың тәсілдері*
Көп тіл білгім келеді.	*Ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде берілген сөз тіркестерін сәйкестендіру ретімен жұптастыру: тіл-language, екпін-ударение, курс-kurs……*
Талаптыға нұр жауар.	*Тақырыптың атауын буынға бөліп, сол буындардың көмегімен 7 жұп құрау: та-лап-ты-ға нұр жа-уар.*
«Қазақ тілі» өлеңі.	*Өлең сөздерінің синонимдері арқылы жұпқа бөлу: кеміді-азайды, ту-байрақ, ту-жалау, ар-ұят, ана- шеше, батыр-ер, күшті-мықты.*
Уақыт-сый.	*Санмен берілген уақытты сөйлем түрімен үйлестіре жұпқа бөлу: 13:30- сағат бір жарым, 14:00- сағат тура екі, 15:25- сағат үштен жиырма бес минут кетті, 16:10- сағат төрттен он минут кетті, 17:40- сағат алтыға жиырма минут қалды, 18:45- сағат жетіге он бес минут қалды.*
Уақыттың бос өткені.	*Сағаттың түрлерімен жұпқа бөлу: құм сағат, күн сағаты, электронды сағат, қол сағат, механикалық сағат, кәдесый сағат, аспалы сағат.*
Ғаламдық экология мәселелері.	*Тірек сөздер арқылы жұптастыру: Арал теңізі, табиғатты қорғау, экологиялық мәселе, мұнай қалдықтары, теңіз сулары, айыппұл мөлшері, апатты аймақ.*

Сабақ барысындағы дағдылардың өзіндік реттік кезеңдеріне сәйкес төмендегідей тапсырма талаптарын ұсынып отырмын:

Әдіс атау	*Тапсырма талабы*	*Орындалатын кезеңі*
Болжамыңмен бөліс	*Жұптың «А» сыңары «Аудиоматериал (бейнематериал, презентация немесе мұғалім оқыған мәтін) ..... тақырыпты қамтиды», «Ә» сыңары «Оған ..... мысалдар дәлел» деп айтып береді.*	*Тыңдалымға дейін*
Жұптық әңгіме	*Жұптарды «А» және «Ә» деп бөліп, «А» «менің ойымша .....» деп бастап мысалын келтіреді, «Ә» «Мен оны .... деп түсіндім» деп жалғастырады.*	*Тыңдалым кезінде*
Жұпта бағала	*Өмірмен байланыстыра отырып, ойларын жұпта ақылдаса келіп құрастырған бір сөйлеммен ой қорытады.*	*Тыңдалымнан кейін*

Жұптаса білім алуда оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, тақырып аясында тиісті сұрақ қойып, алған білімін толықтырып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Аталған жұпта ойлану оқушының өз болжамдарына сыни көзқараспен, сын тұрғыдан ойлай қарай отырып, осы арқылы ғалам, тіршілік, жаратылыс жайлы өзінің және жұбының түсінігін тереңдетіп, мейлінше кеңейтуге

ұмтылу мүмкіндігін үдетеді. Жұп мүшелерінің түсінігін тереңдету мақсатында, мәтінсоңы жұмысы ретінде «Ойлан, жұптас, бөліс» тәсілі арқылы мына тапсырманы орындатуға болады:

№	А	Ә	Б	В
1	Ән	Парижде	күміс көмей	салған
2	Ауылдан	өнері	ән	әншісі
3	Әміре	ауылға	халқымыздың	жұлдызы
4	Ә.Қашаубаев	қазақтың	ән	тарайды
5	Р.Рымбаева	қазақ	эстрадасының	қазынасы

Үлгі: Бірінші сөйлем: 1А-2Ә-3Б-5В.

«Қос жазба күнелігін» толтырту барысында «үзінді» мен «түсініктемені» бірлесе түсіндіруді, «Венн диаграммасын» құрастырарда ұқсастықтарын бір оқушыға, айырмашылықтарын екінші оқушыға, ал ортақ белгілерін қосылып жазуға тапсырсаңыз жұптағы оқушылардың міндеттері айқындала түседі. Тапсырмаларды жоспарлаудың бұл түрі де оқушыларды алаңдау, зерігу, толқу, қобалжу сияқты кедергілерден сақтайды.

Білім алудың бұл түрінде оқушылар жұп құра отырып, маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау жолымен белсенді түрде білім жинақтайды, тілдік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндіктер алады. Пән мұғалімі шәкірттерінің оқуына мүмкіндік тудырып, қажетті оқу материалы және өзге де керек құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз алдына пән бойынша өз түсініктерін бірлесе білім алу арқылы арттыруға ынталы болғаны жөн. Қорыта келгенде, ойға түйгенім, жұптық жұмысты нәтижеге бағыттап оқыту-оқушының сын тұрғысынан ойлауға үйрететін бірден-бір көпір.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 жыл.

Жанул А.М.
Жезқазған қаласы, №8 гимназиясы

ФИЗИКА ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДАҒЫ CLIL ӘДІСІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ МЫСАЛДАРЫ

Бүгінгі күні Қазақстанның Білім тұжырымдамасы жан-жақты, өрелі шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың елімізде білім беру саласын дамыту туралы көтерген мәселелері негізінен педагог мамандарға жаңа міндет жүктейді. Өйткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді, сондай-ақ білім негізі мектепте беріледі де, жоғары оқу орнында одан әрі мамандық бағытында қалана түседі [1, с. 294].

Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты тіл үйренушілерге кәсіби білім беруде және оқу үрдісінде **көптілділік білім** беруді енгізу мүмкіндігін қарастырады.

Үш тілде оқыту кезінде оқу материалын меңгерудің сапасын қалай қамтамасыз етуге болады? Сондықтан, тіл құзіреттілігі дамуының негізін құрайтын, оқушыға тілдерді терең меңгеруге мотивация тудыратын, 3 тілде меңгерген пәндер бойынша жоғарғы нәтиже көрсетуге негіз беретін білім беру кеңістігін құру қажет. [2].

CLIL пән арқылы тілді оқытуға бағытталған белсенді әдіс-тәсілдердің бірі болып саналады. Оның ағылшын тіліндегі мағынасы «Content and language integrated learning» осы ұғымдардың алғашқы бірінші әріптерінен «CLIL» сөзі шығады. CLIL екі мақсатты көздейді, дәлірек айтсақ – ағылшын тілі (шет тілі) арқылы пәнді оқыту және пән арқылы ағылшын тілін (шет тілін) үйрену.

Ағылшын тілінде физика пәнін оқытудың қалыпты жағдайдан айырмашылығы бар. Негізгі айырмашылық оқушылардың ағылшын тілін еркін меңгермегендігінде, сәйкесінше CLIL әдісі қолданылған сабақтарда оқушылар ақыл-ой әрекетінен гөрі танымдық әрекетін іске асырады.

Сондай-ақ сабақта CLIL әдісіне негізделген **активитилерді** («5 minute interview», Bloom’s Taxonomy, LOTS және HOTS, “ABC dictation”, т.б.) қолдануға болады. Бұл активитилерді қолдану барысында оқушылар өз бетімен жұмыс істеуге, тілдік қабілеттерін дамытуға, өзара диалог құрауға,

жаңа тақырып бойынша өз пікірлерін айтуға үйренеді. Нәтижесінде оқушылар жаңа тақырып бойынша өз ойларын саралайды.

Мысал ретінде 8 сыныпта өткізілген **Generalization of the chapter of «Electric current»** сабағында қолданылған бірнеше CLIL әдістерін ұсынып отырмын. Сабақтың кіріспе бөлімінде оқушылар топтарында «Tarsia» бағдарламасында құрылған карточкалармен жұмыс жасайды. Бұл бағдарлама оқушылардың терминалогиялық сөздік қорын арттыруға және тиянақтауға жақсы көмекші құрал бола алады.

«Тыңдалым» тапсырмасын орындау барысында оқушыларға «Ohms Law» (Ом заңы) бейнеролигі көрсетілді. Бақылап болғаннан кейін оларға **«worksheet»** (жұмыс парағы) таратылады. Онда келесі сұрақтар берілген:

Answer the questions.

Who and when discovered the strength of the current from the voltage?

How does the current depend on the voltage?

Does the resistance depend on the current or voltage?

Write the equation of Ohm's law.

Оқушылар топтарында талқылап, сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын бағалайды.

Келесі тапсырмада **«Grab it»** активитиін ойнаттым. Бұл ойында мұғалім әр топтан бір оқушыдан шақырады. Ағылшын тілінде құрал жабдық туралы сөйлем оқиды. Оқушылар ол құралды тауып алуы керек. Мен тақырыпқа байланысты келесі құралдарды таңдадым:

Амперметр	This device measures the current.
Кілт	This includes and disconnects the electrical circuit.
Вольтметр	This device measures the voltage.
Ток көзі	It gives the current and voltage of the electrical circuit.
Жалғағыш сым	This can connect different parts of the electrical circuit.
Резистор	It exerts a resistance to the current in the circuit.
Шам	It illuminates the road in the dark.
Реостат	By this I can change the current and voltage.

«Оқылым және айтылым» тапсырмаларын орындату барысында **«Hear-Say activity»** тапсырмасын орындаттым. Бұл активити оқушылардың тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытады. Оқушыларға карточкалар таратылады. START сөзі жазылған оқушы соның жанындағы сөзді оқиды. Ол сөзді өз карточкасында тапқан оқушы өз сөзін оқиды. Сөйтіп соңғы оқушы FINISH сөзімен аяқтайды. Бұл активити оқушылардың академиялық тілінің деңгейін жоғарылатуға септігін тигізеді.

You hear		**You say**
START		**ELECTRICITY**
ELECTRICITY		**CONDUCTOR**
CONDUCTOR		**CURRENT**
CURRENT		**VOLTAGE**
VOLTAGE		**CIRCUIT**
CIRCUIT		**BULB**
BULB		**CELL**
CELL		**BATTERY**
BATTERY		**CAPACITOR**
CAPACITOR		**SWITCH**
SWITCH		**CHARGE**
CHARGE		**DIELECTRIC**
DIELECTRIC		**INSULATOR**
INSULATOR		**FINISH**

Сабақты қорытындалау ретінде **«I knew, I know, I want to know»** (ББҮ) әдісі бойынша кері байланыс жүргізілді.

CLIL әдісіне негізделген тағы мынадай активитилерді де сабақта тиімді пайдалануға болады:

«Question Loop» (Сұрақтар ілмегі) активитиі. Парақшалар таратылады. Бір жағында сұрақ, екінші жағынжа басқа сұрақтың жауабы жазылған. Бір оқушы сұрақты қойып тұрғанда, қалғандары мұқият тыңдап тұрады. Сұрақтың жауабын тапқан оқушы өзінің сұрағын қояды. Солай барлық сұраққа жауап берілгенше жалғаса береді.

«Snowballing» (Қар көшкіні) активитиі. Бұл активити “Snowballing” деп аталу себебі, оқушылар бірінші жеке, кейін жұппен, соңында топпен жұмыс жасайды. Бұл активити бір жағынан оқушылардың тақырыпты немесе терминді қаншалықты түсінгендіктерін анықтауға мүмкіндік берсе, екіншіден коммуникациялық дағдыларды дамытады.

«Walk and swap» (Қыдыру және алмасу) активитиі. Әрбір оқушыға сөздердің жартысы жазылған карточкалар таратылады. Оқушылар сөздердің жартысын тауып, жұп болады.

«True/False dictation» (Шын/жалған диктант) активитиі. Мұғалім 6 сөйлем оқиды. Егер айтылған ақпарат шын болса, оқушылар оны өз тіліне аударып жазады. Егер ақпарат жалған болса, оқушылар ондағы қатені дұрыстап, ағылшын тілінде жазады. Қателерді түзету кезінде мұғалім оқушыларына көмектесе алады.

Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (Content and Language Integrated Learning, CLIL) көптеген елдерде қолданылатын заманауи оқыту технологиясы болып табылады [3, с. 54].

Қорыта айтқанда қазіргі таңда «Көптілділік – білім берудің жаңа сатысы» оқушылар бірінші өзге тілді меңгергенде, адамда ана тіліне қосымша үйренуі тіл сезімі қалыптасады, сонымен қатар, жалпы тіл ерекшеліктерін айыра білу қабілеті дамиды, осы қабілеттің арқасында адам тек қана үйренетін тілдің емес, жалпы шет тілдердің арасындағы ерекшеліктерді айыра алады.

Әдебиеттер:

1. «Үштұғырлы тіл: бәсекеге қабілетті ұлт болудың алғашқы сатысы» республикалық ғылыми-тәжірибелік on-line семинар. – Атырау қ., 2016. – с. 294.

2. https://kopilkaurokov.ru/doshkolnoeObrazovanie/meropriyatia/ag-ylshyn-tili-sabag-ynda-ok-ushylardyn-tildik-k-u-zyriettilighin-damytu.

3. «Мектептердің оқу үдерісінде CLIL-технологияны қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар» – Астана қ., 2018. – с. 294.

Жарылгапова Г.Т.
ОСШ им. Гагарина
Бухаржырауский район

ПРИМЕНЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

Современный период развития Казахстана четко обозначил новые приоритеты в области школьного образования, соответствующие мировым тенденциям. В Послании Президента РК народу Казахстана указывается, что развивающемуся казахстанскому обществу нужны современно образованные, нравственно воспитанные, предприимчивые люди, которые могут самостоятельно принимать ответственные решения в ситуации выбора, прогнозируя их возможные последствия, способные к сотрудничеству, отличающиеся мобильностью, динамизмом, конструктивностью, обладающие развитым чувством ответственности за судьбу страны.

Высокий уровень сформированности функциональной грамотности у учащихся предполагает способность эффективно функционировать в обществе, способность к самоопределению, самосовершенствованию, самореализации. Следовательно, обществу необходим человек функционально грамотный, умеющий работать на результат, способный к определенным, социально значимым достижениям.

Ключевым компонентом функциональной грамотности определяется способность применять учебные знания не только в учебных, но и в различных жизненных ситуациях, уметь работать с различными источниками информации и критически оценивать полученную информацию, выдвигать гипотезы и проводить исследования, обосновывать высказанную точку зрения.

Именно поэтому решение нестандартных задач позволяет развивать умение учеников мыслить, т.е. осуществлять процесс поиска ответов, используя имеющиеся теоретические знания. Конечно, проявляя интерес к изучаемому предмету, учащиеся углубляют свои знания, развивают образное мышление, находят взаимосвязь между различными явлениями, учатся объяснять причины наблюдаемых природных явлений, познают проявления физических закономерностей во многих

областях и сферах человеческой деятельности: производственной, научно-исследовательской, социально-бытовой. Учащиеся стараются применять собственные знание для решения проблем, максимально приближенных к тем, с которыми приходится сталкиваться в повседневной жизни.

Учащиеся, овладевшие математической грамотностью, способны:

• распознавать проблемы, которые возникают в окружающей действительности и могут быть решены средствами математики;

• формулировать эти проблемы на языке математики;

• решать проблемы, используя математические факты и методы;

• анализировать использованные методы решения;

• интерпретировать полученные результаты с учетом поставленной проблемы;

• формулировать и записывать результаты решения.

Хотела бы поделиться своим опытом применения нестандартных задач на уроках математики с целью формирования функциональной грамотности.

1 класс

У Айбека было 11 тысяч тг. Он решил сделать покупки торговом центре «Шығыс», где цены на товары были следующие: торт стоил 3 тысяч тг., футболка – 4 тысяч тг., кепка – 5 тысяч тг., футбольный мяч –3 тысяч тг.

Какие товары мог бы купить Айбек? Какую покупку следует сделать Айбеку, чтобы, истратив все свои деньги, купить как можно больше товаров?

2 класс

Тетрадь для творческих заданий по литературе в книжном магазине около школы стоит 275 тенге, а в оптовом книжном магазине, до которого нужно ехать на автобусе в район - 200 тенге.

В каком магазине тебе выгоднее совершить покупку, если билет на автобус для учеников стоит 150 тенге.

3 класс

Помоги семье сделать покупки. В семье три человека: папа, мама и ребёнок (твой ровесник).

Посчитай, сколько денег надо иметь такой семье, чтобы купить на неделю перечисленные в таблице продукты. Вспомни цены на продукты (спроси у учителя).

Вставь эти числа в таблицу.

Продукт	Сколько нужно семье	Цена (тенге)	Сумма (тенге)
хлеб	7 батонов		
капуста	3 кг		
яблоки	2 кг		
картофель	3 кг		
яйца	10 шт.		
сахар	1 кг		
мясо	4 кг		
Всего			



4 класс

Дежурный 2 «Б» класса, убрав класс, закрыл дверь и отправился домой. Какой ущерб нанёс дежурный школе, забыв погасить свет, если за каждый час использования электроэнергии в классе школа платит 200 тенге, а свет горел 12 часов? Во что обойдётся школе забывчивость пятерых таких дежурных?

Большой интерес вызывает у детей решение задач, составленных на сюжеты произведений детской литературы и разнообразные задания к задачам**.**

Сколько барон заплатил за ружья для охоты в Африке, если за R монет он купил несколько ножей по X монет за каждый и столько же ружей поY монет?

Н.			
Р.			

Перед вами данные расходов.

Сумма затрат на покупку товаров (в монетах)			*Сумма всех прочих затрат (в монетах)*		
январь	февраль	март	январь	февраль	март
150	200	250	100	100	100

Начерти графики изменения по месяцам затрат на покупку товаров (график А) и прочих затрат (график В)

график А

	янв.	фев.	март	апр.	май
350					
300					
250					
200					
150					
100					

график В

	янв.	фев.	март	апр.	май
350					
300					
250					
200					
150					
100					

Я глубоко убеждена, что задачи по формированию функциональной грамотности у младших школьников, в частности, математической грамотности обучающихся, возможно реализовать при условии оптимального сочетания учебного содержания базового уровня образования и дополнительных курсов, направленных на совершенствование прикладных математических умений, например, «Математика вокруг нас» использующихся в различных жизненных ситуациях. Содержание инвариантной и вариативной частей программ дополняют друг друга, что и позволяет обеспечить результат.

Обучение учащихся самостоятельно добывать, анализировать, структурировать и эффективно использовать информацию для максимальной самореализации и полезного участия в жизни общества выступает ведущим направлением модернизации системы образования Республики Казахстан. При этом доминирующее значение имеют общеучебные знания и умения (информационные, интеллектуальные, организационные, коммуникативные), которые определяют содержательно-деятельностную и потребностно-мотивационную составляющие функциональной грамотности.

Литература:

1.Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В., Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий. Учебное методическое пособие [Текст]/Д.А. Иванов, К.Г. Митрофанов, О.В. Соколова, М.: АПКиППРО, 2005. 101 с.

2.Фрумин И.Д. Компетентностный подход как естественный этап обновления содержания образования [Текст]/И.Д. Фрумин// Красноярск, 2003. с.55

3. Л.В. Павлов, статья «Формирование учебно-познавательной компетентности на уроках математики».

Жарылғасова М.Ж.
Қарағанды қаласы, №53 ЖББОМЛ

САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН САБАҚТА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Ақпараттық қоғам бүгінгі күннің шындығы. Мұның себебі - ақпараттың өсіп келе жатқан рөлі, оны бүкіл өндіріс пен қоғамдық өмірдің маңызды қозғаушы күштерінің біріне айналуында .Ақпараттық қоғам бұл ғаламдық әлеуметтік процесс, оның ерекшелігі әлеуметтік өндіріс саласындағы қызметтің басым түрін жинау, жинақтау, өндіру, ақпаратты өңдеу, сақтау, беру және пайдалану қазіргі заманғы микропроцессорлық құралдар мен компьютерлік технологиялар негізінде, сонымен қатар әр түрлі ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі қоғамды ақпараттандыру процесінің басым бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Білім берудің қазіргі даму кезеңі қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданылуымен және ғаламдық ғаламтордың мүмкіндіктерімен байланысты. Осыған байланысты Интернетте жарияланған сандық білім беру ресурстарына қашықтықтан қол жеткізу өте маңызды.Сандық білім беру ресурсы қазіргі білім берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөйлеу, музыка, видео, фото және басқа да ақпараттарды қамтитын ақпарат көзі. Сандық білім беру ресурстарын мынандай түрлерге бөлуге болады.

• ақпараттық (немесе ақпараттық-анықтамалық) - бұл тұрақты оқулықтарды қайталамайтын түпнұсқа мәтіндер (оқырман кітаптары; арнайы сөздіктер мен энциклопедиялар; ғылыми, көркем әдебиет және публицистика ...); сонымен қатар статикалық кескіндер (тақырыптағы ғалымдардың портреттерінің галереялары; «плакаттар» - зерттелетін объектілер мен процестердің суреттері және т.б.); динамикалық бейнелер (зерттелетін процестер мен құбылыстар фильмдер мен бейнероликтер, CD, DVD-дегі анимациялық модельдер); мультимедиялық орта (анықтамалық ақпарат көздері, шеберханалар (виртуалды дизайнерлер), тренажерлер және тестілеу жүйелері, бағдарламаланған оқу құралдары («электрондық оқулықтар», виртуалды турлар және т.б.);

• ақпаратты құру және өңдеу құралдары - ақпарат көздерімен жұмысты қамтамасыз ететін ақпараттық құралдар;

Сандық білім беру ресурсы CD, DVD немесе кез-келген басқа электронды тасымалдағышта ұсынылуы мүмкін, сонымен қатар телекоммуникация желісінде де жарияланады.Балалардың танымдық және шығармашылық белсенділіктерін арттыру үшін сандық ақпарттық ресурстарды қолдана отырып, сапалық және сандық екі негізгі артықшылықты көруге болады.

• ауызша сипаттаманы тікелей аудиовизуалды көрсетіліммен салыстыру кезінде сапалы артықшылықтары айқын.

Сандық артықшылықтың негізі ақпараттың тығыздығында .Сондықтан жүз рет естуден гөрі бір рет көрген жақсы.

Тәжірибе көрсеткендей,сандық білім беру ресурстарды қолдану арқылы балалардың сабаққа деген қызығушылығы едәуір артады, танымдық мүмкіндіктерінің деңгейі артады. Жаңа ерекше әдістерді қолдану, әсіресе ойын түрінде, балалардың еріксіз назарын арттырады, зейінінің дамуына көмектеседі.

Оқытудың ерекше әдістерін қолдану арқылы оқушының информатика сабағына қызығушылығын арттыру мұғалімнің көздеген мақсатының бірі болып табылады. Информатика сабағында базалық білімнен кейін практикалық тапсырмаларды сандық ақпараттық ресурстарды ұсыну тиімді әдістердің бірі болып табылады. Мысалы 6,7 сыныптарда https://bilimland.kz/ оқушыларға арналған білім беру платформасының тапсырмалары оқушылардың деңгейлеріне сай ,түсінікті , көрнекі , визуалды есте сақтауға қолайлы .





8 сыныпта «Электрондық кестелер» тақырыбында оқушыларға https://learningapps.org/ порталынан тапсырмалар беріп топпен және жеке орындауды ұсынуға болады.

Көрнекі құралдар оқушылардың танымдық іс-әрекетінің құрамдас бөлігі, көрнекі-бейнелік қана емес, абстрактілі логикалық ойлауды қалыптастыру және дамыту құралы болып табылады. Кестелер, диаграммалар, суреттер, графика зерттелетін материалды тез есте сақтауға және түсінуге ықпал етеді. Сандық білім ресурстарымен қатар танымдық қызығушылықты, қиялды, сыни ойлауды дамыту мақсатында педагогикалық процестің барлық кезеңдерінде ақпаратты визуализациялау құралдарында пайдаланудың тиімділігі жоғары. Хронология дегеніміз - уақыт, кесте, оқиғалар мәтін, суреттер, кестелер, тізімдер түрінде хронологиялық ретпен орналастырылатын уақыт кестесі. Оқушылар оқитын оқиғаларды жүйелі көзқараста қалыптастыру үшін уақыт кестелері қолданылады, «Уақыт белдеуі» әдістемесінің авторы - Мария Монтессори.

Мысалы, 7-сыныпта «Компьютерлік технологияның даму тарихы» тақырыбын оқып-үйрену барысында сіз жобаны ұйымдастыра аласыз, оны орындау барысында оқушылар негізгі материалды оқып қана қоймай, сонымен бірге компьютердің тарихы мен сәулеті туралы қосымша білім ала алады.Жоба әрекетінің нәтижесі (өнімі) уақыт лентасы бола алады, компьютерлер тарихындағы негізгі күндерді қамтиды. https://time.graphics.ru





Интеллект картасы (ақыл-ой картасы, байланыс диаграммасы, ассоциативті карта, ақыл-ой картасы) - бұл идеяларды құрудың, уақытты жоспарлаудың, ақпараттың көп мөлшерін есте сақтаудың графикалық әдісі.Осы әдістің басты артықшылығы - түсінуді, есте сақтауды және шығармашылық қабілетті дамыту. Интеллект картасын MindMaps, XMind бағдарламалық жасақтамаларын және MindMeister, Bubbl.us онлайн-сервистерін қолдану арқылы іске асыруға болады. Карталарды сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдану тиімді. Оқылған материалды жинақтап, талдаған кезде оқушылар өздерінің білім деңгейлерін көрсететін интеллектуалды карталар жасайды.



11 сыныпта «Интернет қауіпсіздігі» тақырыбын оқып-үйрену барысында дайындық жұмыстары барысында оқушылар ұсынылған тақырыптар бойынша бейнероликтер құрастырады, содан кейін оларды жаңа материалды үйрену үшін сабақта ұсынады.

Инфографика - ақпаратты ұсынудың графикалық әдісі. Инфографиканың негізгі принциптері мазмұны, мағынасы, қабылдаудың қарапайымдылығы. Инфографика ақпараттың үлкен көлемін сығымдауды және оны анағұрлым қызықты және ықшам түрде ұсынуды қамтиды.

5-сыныпта инфографиканы «Айналамыздағы ақпарат» тақырыбын өз бетінше зерттеу ретінде, сонымен қатар тақырыпты қайталағанда реферат ретінде қолдануға болады. Инфографиканы оқығаннан кейін Оқушылар келесі сұрақтарға жауап беруі керек:

• Ақпарат деген не?
• Адам қандай ақпарат түрлерін қабылдайды?
• Ақпарат қандай қасиеттерге ие болуы керек?

Ақпаратты қабылдау түрлері





3-сурет. Ақпараттың қабылдау түріне қарай бөлінуі

Opiq.kz порталының кітапханасындағы электрондық кітаптарды әр сабақта қолдану оқушының белсенді ойлану қабілетін, компьютерлік сауаттылығының деңгейін, олардың төзімділігін, сондай-ақ жалпы интеллектуалдық даму деңгейін айтарлықтай арттырады.

Ақпаратты берудің мультимедиялық әдісінің арқасында келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады :

Балалардың әр түрлі ұғымдарды түсінуі оңай;
Сөздік қор белсенді түрде толықтырылады;
Қиял мен шығармашылық дамиды;
Бейнелік және теориялық ойлау элементтері дамиды.
5,6,7,8 сыныптардың білім сапасының мониторингісі



Қазіргі ақпараттық технологиялар шексіз дерлік ақпаратқа қол жеткізіп қана қоймай, оны аналитикалық өңдеуге мүмкіндік береді. Осылайша, олар білім беру, танымдық және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің дәстүрлі технологиялармен, әдістермен және құралдармен үйлестіре дамытудың бір құралы болып табылады. Мен өз мақаламды К.Д. Ушинскийдің мына сөздерімен аяқтағым келеді «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады».

Әдебиеттер:

1.bilimland .kz
2. https://learningapps.org/
3.Б.Бурибаев «Жаңа ақпараттық технологиялар», Информатикадан 30 сабақ.

Жунусова Б.Қ.
Қадыл Б.Қ.
Қарағанды қаласы, Н.Нұрмақов атындағы
мамандандырылған мектеп – интернаты

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Адами әлеуеттің даму сапасын арттыру ерекше зор маңызға ие болып отырған бүгінгі заман келбеті жаңаша ізденістерді қажет етеді. Бұл білім беру сапасының критериалды бағалау жүйесін дендеп енгізу сияқты білім берудегі жаңаша талаптармен астасады. Критериалды бағалау жүйесі қолданысқа енгізіліп, жүзеге асырылуда. Осы бағалау жүйесінің ең негізгісі –қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, оқу үдерісі барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл оқушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді [1].

Ал Абай шығармаларын оқытуда қалытастырушы бағалау тапсырмаларын құрудың маңыздылығы оқу тапсырмаларының сипаттамасы ретіндегі дескриптормен ұсынылып, оқушылардың оқудағы табысқа жету жолдарын қамтамасыз етуімен ерекшеленеді. Ал оқушының жетістікке жетуі оның орындаған тапсырмасына дер кезінде жасалған кері байланыстың берілуі маңызды. Оқушы одан нақты нені талап етіп отырғанын біледі, өзінің оқу жетістігі туралы шынайы түрде ақпарат алып, кері байланыс арқылы өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына мүдделі болады. Критерийлер оқушының нені оқу керек екенін анықтайтын болса, дескрипторлар тапсырманы оқушылардың қалай орындау керек екенін нақты қадам-қадаммен көрсетеді. Ендеше оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту үшін нақты оқу мақсатына негізделген бағалау критерийлерін, оқу тапсырмаларын құрастырып, осы оқу тапсырмасын оқушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін толыққанды кері байланысты қамтамсыз ету жолдарын, қалыптастырушы бағалауды жүргізу ерекшеліктерін қарастырмақпыз. Енді Абай шығармашылығы бойынша қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау қалай жүзеге асады? Абай

өлеңдерін меңгертуде тиімді кері байланысты қалай қамтамасыз етуге болады? Алдымен нақты оқу мақсатына негізделген оқу тапсырмасын әзірлеу ерекшеліктерін Абай Құнанбайұлының «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңін оқытудағы ерекшеліктерге тоқталмақпыз. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 10-сыныпта оқылатын мынадай оқу мақсаттар негізге алынады: 10.1.1.1. Әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну. 10.2.3.1 Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау құралдарының қызметін талдау[2]. Осы мақсат бойынша бағалау критерийлері: өлеңнің сюжеттік-композициялық құрылысын талдайды; өлең құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсінеді; көркемдегіш құралдар мен айшықтау құралдарының қызметін талдайды.

Оқушылар «Шаттық шеңберіне» жиналады. «Бес қадам» әдісі қолданылады. Әрбір 4-оқушы сұраққа жауап беріп, ортада бес қадам аттайды. Қойылатын сұрақтар төмендегідей: «Сіз маңызды деп бағалайтын құндылықтар қандай? Өз қызметін сүйіспеншілікпен атқаратын адамнан қоғамға қандай пайда әкеледі? Адалдықтың жоғалуы қоғамда қандай келеңсіздіктер туындатуы мүмкін?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, сабақ мазмұнына болжам жасайды. Мағынаны тану сатысында «Миға шабуыл» әдісі қолданылады. Оқушылар «Дос пен дұшпан» сөзіне қатысты білетіндерін тізіп жазып, ой шақыру жасайды. Ойларын үздіксіз екі минут жазады. Топта талқылайды, ортаға салып айтады.

1-тапсырмада оқушылар ұйқас туралы оқып, жұпта талқылайды. Бұл оқушылардың теориялық білімін еске түсіруге көмектеседі. 2-тапсырма төмендегідей сипатта орындалады:

1. Өлеңді түсініп оқыңыздар.
2. Түсініксіз сөздердің мағынасын ашып жазыңыз, түсіндірме сөздікті пайдаланыңыз.
3. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер сезімін талдап, автор көтерген мәселені жұпта талқылаңыз.
4. Өлеңнің құрылысын (шумақ, буын, бунақ, тармақ, ұйқас) талдаңыз.

Дескриптор:

- өлеңді түсініп оқиды;
- Абай өлеңінің идеялық мазмұнын ашу үшін сөздік жұмысын орындайды;
- өлеңдегі лирикалық кейіпкер сезіміне қатысты қолданыстардың кемінде 4-5 түрін талдайды;
- автор көтерген мәселені жұпта талқылайды;
- өлеңнің құрылысын (шумақ, буын, бунақ, тармақ, ұйқас) талдайды.

3-тапсырмада «Кубизм» әдісі қолданылады.

1-топ Байланыстыр. Абай сынға алған заман адамының құндылыққа қайшы мінез – құлықтарын сипаттау үшін қолданылған көркемдегіш құралдар мен айшықтау құралдардың қызметін талдап, қазіргі өмірдегі келеңсіздіктермен байланыстыр. Ойларыңызды «Ментальді карта» түрінде ұсыныңыздар.

2-топ Салыстыр. Метафоралық қолданыстар мен эпитеттік қолданыстарды теріп жазып, екі түрлі көркемдік қолданыстардың автордың негізгі ойын жеткізудегі маңыздылығын салыстырыңыздар. «Венн диграммасы» түрінде ұсыныңыз.

3-топ Зертте. Өлеңдегі құндылыққа қайшы келетін кереғар ұғымдарды зерттеп, идеясын анықтаңыздар. Идеялардың ұлттық мүддені қорғауда алатын орнына баға беріңіздер, «Ментальді карта» түрінде ұсыныңыз.

4-топ Қолдан. Шығармадан қоғам өміріндегі келеңсіздікті танытатын метафоралық және эпитеттік қолданыстарды теріп алып, монолог немесе ой толғауға негізгі тірек сөз ретінде қолданып, дамытып жазыңыз.

5-топ Дәлелде. Абай өлеңінің өміршеңдігін дәлелдеп, Абай шығармашылығына қызығушылықты арттыру мақсатында, шығармадан кем дегенде (антонимдік сипаттағы қолданыстарды да) 5 эпитеттік қолданысты ұғымды пайдаланып креативті жарнама әзірлеңіз.

6-топ Талда. Өлеңдегі Абайдың нақыл сөздерін талдап, идеялардың ұлттық мүддені қорғауда алатын орнын баға беріп сызба, кесте түрінде ұсыныңыз.

Дескриптор:

- Абай өлеңіндегі көркемдегіш құралдарды тауып, идеялық мазмұнын ашудағы орнына баға береді;
- Автордың негізгі ойын қазіргі кезеңмен салыстыра бағалайды;
- Ойын ұсынылған сызба түрінде жеткізеді.

Жазылымалды тапсырма төмендегідей сипатта қарастырылады:

1. Оқушыларға эссе жазу туралы ақпарат беріледі, оқушылар жұпта талқылайды.

• Эссе іскери стильде жазылады.

• Кез келген эсседе берілген тақырыпқа өз көзқарасыңды білдіру талап етіледі. Сонымен қатар, сіздің көзқарасыңызға қарсы адамдардың пікірлерін келтіру және сіз олармен неге келіспейтініңізді түсіндіру қажет. Сіздің пікіріңіз анық беріліп, оған мысал немесе дәлел келтірілуі керек.

• Эссенің көлемі 200-250 сөз (кемінде 180 сөз, артық болса 275-тен аспауы керек)

• Эсседе келесідей сөз оралымдары қолданылуы тиіс: «Менің ойымша», «Мен .... деп ойлаймын», «Мен ..... деп есептеймін».

• Келесідей кіріспе сөздер мен сөз оралымдарын қолдану қажет: “Бір жағынан ....., екінші жағынан .....», байланыстырушы сөздер (дегенмен, бұдан басқа, оған қарамастан …)

• қысқартылған сөздерді қолдануға болмайды (эссенің құрылымына балл шегеріледі)

• Нақты құрылымы болады; ол бес абзацтан тұрады.

I Кіріспе.

Кіріспеде мәселеге екі қарама-қарсы көзқарас бар деп, проблемалық сұрақты нақты көрсету қажет.и Алайда бірінші сөйлем эссенің тақырыбымен сөзбе-сөз қайталанбауы тиіс. Бірінші абзацты келесі сөздермен аяқтау ұсынылады: «енді мен осы мәселеге өз көзқарасымды білдіргім келеді».

II Негізгі бөлім:

1 абзац. Сіздің көзқарасыңызды растайтын 2-3 аргумент келтіресіз, оны мысалмен немесе дәлелмен бекітесіз.

2 абзац. Сіз тек қана БІР пікірді ұстанасыз, Өз пікіріңізді растау үшін 2-3 аргумент дәлелімен келтіруіңіз керек.

3 абзац. Қарама-қайшы пікір (1-2) келтіруіңіз керек. Онымен неге келіспейтініңізді түсініруіңіз керек. Сіздің басқа адамдарға айтқан контрагргументіңіз 2 абзацты қайталамауы тиіс.

III Қорытынды.

Осы мәселеге екі көзқарас бар екені айтылған 1 абзацқа қайтып келіп, өз көзқарасыңызды растап, қорытынды жасау қажет және мәселені шешу үшін ұсыныс айтылуы тиіс.

Мысалы: «Осы мәселеге әр түрлі көзқарас бар. Мен .... деп ойлаймын.» Немесе «Барлық көзқарастарды ескере отырып, Мен .... деп ойлаймын.»

Эссе жұмысына қойылатын талаптар түсіндіріледі: Эссе тақырыбын ашу тереңдігі және пікірлердің сенімділігі; эссе тақырыбы бойынша өз пікірін дәйектеуі; эссенің композициялық тұтастығы және логикалық жүйелілігі; орфографиялық нормаларды сақтау; грамматикалық нормаларды сақтау; пунктуациялық нормаларды сақтау.

Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңінің мәтіні беріледі, оқып, ондағы келеңсіз жайттарды өзара талқылайды.

Жазылым тапсырмасы төмендегідей сипатта ұсынылады: «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңіндегі көтерілген мәселелерге талдау жасап, Абай сынға алған заман адамының құндылыққа қайшы мінез–құлықтарын талқылап, өз пікіріңді қосып, «Заман өзгерген сайын адами құндылықтар да өзгере ме?» деген тақырыпта эссе жазыңыз.

Дескриптор:

- көтерілген мәселерді талқылап, эссе тақырыбын ашады, өз көзқарасын тұжырымдайды, тезисін сенімді дәлелдейді;
- пікірін білдіреді және әр тезиске қатысты пікірді растау үшін кем дегенде бір-екі дәйектен (аргумент) келтіреді;
- композициялық тұтастық сақталған, пікірлердің бөліктері өзара логикалық байланысты, ой біртіндеп дамиды;
- ой дәлелденген, қайталаулар жоқ және логикалық жүйелілік сақталған;
- эссе мазмұнында ойын дәлеледеу үшін берілген афоризм сөздерді орынды қолданады;
- емле және тыныс белгілері сауатты жазылған немесе елеусіз 1-2 қате жіберілген.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Астана -2016.
2. Жаңартылған білім беру бағдарламасы. «Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламасы. Жоғарғы мектеп. Астана- 2018.
3. Абай (Ибраhим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том Алматы: Жазушы -2005 -330 б.

Жупышева С.Г.
Қарағанды қаласы, №23 ЖББОМ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОЙЫН ЖЕТКІЗЕ АЛУЫН ДАМЫТУ

Қазіргі уақытта қазақ тілін үйрету мәселесі жиі талқылануда. Өз тәжірибемде де осыған байланысты кездескен мәселелер бар. Осындай мәселелердің бірі – оқушыларымның ойларын қазақ тілінде еркін жеткізе алмауы. Бұған себеп – қазақша сөйлесетін орта жоқ болғандықтан, бар күшімді сабақтарымда осындай орта қалыптастыруға салдым. Енді бір кездесетін мәселе – білім алушылардың өзін-өзі басқара алмауы. Бұл мәселелерді шешу мақсатында бірнеше жыл бұрын өзімнің іс-тәжірибеме өзгеріс енгізуді бастадым. Басшылыққа алған мақсатым: өзімнің іс-тәжірибемде оқушының өзін-өзі реттеуі арқылы тапсырманы орындауға қажетті әдістерді таңдауына жағдай жасап, сол арқылы тілдерін дамытуға жол ашу. Бұл мақсатқа жету үшін түрлі интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі байқалды.

Былтыр осындай жұмыс қорытындысы ретінде сабағымның әзірлемесін Республикалық ашық «Әдістемелік вернисаж» педагогикалық жұмыстар фестивалінің «Үздік презентация» конкурсына жіберіп, «Оқыту сабағы» байқау номинациясы бойынша 3 орынға ие болдым. Осы әзірлемеммен бөліскелі отырмын. Пәні: қазақ тілі мен әдебиеті, сыныбы: 5 сынып.

Сабақтың тақырыбы: Аңыз патшайымы. Бұл тақырыпқа 2 сағат беріледі.

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:

Т2.Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау.

• А1.Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу.

• А3. Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту.

Сабақ мақсаттары:

• Барлық оқушылар: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді. Синоним, антоним, омонимдерді біледі.

• Көптеген оқушылар: Мәтіннен нақты ақпаратты анықтайды. Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолданады.

• Кейбір оқушылар: Өз ойын еркін жеткізе біледі, ауызша мәтіндер құрайды.

Сабақтың тақырыбын анықтау ретінде ақпараттық коммуникативті технологияларды басшылыққа алып, білім алушыларға Power Point бағдарламасы арқылы жасалған слайдтарды ұсындым. Слайдтарда қазақ тарихының алтын беттерінен Тұмар патшайым туралы мәліметтер қысқа түрінде бердім. «Тұмар патша (Томирис) – массагеттердің падишасы. Шамамен біздің заманымыздан бұрын 570-520 жылдар арасында өмір сүрген. «Тұяғы тектілердің Тұмар ханым, Биледі әділдікпен кең даланы! Жан жоқ-ты одан асқан ақылды елде, Тәкаппар, өр мінезді, батыр кеуде». Тұмар патшаның жалғыз Спаргапис атты ұлы Кир әскерімен шайқаста қаза болды. Ахемен әулеті мемлекетінің негізін қалаған парсы патшасы Кир массагеттермен соғыста олардың падиша ханымы Тұмардан жеңіліп, қаза тапты».

Мәтіналды жұмыс. Критерийлер (бағалау көрсеткіштері):

• Сұрақтарға жауап береді.

• Тарихи тұлғаларды атай алады.

Айтылым. 1-тапсырма: Сұрақтарға жауап беру.

• Әлем тарихында ерлікпен даңқы шыққан қандай әйел патшаларды білесіңдер?

• Ел ішінде аты аңызға айналған қандай дана әйелдерді білесіңдер?
• Қазақ халқының қандай ержүрек жауынгер қыздарын білесіңдер?

Дескриптор (мақсатқа жету үшін жасалатын қадамдар)

• Сұрақтарға дұрыс жауап береді.
• Тарихтағы әйел патшалар туралы біледі.

Жаңа сөздермен жұмыс жасауда берілген сөздерге синонимдер, омонимдер, антонимдер келтіруге мақсат қойып, білім алушылардың өздеріне таңдау беремін, мысалы біреуі «шайқас – ұрыс» деп келтірсе, екіншісі «жау» сөзіне омоним келтіре алады (жау – зат есім «Кир – Тұмардың жауы», жау – етістік «жаңбыр, жау!»)

Дескриптор

• жаңа сөздерді меңгереді;
• оларды синонимдер, антоним, омонимдерімен қатар қолданады

Мәтінмен жұмыс.

• 3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Бағалау критерийі

• Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді.
• Нақты ақпаратты анықтайды

Бұл мақсатқа жету үшін «Жигсо» (Бөлшекте, жинақта) әдісін қолдануды жөн көрдім. 3 бөлікке бөліп оқу ұйымдастырылады. Әр топтағы оқушылар №1, №2, №3 түрінде белгіленеді.

• 1-кезеңінде өздеріне тиесілі бөлігін оқиды.
• 2- кезеңде әр топтағы балалар нөмірлеріне сәйкес бір топқа бірігеді. Олар өздері оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі.
• 3-кезеңде топ мүшелері қайта өз орындарына барады да, мәтіннің
мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен ойларын жинақтайды.
• 4-кезеңде әр топ өз жұмыстарын сыныптың алдында қорғайды.

Дескриптор

• Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді.
• Нақты ақпаратты анықтайды

Мәтінсоңы жұмыс

Жұптық жұмыс. 7-тапсырма. Мәтін мазмұнының негізінде диаграмманы толтыру. Ойларын ауызша айту.

Бағалау критерийі

• Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айтады.

Венн диаграммасы арқылы оқушылар жұпта Тұмар патшайымы мен Кир пашасының әрекеттерінің айырмашылығы мен ұқсастығын анықтайды.

Жаңа сөздерді бекіту жұмысында «Арқаға арқа» әдісін қолдануға болады. Қатысушылар берілген екі орындыққа отыру тиіс. Біреуі тақтаға қарап отыру керек, екіншісі тақтаға қарама-қарсы жаққа қарап отыру керек. Мұғалім түсіндіру үшін бір сөзді береді. Бірінші қатысушының берілген сөзді түсіндіру үшін бірнеше минуты бар.

Сабақтың қорытындысында қолданылатын әдіс – «Білім қоржыны».

Сабақта қолданылатын бағалау түрлері: қалыптастырушы бағалау, өзін-өзі бағалау, кері әсер парағы.

Осы сабақтарымның оқушылардың оқудағы таным әрекеттеріне қаншалықты ықпал ететінін зерделеу үшін сыныппен сұхбат жүргіздім.

1. Кейінгі сабақтар сендерге ұнады ма? Несімен?
2. Топтық жұмыс Сізді дамытады деп есептейсіз бе?
3. Оқытудың ұйымдастырылуы Сізге қалай әсер етті? Жағымды, жағымсыз жақтарын атап өтіңіз.
4. Берілген тапсырмалар бойынша ойыңызды айту, орындау жолын өздеріңіз таңдау керектігі қиындық тудырды ма?

Сұхбатта оқушылардың еркіндігі, ойларын қысылмай айта білгендіктері ұнады. Бірнеше оқушы кейінгі сабақтарда өзін еркін сезінгенін айтты. Оқытудағы топтық жұмыс барлығына да ұнаған екен. Кейбір оқушылар үшін қазақ тілі сабағында тапсырманың орындау жолын ойлау қиындыққа ұшыратты. Ал біреулері, керісінше, шығармашылықты іске қосатын тапсырмаларды ұнатты. Сөйтіп, зерттеуге алған тақырып төңірегінде жұмыс жасағанымда қолданылған әдістердің тиімді екені белгілі болды.

Топтық жұмыс, ынтымақтаса жұмыс жасау, берген тапсырмаларды орындау кезінде шешу жолдарын өз бетінше таңдау оқушыларды тілдік қатынасқа түсіріп, олардың сөйлеу тілдерінің дамып келетіні сабақтан-сабаққа аз да болса білініп отыр. Ойлаудың нәтижесін сөйлеу көрсетеді, сөйлей отырып, тіл дамиды, ал ойлау үшін көп іздену және оқу керек деп ойлаймын. Оқушыларды өз еңбегінің нәтижесін көруі арқылы оқуға ынталандырамын деген де ойым бар.

Өз тәжірибеме осы өзгертулерді енгізгелі, пән бойынша білім сапасы бірнеше жыл бойы тұрақты.

2016-2019 жылдарындағы қазақ тілі пәні бойынша білім сапасы



«Шәкірттің ой-өрісінің емін-еркін дамуына кең жол берілуі керек, ол өз қалауынша оқып, өз қалауынша жазып, ұстаздың тежеуіне кездеспеуі керек, сонда ол өмірден шын білім алып шығады» деген М. Бүйімбаевтың мына пікірін оқығанда, оны құптағаннан басқа айтар сөзім болған жоқ. Сабақтың өтілуіне емес, оқушылардың оқуын тиімді ұйымдастыру жағына көп көңіл бөлу қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілін орыс тілді мектептерде интерактивті оқыту технологиясы. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.

Ибрайбекова А.Н.
Қарағанды қаласы,
М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия

SMART МАҚСАТҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫ

XXI ғасыр жаһандану дәуірі. Еліміздің болашағы – жас ұрпақты оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзырлылықтардың біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындау, оны мектеп тәжірибесіне ендіру уақыт талабына сай келеді.

Қазақ тілі пәнінің сабақты жоспарлау кезінде оқу бағдарламасы, ұзақ мерзімді жоспар және саралаудың 12 түрі негізге алынып жасалынады. Ықшамсабақтағы тапсырмалар ең бірінші оқу бағдарламасында берілген мақсатқа сүйене отырып, оңайдан күрделіге қарай сараланып, яғни, Д.Брунердің спиральды қағидаты негізінде жасалынады. Ықшамсабақтың жоспарын құруда тапсырмалар нақтылы, өлшемді, қолжетімді SMART мақсатқа негізделген және дағдының 4 түрі ескерілу керек.

Қарым-қатынас формалары бойынша саралау "Сандықшадағы сиқырлы айна" арқылы оқушылардың арасында ынтымақтастық атмосферасын орнату. Мақсат бойынша саралау сабақты жоспарлаудан бастау алып, оқушылардың көпшілігі, басым бөлігі, кейбір оқушылар үшін деңгейлік тапсырмаларды орындауға бағытталады. Әрбір оқушыға саралау әдістері мақсатқа жетуге көмегін тигізеді. Тапсырмалар оқушылардың деңгейіне қарай алынған. Ең бастысы Б.Блум сатысымен жүзеге асып отырады. «Зымыран»әдісі, «Ойлан, жұптас, бөліс!» әдісі, «Сиқырлы конверт» әдісі бойынша тапсырма орындауда түрлі деңгейде жауап күтіледі және қабылданады. Бұл "Нәтиже немесе жауап бойынша саралауда" көрініс табады. Оқушылардың барлығы тапсырманы орындау кезінде өз ойларын ортаға салып, тақырыпқа сай пікірлерін жеткізеді. Жұптық жұмыс жасау кезінде оқушының дербестігі мен жауапкершілігі бойынша саралау барысында оқушылардың бір-бірімен жұптасып жұмыс жасауына қолдау көрсетеді. Тапсырма бойынша саралауда «Рөлдік ойын» әдісі , «Джигсо» әдісі арқылы оқушылар топта шығармашылықтарына сай кесте толтырады. Кейбір оқушылар кесте толтыру барысында нақты дәлелдермен ойларын қағаз бетіне түсіреді. Саралаудың осы түрін қолдану өте тиімді, себебі баршаға бірдей тапсырмалар дайындалады. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізеді, топта талқылайды және соңында оқушылар жұптарының жұмыстарын тексере отырып бір-бірін бағалайды. «Диалог негізінде саралау» барысында мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән бере алады. «Зымыран» әдісімен тапсырма орындағанда көрінбек. Қабілеті төмен оқушы ақпаратты қарапайым тілмен түсіндіруді қажет етсе, деңгей жоғары оқушы мазмұны күрделі диалогта жауап бере алады.

Оқудың ажырамас бір бөлігі- бағалау. Білім алушының білім меңгеруде, дағдыларының қалыптасуына, деңгей жайлы ақпарат алу, оқу үдерісін түзету, кері байланыс ұсыну, оқушылардың уәжін көтеру үшін бағалаудың маңызы өте зор. Сондықтан ықшамсабақта қалыптасытырушы бағалаудың «Жапондық бағалау», «Қол шапалақ», «Ауызша мадақтау», «Бағдаршам», «Смайлик», «Бес саусақ» әдістері қолданылады.

Басты мақсат- зейінін тұрақтандыру, келесі тапсырманы орындауға деген қызығушылығын арттыру, өзін және өзгені әділ бағалауға дағдыландыру.

«Жетістік бастпалдағы» әдісі арқылы рефлексияда оқушылар бүгінгі сабақ бойынша өз білімдерін бағамдап, стикерге жазып, жетістік баспалдағына жабыстырады.

«Ақылдың алты қалпағы» Де Бонн әдісі арқылы шеберлік сағатына кері байланыс жасайды.

Алынған бағалау түрлерінің барлығы оқушылардың оқу мақсатына сай оқу жетістігіне жеткізеді деп күтілуде.

Қазақ тілі сабағында өз тәжірбиеммен бөлісе отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған жаңартылған білім мазмұнында қысқа мерзімді сабақ жоспарын ұсынамын.

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **10 минут** **Білім деңгейі:** Білу	**Ұйымдастыру кезеңі** **Психологиялық ахуал орнату.** Бүгінгі сабақты жақсы көңі-күймен бастау **«Сандықшадағы сиқырлы айна» әдісі** **Мақсаты:** Жағымды ахуал қалыптастыру. **Өту қадамы:** Сиқырлы айнадағы адамды бір сөзбен бағалайсыз. Мысалы: сұлусыз, ажарлысыз, тамашасыз. **Топқа бөлу:** Білім алушылар **«Пазл» әдісі** арқылы берілген суреттерді құрастырып, үш топқа бөлініп отырады. **Мақсаты:** тыңдаудағы дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру. Өту қадамы: берілген бөліктерді біріктіру арқылы сурет шығарады I топ: «АТА-ӘЖЕ» II топ: ӘКЕ-АНА III топ: БАЛАЛАР  **Білу** **«Зымыран» әдісі** арқылы үй тапсырмасы еске түсіру . **Мақсаты:** алдыңғы білімін бекіту, қайталап еске түсіру. Өту қадамы: әрбір топқа 5 сұрақтан беріледі. **ҚБ «Жапондық бағалау» әдісімен** бағалау.	**«Сиқырлы айна» әдісі**
Сабақтың ортасы **20 минут** түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау	**Түсіну** «Мерейлі отбасы» бейнеролигін көрсету. Сұрақтарды топқа қоя отырып талқылау. I топ: Бейнебаяннан не ой түйдің? II топ: Еліміздің ең басты ұлттық құндылығы туралы өз пікірлері? III топ: Осындай отбасылар кездесе ме? **ҚБ «Қол шапалақ» әдісі** арқылы бағалау **Қолдану** **ТЖ 1-тапсырма.«Ойлан, жұптас, бөліс!» әдісі** арқылы тапсырма орындайды. Мәтінді оқып, диаграмманы толықтырыңыз **Бағалау критерийі:** -мәтін мазмұнын ашады ; -диаграмманы толықтырады; -негізгі ойды анықтайды; - ұлттық құндылық туралы өз пікірлерін айтады **Дискриптор:** - мәтін мазмұнын аша алады ;	**Бейнеролик** https://www.youtube.com/watch?v=juIrkHCAZt4 ttp://arman v.kz/?book =162

	-диаграмманы толықтыра алады; -негізгі ойды анықтай алады; -ұлттық құндылық туралы өз пікірлерін айта алады **ҚБ «Ауызша мадақтау» әдісі** арқылы бағалау (Жарайсың! Тамаша! Керемет!) **Талдау** **2-тапсырма.** **ЖЖ** Деңгейлік тапсырмалар. **«Сиқырлы конверт»** әдісі арқылы деңгейлік тапсырмаларды зерделей отырып беру. **Мақсаты:** оқушылар деңгейін анықтау, жазылым, айтылым дағдысын қалыптастыру. **Өту қадамы:** оқушыларға берілген деңгейлік тапсырмаларды орындайды, өзара талқылайды. **1-деңгей** Оқылым мәтініндегі негізгі ойды танытатын 3 сөз бен 3 сөйлем жазыңдар. **2-деңгей** Оқылым мәтініндегі сөйлемдерді түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемге айналдыр. **3-деңгей** Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қойып, қойылу себебін түсіндіріңдер. 1. Мектеп директоры мынаны еске салады оқушыларды ерте бастан ғылыми еңбек жазуға баулу қажет. 2. Бұл трубалардың жуандығы сондай Бейсен сияқты тәпелтек адамдар ішінде жүгіріп жүрелік. 3. Бұның жақсы ырым от жағыпсың, шай қайнатыпсың, дастарқан жайыпсың. 4. Ғылымға берілгендігі сондай қолынан кітап түспейді, үнемі оқиды да жүреді. 5. Мұның түпкі себебі мынау романда ұнамсыз кейіпкер мүлде жоқ. **Бағалау критерийі:** -мәтіндегі негізгі ойды жазады; -сөйлемдерді түсіндірмелі салалас құрмаласқа айналдырады; -құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін қояды, себебін түсіндіреді **Дискриптор:** -мәтіннен негізгі ойды жаза алады; -сөйлемдерді түсіндірмелі салалас құрмаласқа айналдыра алады; -құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін қояды алады; -себебін түсіндіре алады **ҚБ «Бағдаршам» әдісі** бойынша бағалау **Жинақтау** **ТЖ 3-тапсырма.** **«Рөлдік ойын»әдісі** **Мақсаты:** жазу дағдысын қалыптастыру. **Өту қадамы:** Топта арнау сөз жазады. Мысалы: Отбасы күніне арналған Елбасының халыққа арнау сөзі жазу. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді ажырату. **Бағалау критерийі:** -арнау сөзді жазады;	http://armanpv.kz/?book=162 

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
-сөйлемдерді түсіндірмелі салалас құрмаласқа ажыратады
Дискриптор:
-арнау сөзді жаза алады;
-сөйлемдерді түсіндірмелі салалас құрмаласқа ажырата алады
ҚБ «Смайлик» әдісімен бағалау
Жинақтау
ТЖ 4-тапсырма.
«Джигсо» әдісі
Мақсаты: алған білімдерін жинақтау
Өту қадамы: оқушылар сөздерді анықтамаларымен қосады
<table>
<tr><td>Сөз</td><td>Сіздің ойыңызша, оның мағнасы қандай</td><td>Сөздіктегі анықтамасы</td><td>Сөзді пайдалана отырып құрылған сөйлем</td></tr>
<tr><td>Отбасы</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ұлт</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Құндылығы</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мерейлі</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>ұрпақ</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Әке</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бала</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Бағалау критерийі:
- сөзді жазады;
- сөзді пайдалана отырып сөйлем құрайды;
-кестемен жұмыс жасайды
Дискриптор:
- сөзді жаза алады;
- сөзді пайдалана отырып сөйлем құрай алады;
-кестемен жұмыс жасай алады
ҚБ « Бес саусақ» әдісі арқылы бағалау
</td>
<td>

</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы
10 минут</td>
<td>
Рефлексия
«Жетістік баспалдағы» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі сабақ бойынша өз білімдерін бағамдап, стикерге жазып, жетістік баспалдағына жабыстырады.
КЕРІ БАЙЛАНЫС
«Ақылдың алты қалпағы» Де Бонн әдісі арқылы шеберлік сағатына кері байланыс жасайды.
Ақ қалпақ - Жаңа ақпараттар
Сары қалпақ -Алған әсеріңіз қандай?
Қызыл қалпақ - Эмоциялық көңіл- күйін білдіру
Қара қалпақ - Ұсыныстар не баға беру
Жасыл қалпақ - Жағымды тұстары
Көк қалпақ - Өзіне түйген құндылық
Үй тапсырмасы
5-тапсырма, 106-бет
</td>
<td>


</td>
</tr>
</table>

Әдебиеттер:

1. https://www.youtube.com/watch?v=juIrkHCAZt4
2. http://armanpv.kz/?book=162
3. http://armanpv.kz/?book=162

Иваненко Н.И.
Бухаржырауский район, Ельтайская ОСШ

ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧИТЕЛЯ В ГРУППЕ СЕБЕ РАВНЫХ

Дыбыссыздар - дыбыс шығармайтын аспаптар. Пернелі пианино, ойналмайтын шекті домбыра, жарғақты баян және т.б. дыбыс шығармайтындығына қарамастан, олардың сыртқы пішіні тартымды болып келеді. Пианиношы, баяншы, домбырашы, балалайкашы балалар таныс әндерін аспаптарда нақышына келтіріп, құбылта орындайды. Осы орындалатын әрекеттердің негізінде баланың шығармашылық қиялы мен ой-өрісі дамиды.

Дыбыс шығаратындар: дауысының белгілі бір биіктігі жоқ музыкалық ойыншық аспаптар (сылдырмақ, бубен, барабан, кастанет, үшбұрыш, асатаяқ); бір ғана биік дыбыс шығаратын музыкалық ойыншық аспаптар (сыбызғы, керней); әуен биіктігі шектеулі аспаптар (кішкентай органдар, музыкалық қобдишалар); диатоникалық және хроматикалық дыбыс қатарлары бар музыкалық ойыншық аспаптар (металлофон, ксиллафон, пианино, рояль, кларнет, баян, домбыра т.б.). Дыбыс шығару ерекшеліктеріне қарай музыкалық аспаптар шекті, үрмелі, соғып ойналатын болып үш топқа бөлінеді. Үрлеп орындалатын аспаптарға: сыбызғы, саз сырнай, флейталар, дудочка және т.б. жатады. Аспапты үрлеген кезде әуезді дыбыс шығады. Шертіп ойналатын аспаптарға: домбыра, балалайка, цитра, жетіген, шаңқобыз және т.б. жатады. Балалар саусақтармен немесе медиатормен шерткенде аспаптан дыбыс шығады. Ұрмалы аспаптарға: асатаяқ, тарелкалар, металлофондар, бубен, барабан, маракас және т.б. жатады. Аспаптың дыбыс шығаратын тұсын қолмен немесе таяқшамен соққан кезде аспаптан дыбыс шығады.

1 сурет. Өнер қырандары

Өнер құралдарының түрлерін ансамбль немесе шағын оркестр құруға болатындай етіп жинақтаған абзал. Музыкалық аспаптардың дауысы таза, тембрі анық, көлемі мен салмағы жағынан қолайлы, құрылымы қарапайым, мейлінше мықты болғаны дұрыс. Жөндеуді, күйге кетіруді қажет ететін музыкалық аспаптар оқу іс-әрекеті басталмай тұрып ретке келтірілуі тиіс. Музыкалық аспаптарда ойнауды бастамастан бұрын музыка жетекшісі (тәрбиеші) балаларға аспаптардың құрылысы, шығу тарихы, дыбыстық бояуы (тембрі) туралы әңгімелеп беруі тиіс. Музыкалық аспапта ойнау барысында балалардың тұрып ойнау немесе отырып ойнау қалпын музыка жетекшісі бақылауы керек. Себебі, әр аспапта ойнаудың өзіндік ерекшелігі бар. Аспаптарда ойнауды бастамастан бұрын жаттығулар жасаған дұрыс. Музыка жетекшісі (тәрбиеші) оқу іс-әрекеті барысында орындалатын жаттығулардың балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуын ескеруі керек. Балаларға музыкалық аспаптарда ойнауды үйретуде әр баланың жеке қабілетін, мүмкіндігін ескеру қажет. Кейбір балалар әндердің қайырмасын жеңіл орындаса, ал басқа балалармен көп дайындық керек екенін ұмытпаған жөн.

2 сурет. Іс- іркет барысы. «Мен таңдаған өнер»

Қорытындылай келе, бала әртүрлі музыкалық аспаптардың әуендерін тыңдаған кезде, оның ой-өрісі, қиялы дамиды, шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаған кезде баланың қол саусақ моторикасы да дамиды. Музыкалық аспаптарда ойнау барысында балалардың эстетикалық және қабылдау сезімдері жетіледі. Бұл сезімдер ерік, есте сақтау қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Алиева М.М. Отбасы және балабақша. 2015. №6.
2. Қоңыратбай Т. Әлемдік өнертану. Музыка өнері. 3 том. - Алматы: Өлке, 2009.
3. Қасен Г.А. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау қабілетін қалыптастыру. –Астана, 2013.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. –Астана, 2016.

Оразбекова К.А.
Сулеймен Ә.
Қарағанды қаласы, №12 ЖББ ОМ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚОЛ ЖҰМСАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі қоғамда бізді алаңдатып отырған ауқымды мәселелердің бірі-оқушылардың өз-өздеріне қол жұмсауы. Жан күйзелісіне шыдай алмау, жағдайдан шығудың жолын іздемеу, жеке басының дағдарысы, осының барлығы айналып келгенде таңдауды тарылтып, өзіне-өзі қол салуға итермелейді. Жасөспірімдер арасында келеңсіз оқиғаларды болдырмаудың алдын алу мақсатында мектебіміздің психологиялық қызметі жұмыс жасауда.

Мақсаты:

Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін суицидальды мінез–құлықтың түрлерін, себептерін анықтау. Қиыншылықтардың және суицидтің алдын алу мақсатында жұмыс жүргізу туралы ақпараттарын кеңейту.

Міндеттері:

- Балалардың өмірге деген қызығушылықтарын арттыру;
- Мінез ерекшеліктерін зерттеу, түрлі әдістер арқылы көңіл-күйлерін көтеру;
- Балалардың психикалық денсаулығын нығайту.

Жұмыс жасау түрлері: жеке және топтық коррекциялық жұмыс жүргізу.

Жүзеге асыру әдістері:

- Баяндама (психопрофилактикалық жұмыстар);
-Тренинг (психокоррекциялық жұмыстар);
-Психоконсультациялық жұмыстар (ата-аналарға).

Күтілетін нәтиже:

1. Балалардың өмірге деген құлшыныстарын арттыру;
2. Эмоциялық мазасыздықтың төмендеуі;
3. Қарым-қатынастың тиімді тәсілдеріне үйренеді;
4. Мінез-құлықтағы акцентуация деңгейін төмендету;
5. Жасөспірімдердің тұлғалық эмоциялық аумағын түзету;

6. Жасөспірімдерге өзін-өзі бағалауын қалыптастыру.

Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауға дайындалып жүргенін мына белгілерге қарап білуге болады:

1. Өз істерін реттеу – құнды заттарын тарату, байлап, түю. Күнделікті тіршілікпен қалай болса солай жүрген адам бір сәтте барлығын ретке келтіре бастайды, яғни, бұл оның соңғы дайындықтарды жасағандығы болуы мүмкін.

2. Қоштасу – өмірінің әр кезінде көмектескен адамдарға алғыс айтуы мүмкін.

3. Сыртқы қанағаттанушылық – күш-қуаттың пайда болуы. Өзіне қол жұмсау жоспары толық жасалса, ол туралы енді ойланбайды, шамадан тыс күш бітіп, көп нәрсені бірден атқаруы, не көп сөйлегіш болып кетуі мүмкін. Бұл терең депрессияға қарағанда аса қауіпті.

4. Әдеттегіден тыс қағазға шұқшиып, бірдеңелерді жазуы. Өзіне қол жұмсауды ойлаған адам артына әсер қалдырарлықтай хат жазу үшін көп ойланып, хат мәтінін күніне бірнеше мәрте өзгертуі мүмкін.

5. Ұйқысыздық

Мұндай қиын өмірлік жағдайда уақытында көрсетілген психологиялық көмек, мейіріммен жасалынған қолдау, жасөспірімді қайғылы жағдайдан аман алып қалған болар еді. Сондықтан, суицидтің алдын алу үшін ата-аналар, мұғалімдер, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер, салауатты өмір салтын қалыптастырушы мамандар, бұқаралық ақпарат құралдары бірлесе жұмыс атқаруы керек. Яғни ең алдымен алдын алу жұмыстары жасалуы қажет: жасөспірімдер мен жастар арасында осы тақырыпта дәрістер, әңгімелесулер, сұхбаттасулар, кеңес беру, сұрақ-жауап сияқты жұмыстардың көбірек жүргізілгені дұрыс.Ең бастысы, осындай сұмдық қадамға баруды ойға алған адамды байқасаңыз, мүмкіндігінше жанында көбірек бірге болуға тырысыңыз. Оның жан жарасын білдіретін сөздерін, мейлі ол уайым, қайғы, кінә, қорқыныш немесе ашу-ыза болсын, тыңдай білсеңіз, оған баға жетпес көмек бергеніңіз.

Осындай мәселенің алдын алу мақсатында мектебіміздің оқушыларымен өткізілген іс-шаралар: **«Өмірдің мәні»** психологиялық сағат, [1, с. 29] **«Мен жалғыз емеспін» жаттығуы** *Мақсаты:* Балаға оның осы өмірде жалғыз еместігін ұғындыру. Ол өз қиындықтарымен жалғыз қалмауы тиіс екендігін ұғындыру.



«Мен жалғыз емеспін» жаттығуы

«Мен таңдаған өмір...» тренинг сабағы

«Өмірдің мәні» психологиялық сағат

«Өмір мәнін қалай түсінеміз?» атты тренинг элементтері бар сабақ. [1, с. 56] «Не үшін өмір сүруді білетін адам, қалай өмір сүруді де әрқашан біледі» (Ф. Ницше)

*Мақсаты:*жеткіншекке өзінің ішкі жан дүниесіне үңілуіне мүмкіндік туғызу. **«Мен таңдаған өмір...»** тренинг сабақ. *Мақсаты:* Оқушыларға өмір ұғымын түсіндіре отырып, өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлар туралы ақпарат беру. **«Мен өмірге ғашықпын»** тренинг – ойын сабағы.

Мақсаты: оқушылардың өмір туралы көзқарастарын анықтау және өмірді қалай сүйетіндерін байқау. Өмірдегі орны қандай деңгейде бағаланып жатқанын қаншалықты білетіндерін анықтау. **«Адам өмірі – басты құндылық»** тренинг.

Мақсаты: - өмір адам баласына бір-ақ рет берілетін қымбат сый екеніне ықпал ету.[2, с. 42]

«Өмір мәнін қалай түсінеміз?» тренинг-сабақ

«Адам өмірі – басты құндылық» тренинг-сабақ

«Мен өмірге ғашықпын» тренинг-ойын

Педагог - психологтармен бірлесе отырып үй жағдайында балалардың қауіпсіздігін бақылап, тұңғыққа түсіп кетпеуі үшін ата-аналарға арналған кеңестер:

- Жағымсыз ойларға берілмеу;
- Күлкіге айналдырмау;
- Тергемеу, сенімділік таныту;
- Үйде тыныштық, сенімділік, қауіпсіздік ахуалын құру;
- Ашықтық қағидасы бойынша үйдегі қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- Жеке тәжірибесін құру құқығын сақтау.[3, с. 28]

«Бала біздің болашағымыз» тренинг

«Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру» ата-аналар жиналысы

Жасөспірімді өзіне-өзі қол жұмсаудан не тоқтатуы мүмкін?

-Баламен қамқорлық қарым-қатынастарды орнатыңыз;

-Зейінді тыңдаушы болыңыз;

-Қатынаста шынайы болыңыз, қорқынышты жағдай туралы байыпты және түсінікті сұраңыз;

- Психикалық ыңғайсыздық көзін анықтауға көмектесіңіз;
- Барлық мәселелерді дұрыс шешу үшін сенім орнатыңыз;
- Балаға оның тұлғалық қорларын тануға көмектесіңіз;
- Баланың осы шақта сәтті орнығуы үшін қолдау көрсетіңіз және болашақтағы бағытты анықтауға көмектесіңіз;
- Жасөспірімді зейінмен тыңдаңыз!

Қорытынды: Әрбір адам өмір сүруге құқылы. Олай болса неге арамызда өз өлімінен бұрын өмірден озатын адамдар кездеседі? Қиыншылыққа төзбей өмірден өте салу оңай. Бірақ, осының артында қаншама қайғы-қасірет, мұң бар десеңізші! Сондықтан, жасөспірімдеріміздің өзіне-өзі қол жұмсауына жол бермейік дегім келеді.

Әдебиеттер:

1.Нарикбаева М.С. Қызықты психология.Алматы. 2014ж.
2.Кондрашева В.Т. Суицидальное поведение . Минск. 1999г
3. Елшібаева К.Ғ. Суицидтің алдын-алу. Алматы, Нұр - Принт. 2008ж.

Оспанкулов М.З.
Қарқаралы ауданы,
№19 ЖББОМ базасындағы тірек мектебі

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ – БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢАРТУДЫҢ НЕГІЗІ

Жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру және өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеументтендірудің маңызы зор. Қазіргі уақытта мектеп реформасына көптеген өзгерістер енгізіліп, мектеп ісінің ішкі-сыртқы жүйесі түгелімен өзгеріп келе жатқаны белгілі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев дәстүрлі халыққа Жолдауында: «Білім беру реформасы- Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп, білім беру үрдісіне баса назар аударған еді.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: ***«XXI ғасырда нені оқыту керек?»*** және де екіншісі - ол да маңызы жағынан біріншіден еш кем емес: ***«Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?».*** Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасының мазмұны осы екінші мәселені шешуге бағытталған.

Білім беру саласында оқушылар үшін білім де, дағдылар да тең дәрежеде маңызды деген ортақ ұстаным қалыптасуда. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.

Осы орайда Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды қаласының педагогикалық шеберлігі орталығы филиалы және Қарағанды қаласының «Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы арасындағы өзара серіктестік туралы 2015 жылдың 26 қазанындағы Меморандум негізінде, ауданымыз бойынша 4 мектеп жетекші мектеп болып құрылған болатын. Әр мектеп өзінің жылдық жоспары бойынша НЗМ іс-тәжірибесін трансляциялау бойынша жұмыстар жүргізілді. Ал, біз 2019-2020 оқу жылында өз жұмысымызды «Сабақты зерттеуге» арнадық. Оның дәлелі 30 қарашада АББ-нің әдістемелік кабинеті ұйымдастырған «Сабақты зерттеу тәсілін тиімлі жоспарлау және жүргізу» тақырыбында өткен семинарға біздің мектеп өз іс-тәжірибесімен таныстырды. Семинарға Қарағанды қаласындағы ПШО-ның тренерлері жоғары баға берді.

Жаңа педагогикалық тәсіл аудан мұғалімдері үшін белгілі бір дәрежеде серпіліс болды деуге болады. Белсенді және жаңашыл ұстаздар өз тәжірибесін жетілдіру үшін сабақты зерттеуді ұйымдастыру мен іске асыруды қолға ала отырып, өздерінің мектептеріндегі әріптестерін де осы үдеріске тартуы керек. Сонда мұғалімдерге сабақты бірлесіп жоспарлауы, сабақты бақылау мен рефлексиялық талқылауды үйретудің маңызы аса зор болады. Бұл ретте мұғалім үшін психологиялық аспекті те маңызды болады: сабақ жоспарын бірлесе дайындау сабақ беру барысында әріптестердің арасындағы кәсіби қарым-қатынасты бұрынғыдан да жақсартады. Сондықтан «Сабақты зерттеуді» мектеп басшысы тарапынан басшылық-бақылау дұрыс жасалынса оқыту мен оқу жақсаратыны сөзсіз. Өйткені «Сабақты зерттеуге» жауапты мектеп басшысы екенін назарда ұстасаңыздар екен дегім келеді.

Осы орайда 6-желтоқсан күні АББ-нің әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен «Сабақты зерттеу» тәсілі бойынша стенд конференциясы өтті.

Біздің ЖББ №19 орта мектеп базасындағы тірек мектебінде ұйымдастырылған сабақты зерттеу барысында қалыптасқан деректерді жинау, талдау және қайта қарау дағдылары мен әріптестер арасындағы тұлғааралық қарым – қатынастар мектептегі оқу ортасын жақсартуға оң ықпалын тигізуде.

2018-2019 оқу жылында 4-сынып оқушыларының білім сапасы 64,3% болса, 2019-2020 оқу жылында сабақты зерттеу тәсілінен кейін 66,7% болды яғни 4% көтерілгені байқалды.

Сабақты зерттеуде оқу мақсаттарын белгілеу, зерттеу сабақтарын жоспарлау, деректерді жинау, талқылау және қайта қарау үдерістерін мұқият жоспарлау маңызды. Сабақты зерттеу тәсілін қолданудың мақсаты тек сабақ жоспарын жасауды жетілдірумен шектелмейді, бұл жалпы әлеуетті арттыруға: сыныпта және сыныптан тыс оқыту мен оқуды дамыту үшін қажет білімді, дағдылар мен ынтаны қалыптастыруға бағытталған.

Бұрынғы жастардың мақсаты айқын, болашағы белгіленіп қойған болатын, ал қазіргі өзгермелі қоғамда мектеп бітірген жастарды өзгеше өмір күтіп тұр. Ғылыми - техникалық прогресс пен ғылыми жаңалықтар қолжетімді білім мен ақпарат көлемін мейлінше арттырып жіберді. Біз тәуелсіз халықаралық қоғамдастықта өмір сүреміз, ал бұл жерде бір елдің жетістігі немесе күйреуі көптеген елдерге ықпал етіп жатқаны белгілі.

Осы орайда мектеп басшылығы ретінде мұғалімнің кәсіби өсуіне ықпал ету және командалық жұмыс пен бірлескен оқуды ұйымдастыру мақсатында мектебімізде «Тәжірибедегі рефлексия» білім беру бағдарламасы бойынша мектепішілік курстар ұйымдастырылып, мұғалімдер өздерінің білімдерін жетілдіріп жатыр. Сонымен бірге мұғалімдер үшін тәлімгерлік ұйымдастырылып, оқыта отырып үйрену негізінде тәжірибе алмасып, өзара сабаққа қатысып, тәжірибе алмасуда.

Мұғалімдердің кәсіби дамуын көтеру үшін аудандық, облыстық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен вебинарларға қатысуы мектеп ұстаздарының кәсіби өсуіне ықпалын тигізуде.

Мектеп ұстаздарының кәсіби білімінің сәтті жүйелері оқыту көшбасшысы ретінде тәжірибе қоғамдастығы құрылды. Онда өзара тәжірибе алмасып отырғандықтан мұғалімдердің кәсіби даярлығы ұдайы жетіліп отырғанын байқадым. Оның нәтижесін ұстаздардың сабақ беру барысында байқалды.

Бүгінгі таңдағы басты мәселе – жас ұрпақтың сапалы білім алуы. Ғұлама ойшыл Аристотель «Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті» деген екен. Білім саласының дамуы көшінен қалмай ілгері жылжу – біздің басты мақсатымыз.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жыл 31 қаңтар.

2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Бірінші (ілгері) деңгей, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014

Островская Г.А.
ОШ №44, г. Караганда

РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РЕЧЕВЫХ ПОДСКАЗОК И КЛИШЕ

Одной из приоритетных задач современного образования является формирование коммуникативной функциональной грамотности. Учащиеся должны формулировать и аргументировать собственные мысли, участвовать в беседах и диспутах, взаимодействовать с различными людьми. Основа коммуникативной функциональной грамотности закладывается, начиная с начальных классов, на уроках «Русский язык» и «Литературное чтение». Данные предметы обеспечивают развитие всех видов речевой деятельности: говорения и аудирования, чтения и письма. [4]

Нынешнее поколение детей получает объем информации, в несколько раз превышающий объем информации за последние годы, поэтому они должны быстро адаптироваться и функционировать с окружающей языковой средой. Вместе с тем, возникает эффект «перенасыщения» информацией, когнитивная усталость, когда, чем больше мы стараемся успеть, тем меньше успеваем. Это может привести к негативным результатам: состоянию постоянной усталости и нежелания работать, уменьшению объема перерабатываемой мозгом информации, снижению эффективности работы. [1]

В начальной школе это может выражаться в нежелании участвовать в работе класса; ученикам легче «отмолчаться» или ответить односложно, не вступая в диалог с учителем, одноклассниками

или самодиалог (при проведении самоанализа и саморефлексии). Такие учащиеся быстро теряют интерес к обучению, становятся неактивными во время уроков, не всегда способны сформулировать и аргументировать собственные мысли или высказать собственную точку зрения, что, в свою очередь, ведет к снижению познавательного интереса.

Проблему низкого уровня сформированности языковой функциональной грамотности можно наблюдать почти в каждом классе начального звена, т.к. учащимся не хватает активного словарного запаса для общения, наблюдаются низкая грамотность письменной и устной речи, слаборазвитые ораторские навыки.

Одним из возможных путей решения проблемы для меня стало использование речевых подсказок и клише начала предложения с целью формирования и развития языковых навыков учащихся. Такие клише являются готовыми формулами, способствующими облегчению процесса коммуникации.

При обучении речевым клише необходимо придерживаться поэтапного их использования в речи учащихся (рис.1). [2]



Рисунок 1. Этапы обучения речевым клише

На подготовительном этапе учащиеся знакомятся с предлагаемыми речевыми клише на различных этапах урока (Таблица 1), выясняют их целевое значение, делают вывод об изменении стиля собственной речи и необходимости использования речевых образцов.

Оценка и анализ	***Коррекция***	***Рефлексия***	***Аргументация***
• Я справился с этим заданием …, т.к…. • Я могу… • Теперь я знаю, что …	• Мне следует обратить внимание на … • У меня не получилось, потому что …	• Мне было интересно … • Хвалю себя за …. • Я получил от этого урока…	• Я считаю, что… Во-первых,… Во-вторых,… • Я уверен, что …, потому что … • Я думаю, что …, т.к….

Таблица 1. Примерные речевые клише

На этапе подготовки можно предложить следующие вопросы и задания:

- Когда можно использовать данное начало фразы?
- Продолжите данное начало предложения.
- Предложите своё начало предложения.

Учителю необходимо направлять высказывания учащихся в нужном направлении путем постановки вопросов высокого порядка.

Уже на этом этапе все учащиеся включаются в рабочий процесс через использование клише, что позволяет сфокусировать внимание на подробностях урока и вовлечь большую часть учащихся в активный процесс. Данные клише являются для учащихся своеобразными инструкциями на протяжении всего урока, т.к. при отсутствии инструкций ученики тратят учебное время непродуктивно. Флейвел называет такой опыт по использованию стратегий, которые ученики не знают, но к которым они способны – «дефицитом продуктивности». [3;198]

Этап тренировки в практике речевой деятельности представляет собой выполнение учащимися заданий по свободному употреблению речевых клише в диалогической речи. [2]

На этом этапе необходимо осуществлять достаточное количество упражнений с фразами-клише, их включение в различные этапы урока. Следует соблюдать некоторые правила введения в речь учащихся языковых клише:

- речевые клише вводятся постепенно, не более 1-2 на одном уроке;
- для отработки и усвоения каждой речевой подсказки необходимо достаточное количество повторения, поэтому периодически следует возвращаться к уже использованным клише;
- важно помнить о разнообразии стратегий, применяемых при отработке данного навыка, но в то же время их использование должно быть доведено до автоматизма.

Вид деятельности	***Предлагаемые стратегии, содержащие клише***
Создание коллаборативной среды	«Чем мы похожи»
Постановка цели урока	«Да-нет», «Закончи предложения»
Аргументация ответов	Стратегия «Убеди другого», «Доскажи словечко», «Да, и еще…»
Самооценка, рефлексия	«Две звезды, одно пожелание», «Трёхминутное эссе», «Закончи предложения»

Таблица 2. Стратегии, применяемые для отработки использования речевых клише

Для отслеживания результативности работы учащимся было предложено ведение «Рефлексивного дневника». В начале работы, на одном из первых уроков, им было дано задание по написанию «Трёхминутного эссе» без языковой поддержки в виде речевых подсказок. По результатам были сделаны выводы о том, что большая часть учащихся испытывала затруднения с написанием эссе, большая часть ответов были односложные, в пределах 0-25 слов, двое учащихся не справились с этим заданием совсем. Через неделю работы по использованию речевых подсказок были видны первые результаты работы. (Рисунок 2, 3) Все учащиеся без проблем могли выразить собственные мысли с опорой на предоставляемые «подмостки» в виде речевых клише, увеличился словарный запас учащихся, им стало легче аргументировать собственные мысли.



*Рисунок 2. Количество слов в эссе **до** и **после** использования речевых подсказок*



Рисунок 3. Пример использования стратегии «Трёхминутное эссе» без использования речевых подсказок и с их использованием

Подводя итоги проделанной работы, можно сформуировать следующие выводы:

Использование речевых подсказок способствует экономии мыслительной деятельности, когда мыслительный процесс направлен на смысл высказывания, а не на построение ответа.

Использование речевых шаблонов может стать помощью при написании сочинений, особенно текстов-рассуждений, однако, следует осторожно их использовать при составлении художественного текста.

Использование клише способствует формированию навыка аргументации у учащихся, помогают структурировать ответы и не терять нить суждения.

Литература:

1. Информационное перенасыщение и как ему противостоять/ ttps://gridasova. com/archives/697 (дата обращения: 19.02.2019)

2. Бурунский В.М. Трансформации, претерпеваемые клише в речи//Вестник Костромского государственного университета им.: научно-методический журнал. – Кострома: Изд-во Костром. гос. ун-та, 2009. – № 2.

3. Руководство для учителя. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан, АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2018.

4. Оразалина К. Р. Как через использование речевых клише научить учащихся 8 класса составлять проблемные вопросы? // Молодой ученый. — 2017. — №18.1. — С. 54-56. — URL https://moluch.ru/archive/152/43291

Пахомова М.С.
Ташкен Ж.С.
Школа-лицей №1 г. Сарани

ФОРМАТИВНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИКТ

Введение критериальной системы оценивания изменило стиль наших уроков. Учитель должен научить детей находить информацию и работать с ней, оценивать свои достижения и ставить перед собой задачи, с помощью которых они смогут достичь целей. Чтобы помочь учащимся определить уровень, на котором они находятся на данном этапе обучения, наметить дальнейшие действия, а также мотивировать их, проводится формативное оценивание. К сожалению, многие педагоги видят и используют на своих уроках мало форм формативного оценивания, таким образом, не раскрывая полностью потенциал обучающихся и не заинтересовывая их. Необходимо использовать разные виды формативного оценивания. Особо интересным является оценивание, где будут использованы гаджеты и интернет.

В данной статье мы хотим поделиться с Вами своими взглядами на современные технологии, которые придут нам на помощь в проведении формативного оценивания. Мнение создалось в процессе знакомства с программами и использования их на практике.

Первым ресурсом, с которым мы бы хотели вас познакомить, является приложение «Плискерс». Это приложение позволяет мгновенно оценить ответы всего класса и упростить сбор статистики. Для работы с данным приложением вам потребуется зайти на одноименный сайт и зарегистрироваться (удобнее всего это делать через ваш действующий мобильный аккаунт). Программа сопровождает вас в течение всей первой сессии на сайте. Первыми шагами на сайте являются создание списка своего класса и первого сета (теста из 5 вопросов, большее количество, к сожалению, платно). Следующим шагом будет скачивание особых наборов карточек, пронумерованных и содержащих на каждой своей стороне букву – вариант ответа на тест (очень удобно подписать эти карточки на обратной стороне, причем один набор карточек можно использовать на все свои классы, только важно соблюдать нумерацию учащихся).



Приложение «Плискерс»

После этого вам останется только скачать мобильное приложение «Plickers» в Play Market на свой телефон. Во время демонстрации сета на каждый ваш вопрос учащиеся поднимают карточки нужной стороной вверх, а вы сканируете их ответы своим телефоном. Вся статистика по каждому ребенку и по каждому вопросу приходит вам в личный кабинет. Огромный плюс сервиса – он не требует от детей наличие гаджетов с выходом в интернет.

Неудобства данного сервиса для нас следующие:

1. Ограниченное количество вопросов в каждом сете (не более 5, большее количество только через платную подписку, которая составляет порядка 4000 тг в месяц);
2. Интерфейс на английском языке, который хоть и переводится автоматически браузером, но все равно доставляет неудобства;
3. Сложности в освоении (потратили порядка 5-6 часов на освоение).

«Plickers» мы использовали как на уроках русского языка и литературы, так и математики. Сеты – обычные тестовые задания с четырьмя вариантами ответов. На уроках русского языка – отработка орфографии, пунктуации, грамотности чтения, на уроках литературы – знание текста, характеристика героев, на уроках математики сервис прекрасно подходит для оттачивания навыков устного счета, формул. Исходя из опыта работы с «Plickers», эффективнее всего проводить тестирование в качестве повторения изученного ранее в первые 5-10 минут урока, т.к.необычная форма работы с изученным материалом мобилизует детей и дает прекрасный психологический старт для дальнейшего урока.

Следующим онлайн-сервисом для формативного оценивания мы бы хотели назвать сервис «LeaningApps». Это конструктор для разработки интерактивных заданий по разным предметным дисциплинам. У данного сервиса два несравненных преимущества: он полностью бесплатен и обладает огромной базой уже созданных интерактивных заданий по различным предметам, в том числе и русскому языку (как Я1, так и Я2), литературе и математике.



Сервис LeaningApps

Сервис позволяет также создавать свои задания по стандартным шаблонам, которые более чем разнообразны: «Найди пару», «Классификация», «Хронологическая линейка», «Сортировка

картинок», «Викторина», «Заполни пропуски», «Кто хочет стать миллионером», «Пазл», «Кроссворд» и др..

Также сервис «LeaningApps» позволяет зарегистрироваться не только самому, но и зарегистрировать всех своих учеников, отправлять им задания, проводить мониторинг с анализом ошибок.

Задания этого сервиса позволяют в доступной, игровой форме провести формативное оценивание, написать комментарий каждому учащемуся лично через обмен сообщениями непосредственно на самом сайте. Исходя из опыта работы, следует отметить, что использование данной платформы позволяет улучшить взаимоотношения с учащимися, а главное встать с ними на одну ступень в использовании интернет-ресурсов.

Работа с данным сервисом на уроках нам представляется проблематичной. Во-первых, все задания ученик должен выполнять индивидуально, за исключением заданий «Байга», к которому подключаются сразу два учащихся и соревнуются в знании определенного правила (правописание корней с чередованием, преобразование неправильных дробей, сокращение дробей и т.д.). Во-вторых, у каждого учащегося должен быть гаджет с прямым выходом в интернет. Поэтому простой демонстрации задания на экране проектора недостаточно. Как найти выход? На уроках в классах, где подавляющее большинство учащихся имеют телефоны с интернетом, мы даем ссылку на задание (дети без интернета выполняют задания на головном компьютере по очереди, хотя их остается всего 2-3 человека). В классах, где большая часть детей имеет доступ к интернету только из дома, мы ставим задания на рассылку в качестве домашнего задания по выбору. Дети с большим интересом выполняют эти интерактивные задания дома в течение нескольких минут, а в школе делятся потом своими успехами. Поиграть с компьютером «по делу» для них намного интереснее, чем в тысячный раз выводить очередное упражнение из учебника. А учитель, в свою очередь, получает выполненное домашнее задание с уже проведенной работой над ошибками (сервис не пропустит неправильный ответ, ребенок будет подставлять ответы, пока не найдет правильный).

И завершать нашу галерею ИКТ инструментов для формативного оценивания будет игровая обучающая платформа «Kahoot». Данная платформа представляет собой сервис для создания ярких, красочных заданий в форме викторины. «Kahoot» очень удобен в использовании. Для регистрации и создания первой викторины у нас ушло порядка 30-35 минут.

Для использования данного сервиса есть ряд условий.

1. Учитель заранее готовит викторину на сайте.
2. В классе викторина демонстрируется на большом экране непосредственно с сайта через интернет.
3. У каждого ребенка должно быть устройство с выходом в интернет.
4. Учащиеся подключаются к игре учителя либо через приложение на телефоне, либо непосредственно через веб-браузер посредством пин-кода игры.

Игровая обучающая платформа Kahoot

«Kahoot» очень напоминает «Plickers», о котором говорилось выше. Хотя есть ряд существенных отличий. Количество вопросов в «Kahoot» не ограничено вашей платежеспособностью. Опрос превращается в игру, где учитывается не только правильный ответ, но

и скорость его внесения. После ответа на каждый вопрос появляется статистика, в которой отображаются только ник-неймы первых трех участников, но не отображаются последние места (что несомненно важно для создания «ситуации успеха»).

Данный сервис, как показывает наша практика, наиболее эффективен на уроках обобщения изученного материала. Играм «Kahoot» можно посвятить как целый урок, так и отдельный его этап. В последние годы популярной формой уроков обобщения стал квест. Если заменить организаторов, стоящих на ключевых постах, компьютерами с пин-кодами отдельных игр «Kahoot» по разным темам, то вы сможете сделать свой урок незабываемым приключением для учащихся, в котором вы будете для детей не просто контролирующим органом, а человеком, который в мире развития технологий может научить их новому и «по-новому».

Таким образом, мы пришли к выводу, что использование различных интерактивных онлайн-сервисов на уроках способствует повышению учебной мотивации, улучшению процесса, запоминания новых слов, созданию ситуации успеха, повышению качества знаний, интеллектуальному творческому развитию учащихся, восполнению дефицита источников учебного материала, объективной оценки знания и умения в более короткие сроки.

(из опыта работы)

Пилипчук И.Л.
Гимназия № 97 г. Караганда

ФОРМАТИВНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ ДЛЯ РАЗВИТИЯ РЕЧЕВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Работая по обновлённой программе я рассматривала много приёмов формативного оценивания. Дело в том, что разные авторы видят разные формы формативного оценивания. Можно найти задания на оценивание эмоционального состояния, удовлетворённости уроком, степень понимания темы урока или достижения цели.

Разработано множество приёмов для формативного оценивания, однако , для каждого случая и контекста нужны свои. В начальной школе не все приёмы одинаково удобны в применении. Работая по обновлённой программе и беседуя с коллегами, я попробовала оценить различные приёмы формативного оценивания. Получилась следующая таблица

Приём	Плюсы	Минусы	Примечание
Сигналы рукой	Быстро, наглядно.	Уточнение может занять много времени, сложно увидеть объективность.	Удобно в начале освоения материала.
Светофор	Очень ярко и информативно	Сомнительная объективность	Даёт примерную информацию
Одноминутное эссе	Можно увидеть глубину понимания материала	В начальной школе занимает много времени	Юольше подходит для 4 класса
Речевые образцы (подсказки)	Развивает речь	Не каждому удобно	
Проверка ошибочности понимания	Позволяет увидеть глубину усвоения материала	Может создать ошибочное представление у детей	Подойдёт начиная с 3 класса
Индивидуальные беседы с учащимися	Позволяет осуществить индивидуальный подход	Ёмко по времени	Необходима располагающая обстановка
Измерение температуры, шкала успеха.	Наглядно, быстро	Нет детального анализа	Удобно с 1 класса

Мини-тест	Очень информативно, быстрая обратная связь.	Нет развития речи, есть вариант краткосрочного запоминания материала.	Можно применять с 1 года обучения

Я обратила внимание на то, что для различных предметов подходят отдельные приёмы формативного оценивания. В моей статье идёт речь о формативном оценивании для развития речевых компетенций. При подготовке к урокам для реализации целей, связанных с развитием речи, я пыталась найти такие формативные задания, которые помогут мне. Я не претендую на авторские приёмы. Мной были адаптированы некоторые идеи. Предварительно была обозначена проблема: дети затрудняются при составлении текстов или тексты составлены некачественно. Данную информацию можно отразить в диаграмме.

Оценка детских работ (первый замер 12.09.2019)

Применялись следующие приёмы:

Нехудожественный текст.

В разделе обозначены цели:

4.1.5.1 строить монологическое

высказывание, используя самостоятельно разработанный план и наглядные материалы

4.2.4.2 различать художественные, нехудожественные тексты по их особенностям (статья, заметка, репортаж, характеристика, инструкция, заявление, интервью, объявление, реклама)

4.3.8.2 определять род, число, падеж и склонение имен существительных, изменять их по падежам.

Работая с несклоняемыми существительными дети получили задание написать нехудожественный текст. Мы работали со спортивным материалом, поэтому преимущество отдавалось статье, репортажу, интервью. Были выработаны критерии. Далее, соотнося с критериями, ученики выставили свои работы на конкурс. Оценивание работ проводилось коллективно. Каждый ребёнок мог отдать только одну фишку за лучшую работу. Так определились победители. В ходе данной работы ученики смогли выйти на уровень творческого применения знаний, занимались анализом работ товарищей, составляли непривычный для них текст.

Учитель.

При чтении стихов и пересказе текстов.

На доске определяются 5 критериев оценивания ответа учеников.

Назначается учитель.

Ученик читает стих, пересказывает текст. Класс показывает на пальцах количество баллов.

Если максимально единые, учитель подводит итог и называет балл. Если есть разногласия, учитель спрашивает нескольких человек и принимает решение по количнству баллов. Далее ученик становится учителем, вызывают другого ответчика.

Это задание помогает детям учиться анализировать и приближает их к объективности оценивания своих ответов, развивает грамотную речь.

Термин.

На уроках литературного чтения в текстах нам встречаются малоизвестные слова. Часто мы задаём прочесть текст заранее дома. Детям предлагается 10 слов из текста. Сначала ученики их прослушивают, потом по памяти пытаются их записать. В тетради дети дают себе оценку: отлично, хорошо поработал с текстом, следует ответственно относиться к заданию.

С терминами можно работать и на других предметах. Данное задание расширяет словарный запас учащихся, позволяет спрогнозировать уровень усвоения темы над которой ведётся работа.

Метапредметные связи

В русском языке есть цель:

4.1.5.1 строить монологическое

высказывание, используя самостоятельно разработанный план и наглядные материалы

В это же время в литературном чтении встречается цель:

4.2.1.2 читать про себя текст или его части, используя различные виды чтения (просмотровое/ изучающее/поисковое/ аналитическое/чтение с пометками/*чтение схем/ диаграмм*);

В естествознании :

4.5.2.2 исследовать и объяснять такие свойства света, как отражение, поглощение

Работая в классе, я предлагаю детям с опорой на диаграмму в учебнике по литературе, вспоминая информацию, полученную в упражнениях по русскому языку и, опираясь на схемы из учебника по познанию мира плюс информация, которую мы получили на художественном труду составить сообщение о том, как мы видим цвета или о радуге.

После двух четвертей работы с данными приёмами было проведено повторное исследование и диаграмма изменилась.

Динамика развития речевых компетенций.



Как можно видеть из диаграммы, данные приёмы работают и приносят положительные результаты. О своей работе я рассказывала на семинаре коллегам из других школ.

Литература:

1. Программа курсов 2 уровня. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» 2018г.
2. Руководство для учителя. с. 111-118 // АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» 2018г.
3. Форматвиное оценивание в начальной школе. Практическое пособие для учителя/Сост. О. И. Дудкина, А. А. Буркитова, Р. Х. Шакиров.– Б.: «Билим», 2012г.
4. https://multiurok.ru/files/sbornik-formativnogho-otsienivaniia.html
5. https://tak-to-ent.net/load/56-1-0-19035

Рахимберлина А.Н.
Балқаш қаласы, Ә.Бөкейханов атындағы
№15 мектеп-лицейі

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АДАМГЕРШІЛІК, ӘЛЕУМЕТТІК-САУ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Адамның адамшылдығы- ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбаев

Психологиялық- педагогикалық қауіпсіз білім беру ортасында бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқушының ең алдымен психологиялық адамгершілігі, әлеуметтік жауапкершілігі бар, отбасына, еліне, отанына деген шынайы махаббаты бар тұлға болуы қажет. Оқушының осы тұрғыда жан-жақты қалыптасу үшін оқушының отбасы, тұратын жері, білім алатын орны, араласатын достары барлығы фактор ретінде оқушының қалыптасуына тікелей байланысты болып тұрады. Бірақ бүгінгі күні кейбір оқушылардың осы тұрғыда көз қарастары бірдей емес екені анық. Әрбір оқушының тұлғалық, эмоциялық қорғансыздықтың алдын алу, өзінің жақын деген адамдарымен жақсы қарым-қатынаста болып оларды сыйлап құрметтеу және өзіне сенімді мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру үшін әр бір оқушының отбасының ішіндегі ахуалы, бірге араласып бірге жүретін ортасының психологиялық қауіпсіз орта болуы керек.

Ол дегеніміз оқушының көп уақыт өткізетін ортасы ол білім алатын орны болғандықтан, оқушының сана сезіміне, жүріс тұрысына, психологиялық көңіл-күйіне көп ықпал етуі мүмкін. Неге? Осыны анықтау үшін уақытты сәл артқа қарастыруымыз қажет. Әр бір баланың бірінші әлеуметтік ортасы ол мектепке дейінгі тәрбие ортасы, ол жерде бала алғашқы дағдыларды үйреніп, өзін-өзі күтуге, өз бетімен жасына сай білім алуға, айналасын тануға, білуге үйренеді. Екінші әлеуметтік ортасы ол мектеп. Мектепте оқушы болып алғашқы рет өзін жеке тұлға болып сезінеді. Білім алу, бәсекеге түсу, танып білуге құштарлығы арта түседі. Сондықтан да оқушы алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған бетте оны қарсы алатын мұғалімінің де бойында жоғарыда айтылған барлық жағымды қасиеттер болу керек.

Оқушының білім алуға келген мектебі де әдемі, кең, ашық түстерде боялған ғимарат болу керек. 1-ші сыныпқа келген оқушыларды қарсы алып тұрған мектеп педагогтары ашық мінезді, жүздері жылы болып оқушыларды жақсы қарсы алуға дайындығын таныту қажет. Өйткені баланың бірінші күннен бастап сол білім беру ортасына деген көзқарасы қалыптасын өмір бойы жүрегінде қалады. Сондықтан да мектеп психологиялық - педагогикалық қауіпсіз білім беру ортасына үнемі сай болып тұруы керек. Сол үшін әрбір білім беру мекемесінде қажетті мамандар, педагогтар, педагог-психологтар жұмыс істейді. «Жұмыла көтерген- жүк жеңіл» демекші педагогтардың әрқайсысы үнемі әрбір оқушыға дұрыс көз қараспен қараса, әрбір оқушынының бөлісіп айтқанын жүрегімен қабылдаса, оқушыға немесе ата-анасына уақытылы қажетті кеңес беріп, көмек көрсетсе, дұрыс бағыт бағдар берсе, тек сонда ғана психологиялық адамгершілігі бар, әлеуметтік-сау тұлғаны тәрбиелеп шығаруға болады.

Оның барлық процесстері отбасы мен мектеп қабырғасында жүзеге асатыны мінсіз. Бала тәрбиесінде ұсақ мәселелер деген болмайды. Оқушының мектепке кіргенінен бастап оның көңіл-күйінің өзгеруін, ішкі жан дүниесінде өзгерістердің пайда болғанын бірден педагог байқауы тиіс. Сондықтан да әрбір оқушыны назарда ұстап, оның қал-жағдайын білуге білікті педагог әрдайым дайын болып тұруы қажет деп ойлаймын. Мектепте жұмыс істейтін барлық педагогтар оқушыға білім бергенімен қоса оқушыға күнделікті дұрыс бағыт-бағдар беріп тәрбиесіне аса назар аудару қажет. Тәрбие – мектеп қабырғасында барлық жерде білім берумен қоса жүру керек. Сонда ғана оқушы дұрыс ортада дұрыс қалыптаса алады.

Мысалы біздің мектеп-лицейіміздің әрбір қабатында баланың сана сезіміне, рухына әсер ететін, тәрбиелік санасын дамытатын тақырыптық орталықтар әзірленген. «Бабалар залы» ол залда біздің қазақ халқының даналарымыз, ағартушы ғалымдарымыздың портреттері бар. Олар баланың тәрбиесіне қалай әсер етеді? Сол портретке бір рет қарағанның өзі кез келген адамның түйсігіне ой салады. Ол кісілер кім?, ол кісілердің біздерге қалдырған қандай қазынасы бар? –деген сауалдарға

жауап алу мақсатында әрбір оқушы ізденуі мүмкін. Мектеп-лицейімізде «Бабалар залында» танымдық және тәрбиелік іс-шаралар үнемі өтеді. Ол іс-шараларға оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер қатысады. Нәтижесінде оқушылардың сана сезімінде үлкенге құрмет, өткенге тағзым үлгісі қалыптасады. «Рәміздер залы» ол залда біздің Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері бар.

«Жетістіктер галереясы» бар. Жетістіктер галереясында біздің оқушыларымыздың әртүрлі жарыстардан алған жүлделі жетістіктері бар. Ол жетістіктер оқушылардың бойында дербес бәсекелестікті оятады. Білім алуға дарындылықтарын танытуға, уәжін қалыптастыруға бағыттайды. Мектеп-лицейімізде көптеген шығармашылық топтар бар. Мысалы: «Шаңырақ» тобы, шаңырақ тобының оқушылары ашық, өз ойын еркін білдіре алатын, кез келген іс-шараның басында жүретін, болашаққа нақты бағыт бағдары қалыптасқан оқушылар. «Адал ұрпақ» клубы бар. Адал ұрпақ клуб мүшелері парасатты, адамгершілігі мол, басқа да оқушыларға тәлім мен тәрбиені дәріптейтін, адалдыққа, мейірімділікке, бірлікке тәрбиелейтін еріктілер болып келеді.

Міне осындай жан-жақты, барлық жағынан қалыптасқан ұйымшыл, бір-біріне жанашыр, талантты, дарынды, болашаққа ашық, лидерлік ортада білім алып жүрген оқушылар болашақта өздерінің дұрыс жолын бағыттай алатын, психологиялық адамгершіліктері дұрыс қалыптасқан, әлеуметтік жауапкершілігі бар тұлға болып шығады. Әрине осы жұмыстардың барлығы оқушы-ата-ана-мектеп деген үлкен бірлестікте, бір-бірімен сабақтастықта жұмылып бірге жұмыс істесе ғана осындай жетістіктерге жетуге болады.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі ұйым басшының анықтамалығы №2(50) 2016ж;
2. З.М. Балғымбаева, Н.С. Ахтаева “Білім берудегі практикалық психология” Алматы “Қазақ университеті” 2017
3. Психологиялық әдістемелер жинағы. Астана 2004
4. Мектептегі психология . 2019 №9

Рахимова Ж.Т.
Балқаш қаласы, Абай атындағы №2 лицейі

ҰЛЫ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ФИЗИКА ҒЫЛЫМЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

Абай қазақ халқы үшін теңдесі жоқ ұлы құбылыс. Ол қуатты ақылдың адамы, құдіретті талант иесі, поэзия баһадүрі

Қайсын Құлиев

Биыл ғұлама ойшыл, ағартушы, ақын, сазгер Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы тек мемлекеттік қана емес халықаралық деңгейде атап өту жоспарлануда. Абай – сан қырынан қарағанда әртүрлі қасиеттерімен жарқырап көрінетін жақут тас сияқты. Абайдың қара сөздері тұнып тұрған өмірлік философия болса, ағартушылық педагогтық тағылым бүкіл шығармашылығынан көрініс табады. Дамудың жаңа белестеріне өту, рухани жаңғыру заманында Абай мұрасы қоғамды көркейтудің, ұрпақ бойына адамгершілік – рухани қасиеттерді сіңірудің бірден – бір құралы.

Кемел елдің іргетасы мектеп қабырғасында қаланатындықтан, жас ұрпақтың сана сезімінің дамып, рухани күш – қайратының кемелденуіне ықпал ететін - мектеп екені бәрімізге аян.

Талап, еңбек, терең ой,
қанағат, рақым ойлап қой

бес асыл іс көнсеңіз – деген өлең жолдарындағы адам бойындағы бес асыл қасиетті әр баланың бойында дамыту керек. Кез – келген құнды дүние терең оймен, талап пен еңбектің арқасында келетінін жасынан түсініп өскен бала өмірін сарқ етіп, бос өткізе қоймас. Жаппай жаһандану заманында, Абай үндеген рақымшылық, қанағат сияқты қасиеттер Қазақстанда қалыптасқан полиэтникалық қоғамда толеранттылық пен ұлтаралық татулықты, бірлік пен ынтымақтастықты сақтап тұруды көздейді. Ақынның өлеңдерінен нәзік лирикамен қатар, табиғат заңдылықтарын дәл

суреттеуінен оның нағыз дарынды тұлғаға тән терең түсінігі мен түйсігін аңғару қиын емес. Сондықтан, әрбір сабақта өскелең ұрпақты тәрбиелеу, ілім мен ғылымға деген қызығушылықтарын ояту, адами қасиеттері мен өмірлік күш қайраттарын шыңдау мақсатында оқушыларға физикалық білім берумен қатар, Абай шығармашылығына үңіліп, оның адамдық және тұлғалық қасиетін үлгі етіп отырамын.

Желсіз түнде жарық ай, сәулесі суда дірілдеп – деген өлең жолдары арқылы жарықтың шағылу құбылысын, шағылу құбылысымен байланысты заңдылықтарды түсіндіруге болады. Шағылған сәуленің судың бетіндегі дірілдеп тұрғаны су бетіндегі толқындық қозғалыстың себебінен болатынын да айтып жеткізуге болады.

Механикалық қозғалыс, қозғалыс траекториясы тақырыптарын өту барысында «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін мысалға алдым. Қардың бетіне түскен ізден аңдардың қозғалыс траекториясы жақсы көрінеді. Осылайша траектория ұғымын оңай әрі тиімді жолмен түсіндіруге болады.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңінде
Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Бұл өлеңдегі киіздің жылуөткізгіштігі төмен болғандықтан, қазақтардың киіз үйді паналауының себебі жатыр.

«Сегіз аяқ» өлеңінде:
Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық.
Есітіп үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.. – деп жаңғырықтың таулы жерде болатынын аңғарып, өзінің ізденісін жеткізген. Осы өлеңді мысалға келтіре отырып, дыбыстың бөгеттен шағылуы себебінен жаңғырықтың пайда болу құбылысын түсіндіруге болады.

Міне, қарап тұрсақ Хакім Абайдың түбі терең данышпандығы мен таудай биіктік тағылымын ұрпақ санасына жеткізудің сан алуан жолы бар екен. Осы тұрғыда оқушылар Абай шығармаларының ғылыми қырын ашып, 11 сынып оқушысы Егиналина Назерке, «Абай шығармаларындағы физикалық құбылыстар» деген тақырыпта ҒПК ғылыми жоба қорғап, облыстық кезеңде 2 орынға ие болды. Қаламыздың физик мамандарының ұйымдастыруымен ақынның табиғат жайлы өлеңдерінің физикалық мағынасын ашу мақсатында өткен «Физика және лирика» іс шарасы да оқушылардың ой – өрісін кеңейтіп, танымдарын дамытты.

Мемлекет басшысы өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алғанын, ұлы ойшылдың ұлттың өресін өсіруді көздегенін және Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы тиіс екенін атап өтті. Мектеп оқушылары неғұрлым көп тілді меңгерсе, білім көкжиегін кеңейтуге мүмкіндіктері көбейеді. Жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту – болашақ ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі қажеттілік болып тұр. Абай атамыздың жастарға тіл үйренуді жиырма бесінші қара сөзінде «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» деп үндеуі бүгінгі күні қайта жаңғырып, өзектілік тауып отыр.

Аталған міндеттерді жүзеге асыра отырып, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибелерді, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзіреттіліктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатында аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияның мақсаты – еркін, өзіндік көзқарасын дәлелді жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни көзқарастары дамыған оқушыларды қалыптастыру болып табылады. Ал мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. [2]

Қазіргі таңда мектеп оқушыларының мұғалімнен күтері көп. Оқушыларды сабаққа белсене қатыстыру үшін әр сабақ барысын жеке формада, жаңа әдісте жүргізу шарт. Сабақтың тиімділігіне бір-бірімен тығыз байланысты екі жағдай әсер етеді. Бұл – мұқият дайындалу және шеберлікпен өткізу.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы бойынша өткізілген курсқа қатысып, қатысушы куәлігін алдым. Қазіргі таңда «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, білім алушылардың тілге деген қызығушылықтарын арттыру» мәселесі бойынша жұмыс істеп келемін.

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Мұғалімнің міндеті – баланың өзіне деген сенімін арттыру, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу. Өзін тұлға ретінде сезінген бала әрқашан өмірде өз жолын таба алады. Білім берудің сапасын жақсарту, баланың өзі ізденіп дәлелдеуін дамыту мақсатында сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін өз сабақтарымда қолданамын. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Мұғалім оқыту мен тәрбиелеу ісін ұйымдастырушы ғана емес, балаға серік, дос, сырлас, кеңесші қызметін де атқарады. Нәтижесінде жеке тұлғаның өзіндік пікірі, қоршаған ортасына құрметпен қарау көзқарасы қалыптасып, таным, қабілеті ашылады.

Аталмыш технологияның кейбір тиімді әдіс-тәсілдерін оқу бағдарламасына сәйкес бірізді, жүйелі түрде күнделікті сабақтарымда қолданып отырамын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы пәнге байланысты тапсырмаларды орындауда ғана қолданылмайды, сабақтың басынан бастап, соңына дейін жүріп отырады.

Қызығушылықты ояту кезеңінде ынтымақтастық атмосферасын құрып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Миға шабуыл», «Зерделеу», «Лездеме» сияқты әдістерді қолданамын.

Оқушыларға тірек сөздер мен суреттер көрсету арқылы сабақтың тақырыбын анықтауға «Ой тізбелеу сандықшасы», «Болжам», «Тірек сөздер» стратегияларын ұсынуға болады. Оқушы өзінің сыни көзқарасын жұпта, топта ойын ортаға салу арқылы қалыптастыра алады. [3]

Жаңа сабақты бастамас бұрын ой қозғау, оқушыларды сұрақ арқылы диалогқа түсіру мақсатында «Стикерлік диалог» әдісін қолданамын. Оқушылар берілген стикерлерлегі сұрақтың жауабын беріп, өз ой-пікірлерімен бөліседі.

Мағынаны ажырату кезеңінде оқулықта берілген мәтінмен жұмыс жасау барысында сыныпты үш топқа бөліп, «Өткеншек» әдісі арқылы топтық жұмыс жасатамын. Оқушылар жұпта тыңдаған мәліметтерін топта талқылап, үлкен плакатқа сұрақ жазады. Келесі плакатқа көшу арқылы онда жазылған сұраққа жауап береді. Үшінші плакатқа көшу арқылы онда жазылған жауапқа дәлел келтіре отырып, тұжырым жасап, өздерінің сұрақ жазған плакаттарына қайта оралып, ондағы жазылған жауапқа анализ жасайды. Сұрақ қою, оған дәлел келтіре отырып жауап беру, айтылған жауапқа дәлел келтіре отырып тұжырым жасау да сын тұрғысынан ойлауды талап етеді. Мұндай жұмыс жасау барысында оқушы өзіндік пікір айтып, түрлі идеялар қосып айтуға талпынады.

Мәтінмен жұмыс барысында «DEAL» әдісін де жиі пайдаланамын.

«DEAL» сөзі D – Describe – баяндау, суреттеу; E – Explain – түсіндіру; A – Analyse – талдау; L – Links – байланыс деген мағыналарды береді. [4]

Сұрақ қою тәсілдерінің ішінде ең икемді болып саналатын «Сұрақ ұсыну» - «Үзіліс» - «Таңдау» - «Серпіліс» тәсілі оқушыларға қойылған сұрақтың әрбір бөліміне байыптап барып жауап беруге мүмкіндік береді. Сұрақтарды әзірлеу барысында мұғалім сұрақтарды қандай ретпен және кімдерге қоятынын, олардан қандай жауаптар күтілетінін және ойлану мен жауап беру үшін қанша уақыт қажет болатындығын алдын ала жоспарлап алуы тиіс. Сонымен қатар бұл әдіс оқушылардың сұраққа дұрыс жауап дайындауға мүмкіндіктер жасауларына бағытталады. «Сұрақ ұсыну» кезеңінде мұғалім топ немесе жалпы сыныптың талқылауына сұрақтар береді. Екінші - «Үзіліс» кезеңінде мұғалім сұрақ бойынша ойлануға немесе топпен талқылауға уақыт береді. Үшінші - «Таңдау» кезеңінде мұғалім жауап берушіні (оқушылар жауап беру үшін қолдарын көтермейді) таңдайды. Соңғы - «Серпіліс» кезеңінде мұғалім жауап беру үшін оқушылардың бірінен екіншісіне кезек беріп, олардың тақырып бойынша өз ойын қосуына, идеяны дамытуына, жауаптың аясын кеңейту мен тереңнен түсіндіруіне мол мүмкіндіктер жасайды.

Оқулықта берілген суреттермен жұмыс жасау барысында «Суреттер әлемі» әдісін пайдаландым. Мұнда сюжетті суреттердің желісі бойынша топта топ мүшелерінің айтқан сөйлемдері жүйеленіп, ат қойылып, әңгіме жазылады.

Ой-толғаныс кезеңінде қолданылатын «Кері байланыс» әдісі қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкінді береді. Оқушылар сабақта орындалған тапсырмалар және жалпы сабақ бойынша өз ойларын айтады. Барлық айтылған пікірлер оқушылар тарапынан да, мұғалім тарапынан да үнсіз, түсініктемесіз және сұрақсыз тыңдалуы тиіс. Әрбір сөйлеушіге айтқандары үшін алғыс айтқан дұрыс.

Сабақта жиі қолданылатын «Бес саусақ» әдісіне түсінік бере кетсем, бас бармақ – басты мәселе, балалы үйрек – бірлесу, ортан терек – ойлау, шылдыр шүмек – шынайылық, кішкентай бөбек – көңіл-күй ахуалын білдіреді. Осы мәселелер төңірегінде оқушылар өз ойларын ортаға салады.

«Бір сурет, бес сөз» стратегиясы барысында оқушылар бүгінгі сабақтан алған білімі, білігі, үйренген дағдылары, алған әсерлері бойынша бір сурет салып, оған байланысты бес сөз жазу арқылы ойын білдіреді.

Кері байланыс жасауда ең оңтайлы тәсілдердің бірі SWOT әдісі барысында оқушылар тақырыптың S – жағымды жақтары, W – жағымсыз жақтары, O – мүмкіндіктері, T – қауіп-қатерлері жайлы мағлұмат береді.

Оқушының өтілген материалдың мазмұнын қалай түсінгенін анықтау барысында «Күншуақ», «Пантомима» әдістерін де жиі қолданамын.

Оқушылардың бірін-бірі, өзін-өзі бағалауға негізделген «Бағдаршам» әдісінің мақсаты – әділ бағалауға үйрету.

Осындай әдіс-тәсілдерді үнемі пайдалана отырып көз жеткізгенім «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы білім алушылардың мәселелерді дұрыс шешу жолында іздену, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамытуға тиімді.

Бұл бағдарламаны басшылыққа алғалы бері оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, өз бетінше шығармашылықпен ізденуге бейімделгені байқалады. Жаңа технологияларды қолдана отырып өткізген сабақтардың нәтижесін сараптап байқағаным, оқушылардың жаңа сабақты қабылдауы 15% өскен.



Қорыта айтқанда, мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап, жаңашылдыққа жақын болса, өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана біліп, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса – білім беру мен оқушы тәрбиелеудегі жетістігі осы болмақ. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы дайын білімді қайталап айту емес, оны өз белсенділіктері бойынша алуға тәрбиелейді. Оқушылар өзіндік жұмысына мақсатты бағдарлар, айқын міндеттер қоя білуге үйренеді. Бұл оқушының сыни тұрғысынан ойы дамып, өзіндік пікірінің қалыптасуында, өз ойын еркін, тиянақты жеткізе білуіне ықпалын тигізеді. Сыныпта жағымды психологиялық жағдай қалыптасып, өзара ынтымақтастықта, жұмысты топпен жұмыла орындауға дағдыланады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, 2007 ж.
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 3-деңгей
3. Женни А. Стилл, Куртис С. Мередит, Чарльз Темпл және Скот Вальтер.
4. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту». Бағдарлама жобасы үшін дайындалған I-IY методикалық құрал, 4 - 25 шілде. 1998 ж.

Сатыбалдин Д.А.
Ступницкая О.В.
Комплекс школа - детский сад № 33,
г. Караганды

ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ВОСПИТАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ И ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИЕ ТЕХНОЛОГИИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

Здоровье – бесценное достояние, не только человека, но общества в целом. В последнее время очевиднее становится катастрофическое ухудшение здоровья учащихся. Наряду с неблагоприятными социальными и экологическими факторами в качестве причины признается отрицательное влияние школы на здоровье детей.

Исследования, проводимые в нашей школе, показывают, что 20-25 %, приходящих в 1 классы, имеют те или иные отклонения в состоянии здоровья, данные показатели растут с каждым годом.

Таким образом, подготовка к здоровому образу жизни на основе здоровьесберегающих технологий является приоритетным в нашей деятельности, как педагогов физической культуры, работающих с учащимися младших классов. Основная цель здоровьесберегающих технологий – сохранение и укрепление здоровья учащихся.

Основная задача создания здоровьесберегающей среды – увеличение двигательной активности детей. Для выполнения данной задачи нами регулярно проводятся спортивно – оздоровительные мероприятия – утренняя зарядка, игровые перемены, дни здоровья, соревнования, эстафеты, уроки здоровья, интегрированные уроки с другими предметами. Темы подбираются разные, актуальные для учеников данной возрастной группы – 3-4 классы. Например, темы подбираются следующие: «К нам приехал Мойдодыр и Человек Физкульпривет», «Путешествие в страну здоровья», «Здоровое поколение – здоровое будущее страны» и другие.

С учащимися 3-4 классов составляются индивидуально – групповые мини-проекты на тему: «Сохранение здоровья», «Режим дня и здоровье», «Сохранение зрения», «Предотвращение нарушения осанки», «Чистота и здоровье». Учитывая переход на обновленное содержание образования, все проекты оцениваются в соответствии с заданными критериями.

Например, рабочий лист для учащегося 3-4 класса

Рабочий лист.

Проект

«Правильная осанка»

1. Что я знаю о правильной осанке_____

2. Для чего нужно поддерживать правильную осанку_____

3. Что нужно соблюдать, чтобы осанка была правильной_____

Консультанты:_____

Над проектом работал:_____

При этом критерии оценивания будут следующие:

- Творческий подход
- Устный ответ
- Демонстрация физического упражнения
- Оценивание своей работы

Физкультминутки также используются на наших уроках, в стихотворной форме, когда двигательные упражнении сопровождаются выразительным хоровым произношением четверостиший.

А также специальные упражнения для формирования правильного дыхания, коррекции зрения, осанки.

Все представленные методы здоровьесберегающих технологий развивают двигательную активность младших школьников.

Немаловажен для сохранения здоровья учеников и врачебный контроль урока физической культуры. Для осуществления контроля ЧСС (частоты сердечных сокращений), построения графика пульсометрии, расчета общей и моторной плотности урока, выявления соответствия урока требованиям здоровьесбережения.

В данный момент нами ведется разработка индивидуальной карты развития ребенка, расширяющей круг диагностических материалов для отслеживания индивидуального уровня здоровья учащихся.

Надеемся, что дальнейшая работа позволит нам осуществлять здоровьесберегающую деятельность в нашей школе еще более качественно и эффективно. Перед началом применения данного метода в течении предыдущего учебного года на базе школы был проведен эксперимент, в нем приняли участие учащиеся 4 и 3 классов. Которые были разделены на две группы: контрольную 4А, 4, 3А и экспериментальную 3Б, 3В, 4Б, 4В класс. На этапе начального изучения применения здоровьсберегающих технологий, была выявлена динамика изменения показателей тестирования в экспериментальной и контрольной группе. После проведенного эксперимента результативность повысилась в экспериментальной группе 3-4 классов до 5 уровня физической подготовленности. Испытуемые экспериментальной группы, превзошли испытуемых контрольной группы в среднем на 20%.

Также на начало учебного года было проведено медицинское обследование учащихся 3-4 классов экспериментальной группы

Осмотр костно – мышечной системы		Осмотр окулиста
осанка	плоскостопие	Норма -17 Спазм аккомодации - 8
Норма -12 Наруш.осанки - 10	Норма – 15 Плосковальгусные Стопы - 9	

В конце учебного года был проведен повторный медосмотр

Осмотр костно – мышечной системы		Осмотр окулиста
осанка	плоскостопие	Норма -21 Спазм аккомодации - 4
Норма -17 Наруш.осанки - 5	Норма – 20 Плосковальгусные Стопы - 5	



Таким образом, анализ полученных результатов даёт основание утверждать, что систематическое применение такого рода технологий - полноценный метод, который эффективен на ранних стадиях освоения навыка (с 3 класса) и в комплексе с другими здоровьесберегающими технологиями дает больший эффект в обучении, чем одна только физическая подготовка. Навыки осваиваются быстрее и в более правильном виде.

Литература:

1. Васильева З. И. Воспитание дисциплинированности и ответственности у школьников в учебном процессе : учеб. пособие. - Л. : Издательский центр «Ленинград.пед.ин-та», 1983. - 75с.
2. Ковалев А. П. Педагогические системы: оценка текущего состояния и управление : учеб. пособие. - Харьков : Издательский центр «ХГУ», 1990. - 154 с.
3. Ярмаченко Н. Д. Педагогическая деятельность и творческое наследие А.С.Макаренко : кн. для учителя. - Киев : Издательский центр «Рад. шк.», 1989. - 191 с.
4. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. 4-изд. – Юрайт, М.:2000, С 145
5. Нестерюк Т.Е. Гимнастика маленьких волшебников. «ДТД», 1993.

Сатыбалдина Г.Б.
КШДС № 33, г. Караганды

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НА УРОКАХ ИСТОРИИ, КАК ВЕДУЩАЯ ТЕХНОЛОГИЯ УПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННЫМИ ИННОВАЦИОННЫМИ СИСТЕМАМИ

В современной системе образования инновационные методы играют большую роль в процессе образования. Одним из такого рода методов является - проектная деятельность учащихся. Как учитель – практик, который успешно внедряет данный метод, могу сказать, что он дает довольно-таки неплохие результаты. Дети получают не только знания, но и развивают навыки саморегуляции. Они начинают осознавать всю полноту своей ответственности за свое обучение и за тот проект, который они исследуют.

Являясь руководителем не одной проектной работы учащихся, могу с уверенностью отметить, развивая одну мысль учащиеся, путем догадок, исследования, расширяют круг данной темы, рассматривают ее в сопоставлении, учатся сравнивать и отбирать информацию. Таким образом, они синтезируют информацию, доказывают свои маленькие открытия и систематизируют работу. Не последнее место занимает и практическая часть работы. В данном ключе моя роль – советника, наблюдателя. Практически все мои учащиеся втянуты в проектную деятельность, каждый мой урок – исследование. Будь то урок изучения нового материала или урок повторения. На каждом уроке найдется ученик или группа учащихся, которым в качестве домашнего задания дается проект по заданной теме, конечно, само задание дается заранее. В условиях современного образования, где упор идет на оценивание по критериям, соответственно выстраивается определенная система оценивания, выстраиваются подмостки, на которые дети, опираясь, разрабатывают свои проектные работы.

Критерии оценивания в данном случае, разрабатываются совместными усилиями, ибо учащиеся же сами выстраивают для себя эти критерии, соответственно, чем сильнее учащиеся, там выше и критерии оценивания.

Например, сильная категория учащихся 6 класса предлагает следующие критерии оценивания по теме «Монгольское нашествие»:

1. Постановка цели
2. Ораторское искусство
3. Сравнительные анализ (в данном критерии можно сравнить с походами гуннов на Запад)
4. Вывод по рассмотренной теме
5. Оценивание в историческом аспекте.

Помимо этого, учащиеся проводят самооценивание, т.е. своего рода самоанализ. В данном случае, учащиеся говорят коротко о том, какую работу они проделали, с каким сложностями столкнулись, достигли ли поставленных целей и др.

Результативность таких уроков дает свои плоды: мои учащиеся уже на протяжении 4 лет являются участниками и дипломантами различного уровня научно – практических конференций – от городского до международного уровней. Т.е. оттачивание специальных навыков выступления, правильного конструирования проектных работ является одним из ключевых моментов моих занятий, где идет постоянное взаимодействие учителя и учащихся.

Таким образом возникает доверие, а значит и назревает новая тема проекта, которая уже относится к теме урока, а значит интересна самому ученику. Так в данном учебном году, в рамках курса «Краеведение», один из моих учащихся заинтересовался темой заселения Караганды, начал проводить свое исследование, изучил много интересных аспектов, вышел на генеалогию свей семьи и отлично защитил свой проект по данной теме на региональном уровне, заняв 1 место.

В предыдущем учебном году, учащиеся, изучая тему «Присоединение Казахстана к России» и «Восстание хана Кенесары», столкнулись с различного рода вопросами, которые они захотели рассмотреть самостоятельно, так как урочного времени для них оказалось недостаточно. Ими были затронуты интересные моменты, касающиеся патриархальности казахского общества, таким образом, две ученицы подготовили и защитили проект республиканского уровня на тему «Судьба женщин с именем Бопай», исследуя этот проект, девочки вышли на то, что казахские женщины - правительницы, имели весомое положение в обществе, даже будучи за спинами мужей, братьев и сыновей.

Самостоятельная работа эффективна лишь в том случае, если является элементом общей структуры урока. На моих уроках применяются такие формы работы с текстом, для успешной защиты мини - проекта:

1. Выпишите определения понятий, данные в учебнике; сравните их с определениями в словаре.

2. На основе параграфа (параграфов одной темы) составьте хронологическую таблицу (календарь событий).

3. Нанесите на контурную карту (покажите на карте) историко-географические объекты, которые упоминаются в тексте.

4. Составьте план параграфа (пункта параграфа).

5. Подберите примеры, раскрывающие основную идею текста параграфа,

подтверждающие главный вывод, иллюстрирующие теоретические выводы и т.п. и заполните конкретизирующую таблицу.

6. Составьте сравнительно-обобщающую таблицу по итогам сопоставления двух и более однородных фактов, изложенных в учебнике.

7. Изучите логику рассмотрения конкретного вопроса в учебнике истории и составьте логическую схему, раскрывающую ход рассуждения автора.

8. Цифровую информацию, данную в тексте параграфа, преобразуйте в график,статистическую таблицу или диаграмму.

9. Самостоятельно сформулируйте выводы по каждому пункту параграфа и

обобщающий вывод ко всему тексту.

10. Расскажите об историческом событии, изложенном в параграфе, от имени одного из его участников, в разговоре действующих лиц и т.д.

11. Проиллюстрируйте содержание параграфа или его части собственными рисунками.

12. Придумайте свои заголовки к параграфу и его подпунктам, свои вопросы и задания к ним.

Эффективно в данном русле и проведение так называемых «Музейных уроков». В данном ключе учащиеся учатся *грамотно описывать художественные артефакты по заранее разработанным критериям*. С этой целью выработан план мини-исследовательской работы по анализу произведения прикладного искусства:

- назови произведение искусства;
- укажи материалы, из которых оно сделано;
- предположи, кому могло принадлежать данное изделие?;
- какой художественный образ передал мастер?;
- назови несколько художественных особенностей изделия (необычная форма (какая);
- попробуй воссоздать форму (нарисуй, передай цвет и фактуру).

Выполненные учащимися проекты экспонируются в школьном музее: авторские макеты «Сакский Золотой человек», «Обряд захоронения царей в эпоху ржв»; прикладные работы «Артефакты Бесшатырского и Иссыкского памятника культуры», «Великое кочевье казахов по руководством Жанибека и Керея», «Вооружение сакских воинов», «Ювелирные изделия эпохи кочевников». Важно отметить, что темы проектных работ для учащихся непосредственно связаны с изучаемым материалом, но на более глубоком, творческом уровне. Выполненные проекты служат отличным дидактическим материалом для уроков, дополняют содержание учебника, тем самым

расширяя эрудицию учащихся и развивая интерес к гуманитарному знанию. В конце четверти с детьми проводится письменная *рефлексия*, например «Я изучаю историю…»: нравится ли тебе предмет история? (обоснуй свой ответ); какие темы тебя привлекли, почему?; как ты готовишься к урокам истории?; читаешь ли ты книги, какие?; какие цели в изучении предмета ты ставишь для себя на следующую четверть?

Думается, что предложенные проектно - методические идеи сделают преподавание истории интересным, творческим, успешным и результативным. Говоря словами нашего Президента Н.А. Назарбаева: «...У народа, который помнит, ценит, гордится своей историей, великое будущее. Гордость за прошлое, прагматичная оценка настоящего и позитивный взгляд в будущее – вот залог успеха нашей страны» [2].

Литература:

1. Назарбаев Н.А. «Семь граней Великой степи» [Электрон.ресурс]. – Режим доступа: http://www.akorda.kz/.
2. См. Там же.
3. Васильева З. И. Воспитание дисциплинированности и ответственности у школьников в учебном процессе : учеб. пособие. - Л. : Издательский центр «Ленинград.пед.ин-та», 1983. - 75с.

Саутбаева Г.А.
Қарағанды облысы білім басқармасының
«Зияткер» мамандандырылған мектеп интернаты

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ АҒЫЛШЫН САБАҚТАРЫНДА – ЖОБАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан -2050 старетегиялық бағдарламада бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек деп баса назар аударылып жазылған. Осы аталмыш талапқа сай ұрпақ өсіргіміз келсе, тынбай еңбек ету қажет.

Қазақстандық білім кеңістігінде ерекше орын алатын мәселе: бұл халақаралық қатынас тілі – ағылшын тілінің оқытылуы. Әрбір азамат, өз баласына, яғни келешек ұрпағына заман талабына сай жақсы білім беруге тырысады.

Білім беру жүйесіндегі модернизациялаулар жеке тұлғаның өздегінен әрекет етуі мен субъективтілігі маңызды болып саналады. Осыған орай білім алушы үшін ақпаратты өздігінен іздеу, талдау, тиімді қолдану қажеттілігі туындайды.

Менің тәжірибемдегі негізгі ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, белсенділіктерін және табысты білім алуларын ескере отырып білім алуға бағытталған, яғни «жаңартылған білім беруде ағылшын сабақтарында жобалау тапсырмаларының тиімділігі» тақырыбына арналады.

«Жоба» сөзі латынның «projectus» сөзінен алынып отыр. Ол алдыға лақтырылған деген мағынаны беріп, сөйлеуші, көзге түсуші, яғни бір объектінің, бір істің прототипі сияқты, осы іс-әркет жоба жасауға әкеледі. Жобалап оқыту іс-әрекеті арқылы алған білімін пайдаланып, шешім жолдарын түсінуге жетелейді.

Осы баяндаманы жазу барысында ағылшын тілі сабағында оқытудың түрліше жаңаша әдістеріне талдау жасадым. Американдық әдебиет көздерін пайдалана отырып түрлі зерттеу тапсырмаларын құрастырдым. Білім беру саласында ең соңғы ақпарат көздерімен жұмыс жасадым. Соның ішінде ерекше тоқталғым келіп отырғаны, және осы баяндаманы сіздерге ұсынуға түрткі болған мына әдіс туралы қысқаша айтқым келіп тұр.

«Пирсонның кәсіби дамуы» 21 ғасырға арналған оқытудың 21 түрлі ойлау дағдылары MiCOSA үлгісін ұсына отырып, ағылшын сабақтарын ерекше қалай өткізуге болады деген сұрақ туындады менде. Және осы американдық үлгілідегі оқу дағдысын ағылшын сабақтарында қалай қолдану керек, триз әдісі, арнайы бағдарламаларды ағылшын сабақтарында қолдануға болады деген түсінік қалыптастырдым.

Ағылшын сабақтарын оқытуда әдістер көп, бірақ сол әдіс-тәсілдерді пайдалану мақсатында мәселеге ойшыл және жауапты көтеру немесе мәселенің алдын алу үшін оқушыларды жауап

беруден, реакциясын көруден немесе өзара әрекеттесуден бұрын өздері көрген және естігенін бақылау үшін жан-жағына қарауды тоқтатып мен төмендегі пайдаланып жүрген әдістер нәтиже беретініне сенем.

Ағылшын сабақтарында әдіс-тәсілдерді дұрыс пайдалана білу арқылы оқушының ойлау көпірі дұрыс қалыптасқанда ғана сіздің сабақ берудегі мықты әдістеріңіз сізге көмек береді.

Ағылшын пәніндегі мына мықты стратегиялар және MiCOSA әдісі – оқушының ойлау көпірін, үй тапсырмасын қалай шешетіндігін және табысты сабақ болып жалғасуын ұстаздың сабақты алдын-ала жоспарлауымен, идеясымен байланыстырады.

Төменде ұсынып отырған әдіс-тәсілдер менің нәтижелі сабақтарымның қорытындысы.

Мен ағылшын пәнін өту барысында мына бағдарламаны қолданам. Ағылшын тілі сабақтарында тілді үйрену үшін сөздік қор жеткілікті болу керек. Ал ағылшын сабақтарында оқушылар жиі ағылшын сөздерді жатқа білсе, соншалықты тіл үйрену жеңіл болады. Мысалы мен ағылшын сабақтарында Ratatype бағдарламасы көмегімен сөз және бас әдісін қолданамын. Бұл бағдарламада сөздер шығып тұрады. Оқушылар секундқа жарысып, ағылшын тілді сөздерді, қазақ тіліне аударады.



Ағылшын тілі сабағында Ratatype бағдарламасымен жобалау тапсырмаларын құрастыру арқылы оқыту

Бұл бағдармала көмегімен топтық жоба, жеке жұмыстар жасауға болады.





Scratch бағдарламасы

Scratch бағдарламасы көмегімен оқушыға онлайн жоба құруға, белгілі бір тақырыпты алып жұмыс жасауға үлкен мүмкіндік береді.

Ағылшын пәнін оқыту мен оқу әрекетін ұйымдастыруда оқушылар мен үлкеннің біріккен әрекетінде, оқушының дербес әрекетінде, күн тәртібі барысында жүзеге асыруға болады.

Оқушыға – ағылшын тілін қарқынды сөйлеу қызметінің кезеңі сол себепті әрбір ТРИЗ бен оқу әрекеті – ұжымдық ойын, шын мәнінде, шығармашылық жұмыс, демек, өмірдің қуанышын қарқынды сезіну. Оқушының қуанышы ауадай қажет, ол күш қуатты арттырып, шығармашылық қабілеттің толық ашылуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1.Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Заңы

2.Смирнова С.А. «Педагогика. Педагогические теории, системы технологии» - Мәскеу, 2017.

3.Инновациялық концепциялар - «Қазақстан мектебі» №4, 2018.

4. С.Құлымбетова «Білім сапасын жақсартуға инновациялық технологияларын қолдану мүмкіндігі» - Білім, 2019

Сейткалиева М.Ж.

Балқаш қаласы, Абай атындағы №2 лицей

КІТАП - САРҚЫЛМАС РУХАНИ ҚАЗЫНА

(іс- тәжірибемен бөлісу)

Лицейіміздегі «Кітап - білім бұлағы» жобасы аясында жүргізілетін жұмыстардың барлығы дерлік оқушылардың кітап оқуға деген құлшынысын, қызығушылығын арттыруға бағытталады. Жобаны іске асыру барысында алдымен лицейіміздегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері ақылдаса отырып, «Оқуға міндетті 100 кітап» тізімі бойынша әр сыныптың оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты /орта, жоғары буын/ оқуға тиіс кітаптар тізімі жасалынды. (слайд 2)

Осы орайда, өзімнің оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында жүргізілген жұмысымның іс – тәжірибесімен бөлісуді жөн санадым. Былтырғы оқу жылында 5-сыныпта «READx» курсы жүргізілген болатын. «READx» курсының негізгі міндеті – 5 сынып оқушыларына «100 кітап» жобасы аясында оқуы тиіс шығармаларды оқыту болып табылды. Осыған орай, 5- сынып оқушылары «100 кітап» жобасы аясында оқушының деңгейі бойынша бөлініп берілген С.Бегалиннің «Бала Шоқан» әңгімесі, М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесі, С.Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» повестерін оқып, мазмұнын меңгерді.

Алдымен сынып 3 топқа бөлініп, 3 кітапты әр топ бөліп алды. Кейін әр топ басқа шығармаларды кезектесіп, ауысып оқыды. Бұл курсты жүргізу арқылы оқушылармен бірнеше жұмыстар жүргізілді.

Бірінші, оқушылар өздерінің мекен-жайлары орналасқан кітапханаға барып, сол кітапханаларға жазылды және өздері оқуға тиіс кітаптарды алып оқи бастады. Оқушылар осы кітаптарды оқу керек екендігін біліп, сол кітапты қосымша сабаққа алып келу үшін өздерінің мекен-жайларында орналасқан кітапханаларға барып жазылды және осы кітаптарды жазғызып алып оқыды. (слайд 3)

Екінші, оқушылар сол кітапханада өткен іс-шараға белсене қатыса бастады. Мысалға, Балқаш қалалық кітапхананың №1 филиалында өткен Ж.Аймауытовтың 130 жылдығына арналған «Қаламгердің сан қыры» даналық баспалдағы атты іс-шараға сыныптың оқушыларымен бірге өзім де барып қатыстым. Бұл да оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарының оятуының бір жолы деп есептеймін. Кейін де осы кітапхананың жетекшісімен байланыса отырып, оқушылар басқа да іс-шараларға барып қатысып отырды. (слайд 4, 5)

Үшінші, жаңа мағынаны ашу сатысы. Оқушылар оқыған кітаптары бойынша кітап моделдерін жасады, оны сабақ барысында көрсетіп, талқыға салды, оқыған шығармалары бойынша аннотация жазып, оқып, сабақ барысында талқыға салды.

Төртінші, осы курс барысында оқушылармен «Оқырман күнделігі» жүргізілді. Ол жерде берілген сұрақтарға жазбаша түрде жауап беріп, бір-бірімен пікір алмасты. (Кейін оқыған шығармалары бойынша да оқырман күнделігін толтырды.)

(слайд6)

Сұрақтар:	
1	Осы әңгіме / кітап саған несімен ұнады?
2	Ең қызықты жерін айтып берші?
3	Сен өзің қай кейіпкерге ұқсағың келеді?
4	Бұл кітаптан /әңгімеден қандай тәрбиелік ой түйдің?
5	Бұл әңгіме / кітап өмірмен байланысты ма?
6	Бұл кітаптан / әңгімеден адамдар нені үйренеді деп ойлайсың?
7	Қандай жаңа немесе жақсы сөздерді үйрендің?
8	Егер оқыған шығармаңыздың авторын өмірден кездестірсеңіз не айтар едіңіз немесе нені сұрап білер едіңіз?
9	Сен өзіңді қай кейіпкерге ұқсатасың? Неліктен?
10	Өз тарапыңнан кітапты/ әңгімені қалай аяқтаушы едің?

Ербасын Нұрай мен Мақсұт Ажардың оқыған шығармалары бойынша «Оқырман күнделігі» (слайд 7)



«Оқырман күнделігі»

Шығарманың аты: Сағырғанш Ғиғалим „Ғаза Шоқан"

Сұрақтар:	
1	Осы әңгіме/ кітап саған несімен ұнады? Бұл кітап маған ұнады. Ол бізге қазақтың Ғаза Шоқан мен Мүсіпші Мысық туралы
2	Ең қызықты жерін айтып берші? Маған „Мүсіпші Мысық" деген ең алғашқы бөлімі ұнады. Бұл жерде сары бала Ғаза деп Шоқан кездеседі, Мысық мүсіндерін көрсетеді.
3	Сен өзің қай кейіпкерге ұқсағың келеді? Мен мүсіпші Мысыққа ұқсағым келеді. Ол сиқырлы мүсіндер жасағанын келеді.
4	Бұл кітаптан/әңгімеден қандай тәрбиелік ой түйдің? Ортамыздағы адамдарға, жанашырлыққа, ұқыпты бірлікке үйрету.
5	Бұл әңгіме/ кітап өмірмен байланысты ма? Иа, себебі бұл кітап Шоқан Уәлихановтың өмірі туралы жазылған.
6	Бұл кітаптан/ әңгімеден адамдар нені үйренеді деп ойлайсың? Бұл кітаптан адамдар жанашыр болуды, ұқыпты бірлік болуды, өнерге деген қызығушылықты үйренеді
7	Қандай жаңа немесе жақсы сөздерді үйрендің? Мүсін, өзбіре, сиқыр т.б.
8	Егер оқыған шығармаңыздың авторын өмірден кездестірсеңіз не айтар едіңіз немесе нені сұрап білер едіңіз? Ғаза Шоқан мен мүсіпші Мысық туралы таныда қызықты мәліметтерді алмалауда сұрауға едім.
9	Сен өзіңді қай кейіпкерге ұқсатасың? Неліктен? Мен өзімді сары балаға ұқсата аламын. Себебі, мен сол сияқты ерлік істер істеуге тырысамын.
10	Өз тарапыңнан кітапты/ әңгімені қалай аяқтаушы едің? Сары бала анадағы мүсіпші атанады.



«Оқырман күнделігі»

Шығарманың аты: Нұрғиса Тілепов „Бір шоқтың бауыры"

Сұрақтар:	
1	Осы әңгіме/ кітап саған несімен ұнады? Бұл кітаптың ұнады. Ол бізге сонымен қоса адамдық дала туралы баяндады.
2	Ең қызықты жерін айтып берші? Ең қызықты жерлерінің бірі Ақмырзаның Ақмырзаны ұстап, Ақмырзаны тірі ұстап жатыр.
3	Сен өзің қай кейіпкерге ұқсағың келеді? Ақмырза сияқты ержүрек
4	Бұл кітаптан/әңгімеден қандай тәрбиелік ой түйдің? Адамгершілік, ынтымақтастық, мейірімділік. Адамдардың бірлігін - ел ынтымақ болмақшы.
5	Бұл әңгіме/ кітап өмірмен байланысты ма? Иа, себебі ол біз өмір сүрген кезде.
6	Бұл кітаптан/ әңгімеден адамдар нені үйренеді деп ойлайсың? Адамгершіліктен, ынтымақтастықтан, адамгершіліктен, достықтан. Адамдардың бірін-бірімен ол сол достық арқылы ынтымақтасады.
7	Қандай жаңа немесе жақсы сөздерді үйрендің? Сарбаз, мылтық, тілше, ұстаз.
8	Егер оқыған шығармаңыздың авторын өмірден кездестірсеңіз не айтар едіңіз немесе нені сұрап білер едіңіз? Алмасыңды бізге ұқсаса ол шығармаңды бізге арнаған ол кездегі өмірімізді
9	Сен өзіңді қай кейіпкерге ұқсатасың? Неліктен? Ақмырза алмасымын
10	Өз тарапыңнан кітапты/ әңгімені қалай аяқтаушы едің? Бұрыс шешім шығарып едім.

Осы курс нәтижесінде:

- Оқушы мен кітапхана арасында байланыс орнады;
- *Кейбір оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтары арта түсті;*
- *Көркем шығармалардың мазмұнын айту барысында оқушылардың тыңдалым, айтылым дағдылары қалыптасты;*
- *Сұрақ қоя білуді үйренді;*
- Уақытты бос нәрсеге емес, пайдалы жағына жұмсауды үйренді;
- Әдеби талдау, сыни ойлау қабілеттеріне ие болып, шығармашылық ізденіске қадам басты.

Қорытынды:

- *Егер, оқушылар кітап оқуды қолға алса, қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес меңгеруі тиіс оқу дағдыларына, яғни, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары бойынша берілетін БЖБ мен ТЖБ тапсырмаларын жақсы орындауға ықпалын тигізер еді;*
- *«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, ата – ана мейлінше үйіне кітап жиюға құмар болып, демалыс күндері баласымен бірге кітапханаға жиі барып тұрса, әрі соларды баласына оқытуға қам жесе, еңбегі еш кетпей, баланың да кітап оқуға деген қызығушылығы артар еді.*

Данышпан Абай атамыз «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», деп кітаптың құндылығы, құдіреттілігі туралы өз заманында-ақ терең ойларын айтып, адамзат білуге тиіс ілім-білімнің сарқылмайтын бұлағы осы кітапта екендігін айтқан болатын. Биылғы жылы туғанына 1150 жыл толған Ислам әлемінің ұлы ғұламаларының бірі, батыс пен шығысты қатар мойындатқан Әбу Насыр әл-Фарабидің өзі әміршінің қойған сұрағына берген жауабында: «Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, сонсоң айтып берейін»,- демекші, жастар – елдің ертеңі, олардың жасампаздыққа ұмтылысы, білім шыңына өрмелеп, елге қосар үлесі – жарқын болашақ кепілі. Осы жастарымыздың рухани сауаттылығы мықты болса, ұлтымыздың ұлағаттылығы мәңгі сақтала бермек.

Смаилова Ж.Ш.
Жезқазған қаласы,
№8 гимназиясы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сабақты зерттеу – кәсіби білім алу үдерісі. Мұғалімдер оқыту мен оқу үдерісінің белгілі бір қырларын жетілдіруге бағытталған арнайы педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың оқуына және прогресіне назар аударады. Сабақты зерттеу білім және тәжірибе алмаса отырып, кәсіби қоғамдастық құруға септігін тигізетін мұғалімдердің бірлескен жұмысын зерделеуді көздейді (Курамото, 2014) Сабақты зерттеу тәсілі оқыту мен оқуды жетілдіру саласында ғана емес, сонымен қатар педагогикалық білімді жетілдіру, оқу бағдарламасы мен оқытуды құрылымдау, мектепті басқару және т.б. салаларда да жүргізілуі мүмкін (Курамото, 2014). Сонымен қатар сабақты зерттеу жеке шара ретінде емес, күнделікті жұмыстармен, мәселен, жаңа оқу бағдарламасын енгізу, белгілі бір саладағы оқыту тәжірибесін жетілдіру, ұзақ мерзімді жоспарлаумен бірге ықпалдастырылып жүргізілгенде анағұрлым тиімді болмақ (Lewis, Hurd, 2011).

Мен "Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу" курсын аяқтап қазірде мектеп тренерімін. Зерттеу тақырыбым "Топтық жұмыс арқылы оқушылардың өздігінен реттелуін қалыптастыру". Осы тақырыпты алудағы себептердің бірі, әріптестерімнің сабақтарын зерделеу, зерттеу нәтижесінен әріптестерімнің балалармен күнделікті сабақта топпен жұмыстың жүргізілу әлсіздігін және оқыту мен оқудағы топтық жұмысқа өз деңгейінде мән бермейтіндігін анықтадым. Осы істі жандандыру нәтижесін шығару керек деген ой түйдім.

Осы тақырыпты жүзеге асырудағы мақсатқа жетер жолдағы қадамдарымды былайша топтастырдым:

1) оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді топтық жұмыста ұйымдастыру және кері байланыс алу арқылы оқушылардың сыни ойлауына мүмкіндіктер туғызу негізінде ең басты мәселе оқушылардың көп біліп, алған білімдерін орынды жерде қолдануын қамтамасыз етемін;

2) сапалы оқыту үшін АКТ-ны қолданып, стратегиялар арқылы қалай оқу керектігін үйретуде мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсету арқылы әріптестерімнің де өзгеруіне жол ашып, олардың табысты оқытатын құзырлы мұғалім болуларына ықпал етемін;

3) топтық жұмыс негізінде балалардың өзіндік реттелуіне оңтайлы ортаны кәсіби қоғамдастық шеңберінде құру арқылы қиындатылған түрлі бағыттағы жағдаяттық тапсырмалар жасау арқылы жекелеген қажеттіліктерді (инклюзивті оқыту) қанағаттандырамын.

4) мектеп мәдениетін дамыту және мұғалімдер қоғамдастығындағы "көпіршелер" арқылы барлық әріптестеріме қолдау көрсетемін деген тұжырымға келдім.

Бұл міндеттерді шешудің жұмыс әдістеріне тоқталсам; оқыту үшін бағалау, диалогтік оқыту, тәжірибе туралы рефлексия, коучинг пен тәлімгерлік, "Сабақты зерттеу", іс-әрекетті зерттеу, мектеп көшбасшылығы, яғни кәсіби қауымдастық жұмысына атсалысу. Ал жұмыс құралдары: АКТ-ны қолдану, өзін-өзі және өзара бағалау, орта мерзімді жоспарлау және бағалау, коучинг пен тәлімгерлік жоспары, зерттеу жұмысы, жалпы жұмыс жоспары.

Жалпы өздігінен реттелетін оқудың үш элементі аса маңызды болып табылады (Perry et al,2002)

- тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы;
- оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы;
- проблеманы шешу мен мақсатқа жету үшін әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы.

Таңдалып алынған тапсырмалар өзін-өзі реттеу тәсілдерін жүзеге асыруға ықпал етуі қажет. Өздігінен реттелу тапсырмаға қызығушылықтың неғұрлым жоғары деңгейіне өтуге ықпал етеді Менің тақырыбым "Топтық жұмыс арқылы оқушылардың өздігінен реттелуін қалыптастыру" болғандықтан мән мәтінге сәйкес "Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушының өздігінен реттелуін қалыптастыра аламыз ба?", "Мұғалім көшбасшылығы мен рефлексиясы негізінде оқыту мен оқуды жақсарту", "Сабақты зерттеу" тақырыптарына коучингтер өткізіп, сабақта жиі кездесетін проблеманы шешу мұғалімдер арасында 6 сынып бойынша фокустік топ құрдық. Зерттеу сабағы қарапайым идея болып табылады. Егер сіз оқытуды жақсартқыңыз келсе, онда басқа мұғалімдермен бірге жұмыс істеу-жоспарлау, бақылау және сабақ бойынша ой жүгіртудің қаншалықты маңызды екені анық емес пе? (Lewis, 2002)

Топтың негізгі зерттеу тақырыбын: «6"б" сынып оқушыларының қабілеттерін ескере отырып, терең білім алуына жағдай жасау» деп таңдап алдық. Бұл тақырыпты таңдау себебіміз біздің алдымыздағы әр оқушының қабілеті, дарындылығы әр түрлі екені белгілі және олардың терең білім алуына жағдай жасағымыз келді. Сонымен қатар сабақ барысында үлгерімі төмен оқушылар көп жағдайда тапсырмаларды орындап үлгере алмай қалады немесе қате орындайды, міне, біз осы мәселені шешу үшін зерттеу жұмыстарын жүргіздік:

- әрбір оқушы пәнді түсінуді қалай құрылымдау қажеттігін ойластыра білетінін сезінетін, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірбиесін қалыптастыратын, сондай ақ оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын өрістету мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орнату;

- оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін, өзі мен оқушыларының бұл өлшемдерге қандай дәрежеде сәйкес келетіндігін білетін, оқушылардың игерген білімі мен оқушылар мойындаған «Біз қайда бара жатырмыз?», «Қандай іс әрекет жасау керек?», «Одан әрі не істеу керек?» деген сияқты табыстылық өлшемдері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екенін білу.

Зерттеу барысында мен үш сабақ өткіздім және оны келесі сабақтардан байқауға болады. Бірінші сабақта «Сен маған, мен саған» әдісін қолдандым және осындай диалогты оқытуда сұрақ қоюға үлкен мән беріледі. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады (МАН III, 38 бет) «Джиксо» әдісінде, «Фрейер» әдісінде, сабақта саралау тапсырмаларын орындағанда яғни «оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу»,

рефлексия алу мақсатында «ҚҚҚ» кестесін қолдандым және «оқу үшін бағалау және оқуды бағалауға» сәйкес келетіндігін байқаймыз.

Екінші сабақтың басында миға шабуыл кезінде «Үштік» әдісін қолдандым, ал сабақта топтық жұмыс барысында «Ойлан, жұптас, бөліс әдісі», сабақты қорытындылау мақсатында «Тұжырымды ой» әдісін қолдандым, сабақтағы деңгейлік тапсырмалар яғни саралау тапсырмалары «талантты және дарынды балаларды оқытуға» сәйкес келіп тұрғандығын байқаймыз, сабақты қорытындылау кезінде «Нысана» кестесін қолдандым, бұл кесте оқушылардың бүгінгі сабақта не қызықты? не үйрендім? не білдім? менің ойымша деген сұрақтарға жауап беру арқылы сабаққа рефлексия береді, ол маған келесі сабақты жоспарлау мақсатында және оқушылардың оқу мақсатына қаншалықты қол жеткізгендігін анықтау үшін қажет болды.



Үшінші сабақ қорытынды сабақ болғандықтан сабақтың басында оқушылардың теориялық білімдерін еске түсіру мақсатында «Сен маған, мен саған» әдісін қолдандым, екінші «сын тұрғысынан ойлауға үйтету» мақсатына негіздеп, зерттеу тапсырма құрастырдым, бұл тапсырманы оқушылар күнделікті өмірдегі құбылыстармен байланыстыра отырып орындауы қажет, бұл жерде, айта кету керек, оқушылардың мәліметтерінде кейбір жерлерде кемшіліктер болды. Бірақ мен олардың ойларын толық аяқтап болғанша, оларға кедергі жасамауға тырыстым. Себебі оқушыларды тоқтатып, олардың ойына қарсы пікір айтып, көп ескертулер жасау диалогтың дұрыс жүруіне кедергісін тигізеді. Ал қателіктерді сұрақтар қою арқылы түзетуге талпындым және қойылған сұрақтар мейлінше ашық, проблемалық болуына көп назар аудардым. Себебі ойланататын сұрақтар оқушыларды сыни ойлауға, яғни қарастырып отырған құбылысты талдай білуге, салыстыруға, болжау жасауға бағытталған. Тапсырманы орындағаннан соң оқушылар өзін-өзі және өзгені тапсырмаға сәйкес құрылған дескриптор арқылы бағалады. Қорытындылай келе, сабақты зерттеу тобының зерттеу нәтижесі бойынша әріптестеріммен бірге әр тапсырмаға сай дескрипторлар мен бағалау критерийлері құрастырылды, сол дескрипторлар бойынша бақылауға жауапты мұғалімдер А В С деңгейіндегі оқушыларды сабақ барысында бақылап, олардың жұмысты орындау ретін қадағалап, тіркеп отырды. Осы бақылаулар келесідей қорытындылар жасауға себеп болды Сұрақ-жауап түрінде өткізелітін сабақ кезеңдері барлық деңгей оқушыларының белсенді қатысуын көрсетті, Синтез, талдауды қажет ететін сұрақтар А деңгейі оқушыларында үлкен қызығушылық тудырмады.

Есептерді жеке орындау А тобы оқушылары үшін қиындық тудырды, бұл олардың жеке жұмыс жасауға сенімсіздігінің салдары деп есептейміз.Топтық жұмыс барысында А тобы оқушылары белсенділігі артты.Тәжірибелік жұмыс барысында А тобы оқушылары белсенділігі төмен болды, бұл олардың ғылыми зерттеу дағдыларының төмендігінен орын алуы мүмкін. Сол себепті келешек сабақтарға оқушыларда зерттеушілік қасиеттерді дамытуға бағытталған тапсырмаларды енгізу маңызды. Талдауды қажет ететін сұрақтар С деңгейі оқушыларында өте жақсы қызығушылық тудырды, сол себепті саралау кезінде оларға жоғары ойлау дағдыларын қажет ететін тапсырмаларды қарастыру керек. Осы сабақты зерттеуді жүзеге асыру арқылы мұғалімдер өздерінің педагогикалық тәжірибесін жетілдіре алады деп ойлаймын. Ал оқушылар сабақтағы іс-әрекеттерге белсене араласа отырып, өздерінің білімі мен белсенділігін көрсете білді. Соның нәтижесінде осы сыныптың сапа көрсеткіші артты. Оны мына кестеден көре аласыздар.

Білім сапасының көрсеткіші

тоқсан	I	II	III	IV
Сапа	32%	39%	46%	61%



Зерттеу сабағында мұғалім іс-әрекеті бойынша оқушылар қандай прогреске қол жеткізді. Топтық жұмыс қалай көмектесті немесе кедергі келтірді (екеуіде болуы ықтимал). Әр оқушының нәтижесін жақсарту үшін келесі жолы топтық жұмыстың қандай аспектілері түзетілуі керек, келесі жолы біз не істеуге тырысуымыз керек. Оқушылардың ой ұшқырлығы пайда болды, бір-біріне деген сенімі артты, оқушы өзінің топта орындалып жатқан жұмыстың маңызды екенін, өз үлесін қосып жатқанын сезінді, басқа топтардың жұмыстарын тыңдап, олардың мүмкіншіліктерін салыстырып анализ жасай алды, бақылаудың нәтижесінде өте тұйық және көшбасшы оқушылар анықталды. Оқушылардың көбі жаңа келгендіктен топта жұмыс істеу дағдылары жетіспеді, берілген уақытты тиімді пайдалана алмады, бағалау тәсілдерін қолданғанда оқушылар өзін-өзі объективті бағалай алмады.

Әр оқушының нәтижесін жақсарту үшін келесі жолы топтық жұмыстың қандай аспектілері түзетілуі керек. Сабақтың уақытын мөлшерлеу және уақытты бөлудің орындылығы. Өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау әдісін үнемі қолдану. Мұғалімнің әдістемелік шеберлігі, кері байланыс түрлері. Оқушылардың бағалау түрлерін жетілдіру, әр оқушының нәтижесін жақсарту үшін деңгейлік дифференциялау тапсырмаларын қарастыру, топтық жұмыстың критерийлерін үнемі сақтап отыру, оқушылардың бойында жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру, қалыптастыру әдіс-тәсілдерін қолдану.

Жаңадан пайда болады: "Бірігіп жұмыс істеуге оңай". Ортақ сұраныс, кері байланыс. Қиыншылықтарды бірге шешу. Рефлексивті практика. Мұғалімдер өзара педагогикалық тәжірибелерімен алмасады. Барлық іс-әрекет тек оқушыға бағытталады. Нақты жүйе пайда болады. Сонымен зерттеу нәтижелерін бірлесе талқылау барысында әріптестері ұсынған сындарлы кері байланыстың арқасында мұғалімдер өздерінің рефлексиялау және талдау дағдыларын жетілдіре алады. Сабақты зерттеу тәсілдері мұғалімдердің өзара ынтымақтастығын күшейтетінін атап өту маңызды. Үдеріс барысында бірлесіп жұмыс істеу мәдениеті қалыптасып, ол өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби дамуға ұмтылысын күшейтеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы. Оны жүзеге асыру

2. Іс-әрекеттегі зерттеу. Әдістемелік құрал/Аушева И.У., Ғабдоллақызы Б. редакциясымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012.

3. Іс-әрекеттегі зерттеу барысында деректермен жұмысты қалай ұйымдастыруға болады. Әдістемелік құрал/ Абдраманова Қ.С., Жансүгірова Ж.Д. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.

4. Педагогикалық ізденіс-Алматы: Рауан 2018

3. Мейірханова Н.А. Жаңа технология элементтерін оқыту үрдісінде пайдалану – мұғалімнің пәндік құзыреттілігінің басты шарты.

Табынбекова М.Ә.
Жамбыл атындағы мамандандырылған
мектеп-интернаты

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жаһандану процесінде көптеген мамандықтар жойылып, заманауи талапқа сәйкес жаңадан мамандық түрлері пайда бола бастады. Бұл орайда, біз болашақта нағыз қоғамға қажетті мамандарды дайындай аламыз ба? – деген сұрақ ойға келеді. Осыған орай ұстаздар қауымының алдында білім мазмұнын жаңарту идеясы аясында оқушыларымызды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, сандық технологияларда құзырлылық танытатын тұлға қалыптастыру талабы туындап отыр. Жоғары талапқа сәйкес жұмыс жасау үшін оқу іс-әрекетін – оқушының өзі басқара білу дағдысын қалыптастыру маңызды.

Виртуалды әлемге еніп келе жатқан жастардың білімді меңгеру қабілетін дамыту әрбір педагогті ойландыратыны сөзсіз. Осы себепті нәтижелі жұмыс жасау үшін сабақ мақсаттары оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, сабақ тақырыбы мен зерттеу сұрағына назар аударылып, сынып қарқыны ескеріле отырып, тапсырмалар уақыты көрсетіліп, SMART форматында құрылғаны жөн.

